Зерттеу жұмысы диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің ХБК-1,2,3,4 топтарына «Гравиметриялық анализдегі есептеулер» тақырыбы бойынша өткізілді.

Гравиметриялық анализде жиі қолданылатын формулалар

Гравиметриялық фактор (стехиометриялық фактор, түрлендіру факторы) F – стехиометриялық коэффициенттерін ескере отырып, анализденетін компоненттің молекулалық массасының гравиметриялық форманың молекулалық массасына қатынасы:

$$F = \frac{a \cdot M(X)}{b \cdot M(\text{ГФ})} \tag{1}$$

Мұндағы: F – гравиметриялық фактор (стехиометриялық фактор, түрлендіру факторы); $M(X)$ – анализденетін компоненттің молекулалық массасы, г/моль; $M(ГФ)$ – гравиметриялық форманың молекулалық массасы, г/моль; a,b – стеохиометриялық коэффициенттер.

Анализденетін компоненттің массасын m(X) есептеу:

$$m(X) = m(\text{ГФ}) \cdot F, \qquad F = \frac{a \cdot M(X)}{b \cdot M(\text{ГФ})} \tag{2}$$

$$m(X) = m(\text{ГФ}) \cdot \frac{a \cdot M(X)}{b \cdot M(\text{ГФ})} \tag{3}$$

Анализденетін компоненттің массалық үлесін x(X) есептеу:

$$\omega(X) = \frac{m(X)}{m(\text{үлгі})} \cdot 100\%, \qquad m(X) = m(\text{ГФ}) \cdot F \tag{4}$$

$$\omega(X) = \frac{m(\text{ГФ}) \cdot F}{m(\text{үлгі})} \cdot 100\%, \qquad F = \frac{a \cdot M(X)}{b \cdot M(\text{ГФ})} \tag{5}$$

$$\omega(X) = \frac{m(\text{ГФ}) \cdot a \cdot M(X)}{m(\text{үлгі}) \cdot b \cdot M(\text{ГФ})} \cdot 100\% \tag{6}$$

Мұндағы: *x*(*X*) – анализденетін компоненттің массалық үлесі, %. *m*(*ГФ*) – гравимет- риялық форманың массасы, г; *m* (үлгі) – үлгі массасы, г.

Тұндырғыш реагенттің көлемін есептеу $V_{тр}$:

$$V_{тр} = \frac{1{,}5 \cdot d \cdot M(\text{ТР}) \cdot m(\text{үлгі}) \cdot 100\%}{a \cdot M(X) \cdot \rho(\text{ТР}) \cdot \omega(\text{ТР})} \tag{7}$$

Сұйытылған сулы ерітінділердегі ($\omega < 5\%, C < 1$ моль/л) тұндырғыш реагенттің тығыздығы шамамен судың тығыздығына (1 г/см^3) тең деп алынады.

Мұндағы: $V_{тр}$ – тұндырғыш реагенттің көлемі, мл; 1,5 – тұндырғыш ерітіндісінің мөлшерін есептелген шамадан 1,5 есе көп алу керектігін көрсететін коэффициент (ұшқыш тұндырғыш-тар үшін бұл коэффициент 2); a, d –анализденетін компонент пен тұндырғыш реагент үшін тұндыру реакциясындағы коэффициенттер; $M(\text{ТР})$ – тұндырғыш реагенттің молекулалық массасы, г/моль; $\rho(\text{ТР})$ – тұндырғыш реагенттің тығыздығы, г/мл немесе г/см^3; $\omega(\text{ТР})$ – тұндырғыш реагенттің массалық үлесі, %.

Нәтижелері. Химия пәнінің оқытушысы сабақта студенттерге есептерді шешу жолдарын айтып, таңбалар мен шартты белгілердің жазылуын көрсетеді. Осы кезде, студенттерге математика және физика сабақтарынан алған білімдері қажет болады. Студенттерге химиялық есептерді шығарып үйретуде химия мен математика бірін – бірі толықтырушы ғылымдар болып табылады [11,669 б.].

Төменде «Гравиметриялық анализ» тақырыбы негізінде гравиметриялық фактор, үлгі массасын және анықталатын компоненттің массалық үлесін есептеу мысалдары бірнеше әдістермен келтірілген.

1-есеп. Сызбанұсқа бойынша анализденетін компонент фторид-иондарының гравиметрия-лық факторын есептеңіз: $F^- \rightarrow CaF_2 \rightarrow CaSO_4$

Шешуі.

Анализденетін компоненттің стехиометриялық сызбанұсқасы жазылады:

$$2F^- \rightarrow CaSO_4$$

Гравиметриялық фактор есептеледі:

$$F - \frac{2 \cdot M(F^-)}{M(CaSO_4)} - \frac{38}{136} - 0{,}2794$$

2-есеп. Анализге $0{,}3000$ г $BaSO_4$ тұнбасын алу үшін, құрамында 30% күкірті бар пирит FeS_2 үлгісінен қанша грамм алу қажет?

Шешуі.

Анализденетін компоненттің стехиометриялық сызбанұсқасы жазылады:

$$BaSO_4 \rightarrow S$$

Гравиметриялық фактор есептеледі:

$$F = \frac{M(S)}{M(BaSO_4)} = \frac{32}{233} = 0{,}1373$$

1-әдіс

Шойын үлгісінің масасы төмендегі формула бойынша анықталады:

$$m(\text{үлгі}) = \frac{m(BaSO_4) \cdot F}{\omega(S)} \cdot 100\% = \frac{0{,}3000 \cdot 0{,}1373}{30} \cdot 100\% = 0{,}1373 \text{ г}$$

2-әдіс

Анализденетін компонент күкірттің массасы есептеледі:

$$m(S) = m(BaSO_4) \cdot F = 0{,}3000 \cdot 0{,}1373 = 0{,}0412 \text{ г}$$

Масса белгілі болған соң шойын үлгісінің масасы табылады:

$$m(\text{үлгі}) = \frac{m(S)}{\omega(S)} \cdot 100\% = \frac{0{,}0412}{30} \cdot 100\% = 0{,}1373 \text{ г}$$

3-есеп. Массасы 0,5520 г үлгіден 0,2492 г $Mg_2P_2O_7$ алынса, магний сульфаты кристаллогидратындағы судың молекула саны нешеге тең?

Шешуі:

Анализденетін компоненттің стехиометриялық сызбанұсқасы жазылады:

$$MgSO_4 \cdot xH_2O \rightarrow Mg_2P_2O_7$$

1-әдіс

Үлгі мен анализденетін компонент массалары тең деп алынады. Анализденетін компонент массасын есептеу формуласы:

$$m(X) = m(\text{ГФ}) \cdot \frac{a \cdot M(X)}{b \cdot M(\text{ГФ})}$$

Анализденетін компонент массасын есептеу формуласы бойынша магний сульфаты кристаллогидратындағы судың молекула саны табылады:

$$M(X) = \frac{m(X) \cdot b \cdot M(\text{ГФ})}{a \cdot m(\text{ГФ})}$$

$$M(MgSO_4 \cdot xH_2O) = \frac{m(\text{үлгі}) \cdot b \cdot M(Mg_2P_2O_7)}{a \cdot m(Mg_2P_2O_7)}$$

$$M(MgSO_4 \cdot xH_2O) = \frac{0{,}5520 \cdot 1 \cdot 222}{2 \cdot 0{,}2492} = 246 \text{ г/моль}$$

$$M(MgSO_4 \cdot xH_2O) = 246 \text{ г/моль}$$

$$M(xH_2O) = 246 - M(MgSO_4) = 246 - 120 = 126 \text{ г/моль}$$

$$x = \frac{M(xH_2O)}{M(H_2O)} = \frac{126}{18} = 7$$

2-әдіс

Пропорция әдісі бойынша магний сульфаты кристаллогидратындағы судың молекула саны есептеледі. Анализденетін компоненттің молекулалық массасы магний сульфаты кристаллогидратының молеклалық массасынан 2 есе көп деп алынады:

$$m(MgSO_4 \cdot xH_2O) - m(Mg_2P_2O_7)$$

$$M(MgSO_4 \cdot xH_2O) - M(Mg_2P_2O_7)$$

$$0{,}5520\ \text{г} \quad 0{,}2492\ \text{г}$$

$$2 \cdot (120 + 18x)\ \text{г/моль} - 222\ \text{г/моль}$$

$$0{,}2492 \cdot 2 \cdot (120 + 18x) = 0{,}5520 \cdot 222$$

$$120 + 18x = \frac{0{,}5520 \cdot 222}{0{,}2492 \cdot 2}$$

$$18x = 246 - 120$$

$$x = \frac{126}{18} = 7$$

4-есеп. $1{,}5\ \text{г}\ MgO$ еріту үшін массалық үлесі $15\%\ HCl$ $(\rho = 0{,}99853\ \text{г/см}^3)$ ерітіндісінің қандай көлемі қажет?

Шешуі.

Химиялық реакция теңдеуі жазылады:

$$MgO + 2HCl = MgCl_2 + H_2O$$

Магний оксидінің зат мөлшері анықталады:

$$n(MgO) = \frac{m(MgO)}{M(MgO)} = \frac{1{,}5}{40} = 0{,}0375\ \text{г}$$

Магний оксидінің зат мөлшері бойынша тұз қышқылының зат мөлшері есептеледі:

$$n(HCl) = 2 \cdot n(MgO) = 2 \cdot 0{,}0375 = 0{,}0750\ \text{моль}$$

Тұз қышқылының зат мөлшері бойынша массасы табылады:

$$m(HCl) = n(HCl) \cdot M(HCl) = 0{,}0750 \cdot 36{,}5 = 2{,}7375\ \text{г}$$

1-әдіс

HCl массасы бойынша ерітінді массасы табылады:

$$m\ (\text{ер}\quad \text{ді}) = \frac{m(HCl)}{\omega(HCl)} \cdot 100\% = \frac{2{,}7375}{15\%} \cdot 100\% = 18{,}25\ \text{г}$$

Табылған ерітінді массасы бойынша көлемі есептеледі:

$$V - \frac{m(\text{ер} - \text{ді})}{\rho} - \frac{18{,}25}{0{,}99853} - 18{,}28\ \text{см}^3$$

2-әдіс

HCl еріген зат массасы бойынша ерітінді көлемі табылады:

$$m\ (\text{ер} - \text{ді}) = \frac{m(HCl)}{\omega\ (HCl)} \cdot 100\%, \quad m\ (\text{ер} - \text{ді}) = V \cdot \rho$$

$$V \cdot \rho = \frac{m(HCl)}{\omega(HCl)} \cdot 100\%$$

$$V - \frac{m(HCl)}{\omega(HCl) \cdot \rho} \cdot 100\% - \frac{2{,}7375}{15\% \cdot 0{,}99853} \cdot 100\% - 18{,}28\ \text{см}^3$$

5-есеп. Құрамында $0{,}6452$ г $MnSO_4 \cdot 4H_2O$ ерітіндіде Mn^{2+} толық тұндыру үшін массалық үлесі $4\%\ Na_2HPO_4$ ерітіндісінің қандай көлемі қажет?

Шешуі:

Химиялық реакция теңдеуі жазылады:

$$2MnSO_4 + (NH_4)_2SO_4 + 2Na_2HPO_4 = 2MnNH_4PO_4\downarrow + 2Na_2SO_4 + H_2SO_4$$

Тұндырғыш реагенттің көлемі төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$V_{тр} = \frac{1{,}5 \cdot d \cdot M(Na_2HPO_4) \cdot m(үлгі) \cdot 100\%}{a \cdot M(MnSO_4 \cdot 4H_2O) \cdot \rho(Na_2HPO_4) \cdot \omega(Na_2HPO_4)}$$

Бұдан,

$$V_{тр} = \frac{1{,}5 \cdot 2 \cdot 142 \cdot 0{,}6452 \cdot 100\%}{2 \cdot 223 \cdot 1{,}0000 \cdot 4} = 15{,}40 \text{ мл}$$

6-есеп. Егер $PbSO_4$ түрінде қорғасынды (тұнба массасы 0,5000 г) және SnO_2 түрінде қалайыны (тұнба массасы 0,2000 г) анықтаса, бұл элементтерді анықтау үшін құрамында 65% Pb және 15% Sn бар үлгілердің массасы қандай?

Шешуі:

Аализлизденетін компоненттердің стехиометриялық сызбанұсқасы жазылады:

$$PbSO_4 \rightarrow Pb$$

$$SnO_2 \rightarrow Sn$$

1-әдіс

Қорғасын мен қалайының гравиметриялық факторлары есептеледі:

$$F - \frac{M(Pb)}{M(PbSO_4)} - \frac{207}{303} - 0{,}6832$$

$$F = \frac{M(Sn)}{M(SnO_2)} = \frac{119}{151} = 0{,}7881$$

Анализденетін компонент қорғасын мен қалайының массасы есептеледі:

$$m(Pb) = m(PbSO_4) \cdot F = 0{,}5000 \cdot 0{,}6832 = 0{,}3416 \text{ г}$$

$$m(Sn) = m(SnO_2) \cdot F = 0{,}2000 \cdot 0{,}7881 = 0{,}1576 \text{ г}$$

Қорғасын мен қалайы үшін үлгі массасы жеке-жеке есептеледі:

$$m_1(үлгі) = \frac{m(Pb)}{\omega(Pb)} \cdot 100\% = \frac{0{,}3416}{65\%} \cdot 100\% = 0{,}5255 \text{ г}$$

$$m_2(үлгі) = \frac{m(Sn)}{\omega(Sn)} \cdot 100\% = \frac{0{,}1576}{15\%} \cdot 100\% = 1{,}0508 \text{ г}$$

2-әдіс

Анализденетін компонент қорғасын мен қалайының массасы есептеледі:

$$m(Pb) = m(PbSO_4) \cdot \frac{M(Pb)}{M(PbSO_4)} = 0{,}5000 \cdot \frac{207}{303} = 0{,}3476 \text{ г}$$

$$m(Sn) = m(SnO_2) \cdot \frac{M(Sn)}{M(SnO_2)} = 0{,}2000 \cdot \frac{119}{151} = 0{,}1576 \text{ г}$$

Қорғасын мен қалайы үшін үлгі массасы жеке есептеледі:

$$m_1(үлгі) = \frac{m(Pb)}{\omega(Pb)} \cdot 100\% = \frac{0{,}3416}{65\%} \cdot 100\% = 0{,}5255 \text{ г}$$

$$m_2(үлгі) = \frac{m(Sn)}{\omega(Sn)} \cdot 100\% = \frac{0{,}1576}{15\%} \cdot 100\% = 1{,}0508 \text{ г}$$

3-әдіс

Анализденетін компонент қорғасын мен қалайы үшін үлгі массасы жеке-жеке есептеледі:

$$m_1(\text{үлгі}) = \frac{m(PbSO_4) \cdot M(Pb)}{\omega(Pb) \cdot M(PbSO_4)} \cdot 100\% = \frac{0{,}5000 \cdot 207}{65\% \cdot 303} \cdot 100\% = 0{,}5225 \text{ г}$$

$$m_1(\text{үлгі}) = \frac{m(SnO_2) \cdot M(Sn)}{\omega(Sn) \cdot M(SnO_2)} \cdot 100\% = \frac{0{,}2000 \cdot 119}{15\% \cdot 151} \cdot 100\% = 0{,}1576 \text{ г}$$

7-есеп. Анализ үшін алынған массасы 0,2466 г үлгіні өңдегеннен кейін массасы 0,2675 г болатын $AgCl$ тұнбасы алынды. Құйма құрамындағы күмістің массалық үлесі (%) қандай?

Шешуі:

Аализлизденетін компоненттің стехиометриялық сызбанұсқасы жазылады:

$$AgCl \rightarrow Ag$$

1-әдіс

Гравиметриялық фактор есептеледі:

$$F = \frac{M(Ag)}{M(AgCl)} = \frac{108}{143{,}5} = 0{,}7526$$

Анализденетін компонент күмістің массасы есептеледі:

$$m(Ag) = m(AgCl) \cdot F = 0{,}2675 \cdot 0{,}7526 = 0{,}2013 \text{ г}$$

Анализденетін компонент күмістің массалық үлесі есептеледі:

$$\omega(Ag) = \frac{m(Ag)}{m(\text{үлгі})} \cdot 100\% = \frac{0{,}2013}{0{,}2466} \cdot 100\% = 81{,}64\%$$

2-әдіс

Анализдентін компонент күмістің массасы есептеледі:

$$m(Ag) = m(AgCl) \cdot \frac{M(Ag)}{M(AgCl)}$$

$$m(Ag) = 0{,}2675 \cdot \frac{108}{143{,}5} = 0{,}2013 \text{ г}$$

Анализденетін компонент күмістің массалық үлесі есептеледі:

$$\omega(Ag) = \frac{m(Ag)}{m(\text{үлгі})} \cdot 100\% = \frac{0{,}2013}{0{,}2466} \cdot 100\% = 81{,}64\%$$

3-әдіс

Анализденетін компонент күмістің массалық үлесі есептеледі:

$$\omega(Ag) = \frac{m(AgCl) \cdot M(Ag)}{m(\text{үлгі}) \cdot M(AgCl)} \cdot 100\% = \frac{0{,}2675 \cdot 108}{0{,}2466 \cdot 143{,}5} \cdot 100\% = 81{,}64\%$$

Талқылау. Педагогикалық университетте аналитикалық химия негізгі химиялық пәндерге жатады, оны оқу химиктің болашақ мамандығына қарамастан жалпы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады [12,5 б.]. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру ғылыми- практикалық мәселелерді шешудің теориялық негіздері мен анализдің жаңа әдістерін әзірлеу негізінде жүзеге асады. Студенттер дәрістерден алған білімдерін зертханалық жұмыстарда қолданып, есептер шығару арқылы бекітеді. Есептерді шығару кезінде оңайдан қиынға өту студенттердің сыни ойлау мен аналитикалық ойлауын, ақыл-ой әрекеттерін арттырып, оқу- танымдық және зерттеушілік қабілеттерін дамытады [13, 2320 б.]. Сонымен, екінші курста "Аналити-

калық химия" пәнін оқуды бастаған кезде студенттерде жалпы және бейорганикалық химия, органикалық химия бойынша базалық білімдері болады. Сондықтан, студенттер аналитикалық химиядан есептерді шығаруда бейорганикалық әдістерге көбірек сүйенеді.

Қорытынды. Мақалада бірнеше әдістерді қолданып, студенттерге «Гравиметриялық анализ» тақырыбы негізінде гравиметриялық фактор, үлгі массасы және анықталатын компоненттің массалық үлесін есептеу мысалдары келтірілген. Болашақ педагогтер тек химияны меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар, есептер шығару арқылы физикадан, математикадан алған білім деңгейін қолдана білуді талап етеді. Сонымен қатар, химия курсындағы есептеу тапсырмаларды орындау арқылы көптеген функцияларды орындайды. Атап айтқанда, студенттерге пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сабақта алынған ақпаратты бекітуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Суханкина Н.В. Проектирование инновационных образовательных программ химического образования на современном этапе развития высшей школы: Монография / Н.В. Суханкина, Н.В. Соловова, О.Ю. Калмыкова, И.Б. Костылева, О.В. Лаврентьева. – Самара, 2013. – 326 с.

2. Суханкина Н.В. Развитие национальных систем университетского химического образования в условиях современной европейской интеграции: Монография / Н.В. Суханкина. – Минск: ИВЦ Минфина, 2010. – 123 с.

3. Суханкина Н.В. Особенности отбора содержания учебной дисциплины «Аналитическая химия» при подготовке учителей химии в педагогическом университете / Н.В. Суханкина // Вестник Самарского государственного технического университета. – 2015. – С. 198-205.

4. Безрукова Н.П. Теория и практика модернизации обучения аналитической химии в педагогическом вузе: Монография / Н.П. Безрукова. – Красноярск: РИО КГПУ, 2004. – 196 с.

5. Вершинин В.И. Аналитическая химия: учеб. для студ. учреждений высш. проф. образования / В.И. Вершинин, И.В. Власова, И.А. Никифорова. – Москва: Академия, 2011. – 448 с.

6. Суханкина Н.В. Актуальные проблемы преподавания аналитической химии в педагогическом вузе / Н.В. Суханкина // Актуальные проблемы химического образования в средней и высшей школе. – 2013. – С. 266-268.

7. Яхшиева З.З., Сманова З.А., Султонов М.М. Аналитическая химия: учебное пособие /З.З. Яхшиева, З.А. Сманова, М.М. Султонов. – Ташкент: «Go To Print», 2020. – 344 с.

8. Суханкина Н.В. Взаимосвязь содержания школьных и вузовских курсов химии при подготовке учителя химии / Н.В. Суханкина, О.М. Травникова // Актуальные проблемы химического и экологического образования: сб. научн. трудов. – СПб., 2012. – С. 321–324.

9. Быстряков В.П. Проблемы и перспективы повышения качества и эффективности практико-ориентированной подготовки специалистов педагогической специальности «биология и химия» по аналитической химии / В. П. Быстряков // Высшая школа: проблемы и перспективы. – 2019. – С. 16-18.

10. Быстряков В.П. Учебная литература по химии для университетов: какой ей быть / В. П. Быстряков // Актуальные проблемы химического образования в средней и высшей школе. – Витебск : ВГУ имени П. М. Машерова, 2016. – С. 200–202.

11. Битуреева Ж.Н., Сагимбаева А.Е. Педагогикалық ЖОО-да «Сандық анализ» пәнін оқытудың өзекті мәселелері / Ж.Н. Битуреева, А.Е. Сагимбаева // «Жастар, ғылым және инновация» атты XIX халықаралық ғылыми конференциясы. – 2023. – 668-669 б.

12. Yulina I.K., Permanasari A., Hernani H., Setiawan W. Analytical thinking skill profile and perception of pre service chemistry teachers in analytical chemistry learning // Journal of Physics:

Conference Series. – 2019. – Volume 1157(4). – Pp. 1-7. https://doi7org/10.1088/1742-6596/1157/4/042046

13. Michelle L.K., Betty C.G., Peter J.M., Daniel A.Mc., Aren E.G., Steven M.C., Marjorie E.S. Survey of the undergraduate analytical chemistry curriculum // Journal of Chemical Education. – 2022. – Vol. 99 (6). – Pp. 2317-2326.

References:

1. Sukhankina N.V. Designing innovative educational programs of chemical education at the present stage of higher school development: Monograph / N.V. Sukhankina, N.V. Solovova, O.Y. Kalmykova, I.B. Kostyleva, O.V. Lavrentieva. – Samara, 2013. – 326 P.

2. Sukhankina N.V. Development of national systems of university chemical education in the context of modern European integration: Monograph / N.V. Sukhankina. – Minsk: IVC of the Ministry of Finance, 2010. 123 p.

3. Sukhankina N.V. Features of the selection of the content of the academic discipline "Analytical chemistry" in the training of chemistry teachers at the Pedagogical University / N.V. Sukhankina // Bulletin of the Samara State Technical University. - 2015. – pp. 198-205.

4. Bezrukova N.P. Theory and practice of modernization of teaching analytical chemistry at a pedagogical university: Monograph / N.P. Bezrukova. – Krasnoyarsk: RIO KSPU, 2004. – 196 p.

5. Vershinin V.I. Analytical chemistry: textbook for students. Institutions of higher education / V.I. Vershinin, I.V. Vlasova, I.A. Nikiforova. – Moscow.: Academy, 2011. – 448 P.

6. Sukhankina N.V. Actual problems of teaching analytical chemistry at a pedagogical university / N.V. Sukhankina // Actual problems of chemical education in secondary and higher schools. - 2013. – pp. 266-268.

7. Yahshieva Z.Z., Smanova Z.A., Sultonov M.M. Analytical chemistry: textbook / Z.Z. Yahshieva, Z.A. Smanova, M.M. Sultonov. – Tashkent: "Go To Print", 2020. – 344 P.

8. Sukhankina N.V. Interrelation of the content of school and university chemistry courses in the preparation of a chemistry teacher / N.V. Sukhankina, O.M. Travnikova // Actual problems of chemical and environmental education: collection of scientific papers. – St. Petersburg, 2012. – pp. 321-324.

9. Bystryakov V.P. Problems and prospects of improving the quality and effectiveness of practice-oriented training of specialists in the pedagogical specialty "biology and chemistry" in analytical chemistry / V. P. Bystryakov // Higher School: problems and prospects. – 2019. – pp. 16-18.

10. Bystryakov V.P. Educational literature on chemistry for universities: what it should be / V. P. Bystryakov // Actual problems of chemical education in secondary and higher schools. – Vitebsk : VSU named after P. M. Masherov, 2016. – pp. 200-202.

11. Bitureyeva Zh.N., Sagimbayeva A.E. actual problems of teaching the discipline "quantitative analysis" in pedagogical universities / Zh.N. Bitureyeva, A.E. Sagimbayeva / / XIX International Scientific Conference "Youth, Science and innovation". – 2023. - pp. 668-669.

12. Yulina I.K., Permanasari A., Hernani H., Setiawan W. Analytical thinking skill profile and perception of pre service chemistry teachers in analytical chemistry learning // Journal of Physics: Conference Series. – 2019. – Volume 1157(4). – pp. 1-7. https://doi7org/10.1088/1742-6596/1157/4/042046

13. Michelle L.K., Betty C.G., Peter J.M., Daniel A.Mc., Aren E.G., Steven M.C., Marjorie E.S. Survey of the undergraduate analytical chemistry curriculum // Journal of Chemical Education. – 2022. – Vol. 99 (6). – pp. 2317-2326.

ҒТАМР 31.01.45 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.003**

*Г.Е. Охасова *, Ж.С. Мукатаева*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: okhasova01@mail.ru

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін PISA тапсырмаларының мектеп оқулығындағы сауаттылық өлшемдері қарастырылады. Химия сабағын оқыту барысында әр түрлі PISA тапсырмаларын ұсына отырып, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін, өздігімен жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, сыни ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың бой- ында функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмалары оқулықта жеткіліксіз ұсынып- ғандығы айтылды. Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында төменгі сыныптардан бастап қалыптасып, дами бастайды. Сондықтан химия сабағында 7-8 сыныптан бастап функционалдық қасиеттері белсенділік, шығармашыл ойлау және шешім қабылдай алу, өз жолын таңдай алуға қабілеттілікке бағыттай беру қажет.

Мәселелік тапсырмалар, деңгейлік тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылықты дамытудың ең тиімді жолдары қарастырылған.

Бұл жұмыста PISA бағдарламасындағы химия пәні бойынша жаратылыстану сауаттылығының деңгейін бағалау және жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруда оқушылардың қолдана алатын дағдылар тізімі анықталған.

Жаратылыстану ғылымдары ішіндегі химияны зерттеу кезінде оқушылардың пәнге қызығушылығын қалыптастыру, алған білімдерін өмірде, тұрмыста қажет екенін түсіндіру мақсатында функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар аз берілгендігі әлі де тапсырманы қосу жоспарлары көрсетіледі. Қолданылатын мәтіндік, өзіндік тапсырмалар оқу мақсатына негізделіп жасалып оқытуды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беру және сауаттылық деңгейі жоғары болу үшін шығармашылық тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру деңгейін жоғарылату басты назарға алынған.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылық деңгейі, PISA, мәселелік тапсырма, құзыреттілік.

*Охасова Г. Е. *, Мукатаева Ж. С.*
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
e-mail: okhasova01@mail.ru

МЕТОДИКА АНАЛИЗА ЗАДАНИЙ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ХИМИИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются критерии грамотности в школьном учебнике заданий PISA для формирования функционально грамотной личности. В процессе преподавания урока химии, предлагая различные задания PISA, расширить теоретические знания и развить навыки критического мышления в процессе повышения творческой деятельности учащихся, актив-

ности самостоятельной работы. Было рассмотрено, что задания по развитию функциональной грамотности у учащихся недостаточно представлены в учебнике. Функциональные навыки начинают формироваться и развиваться в стенах школы, начиная с младших классов. Поэтому на уроках химии с 7-8 класса функциональные свойства должны быть ориентированы на активность, творческое мышление и умение принимать решения, умение выбирать свой путь.

Рассмотрены наиболее эффективные пути развития функциональной грамотности через проблемные задания, уровневые задания.

В данной работе определен перечень навыков, которые учащиеся могут использовать для оценки уровня естественнонаучной грамотности по химии в программе PISA и формирования естественнонаучной грамотности.

При изучении химии в естественных науках, с целью формирования интереса учащихся к предмету, объяснения приобретенных знаний, необходимых в жизни, быту, все же указываются планы включения задания, направленные на функциональную грамотность. Применяемые текстовые, самостоятельные задания, основанные на цели обучения, позволяют успешно осуществлять обучение. Особое внимание уделяется повышению уровня организации творческих заданий и самостоятельной работы, чтобы обеспечить качественное образование и высокий уровень грамотности подрастающего поколения.

Ключевые слова: функциональная грамотность, уровень естественнонаучной грамотности, PISA, проблемное задание.

G. Okhassova[*]*, Zh. Mukataeva*
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: okhasova01@mail.ru

METHODS OF ANALYZING FUNCTIONAL LITERACY TASKS IN CHEMISTRY LESSONS

Abstract

This article discusses the literacy criteria in the school textbook of PISA tasks for the formation of a functionally literate personality. In the course of teaching a chemistry lesson, it is necessary to expand theoretical knowledge and develop critical thinking skills in the process of increasing students' creative activities, activity of independent work, offering various PISA tasks. It was considered that the tasks for the development of functional literacy in students are insufficiently presented in the textbook. Functional skills begin to be formed and developed within the walls of the school from the lower grades. Therefore, in chemistry lessons, starting from grade 7-8, it is necessary to continue to direct functional qualities to activity, creative thinking and the ability to make decisions, to choose their own path.

The most effective ways to develop functional literacy through problem tasks, level tasks are considered.

This paper defines a list of skills that students can use in the formation of natural science literacy and assessment of the level of natural science literacy in chemistry in the PISA program.

In the study of chemistry within the natural sciences, there are still plans to include tasks aimed at functional literacy in order to form students ' interest in the subject, explain the knowledge gained in life and in everyday life. The text and independent tasks used are designed based on the educational goal and allow you to successfully implement the training. In order to provide high- quality education to the younger generation in accordance with the requirements of the time and have a high level of

literacy, the main attention is paid to improving the level of organization of creative tasks and independent work.

Keywords: functional literacy, level of natural science literacy, PISA, problem assignment.

Негізгі ережелер. Функционалды сауаттылық-бұл адамға тиімді қарым-қатынас жасауға және өз міндеттерін орындауға көмектесетін маңызды дағды. Функционалдық сауаттылықтың маңыздылығы білім беру, жұмыс, басқалармен қарым-қатынас, мансапты дамыту және өзін-өзі дамыту сияқты өмірдің көптеген салаларында көрінеді. Оқушыларды функционалдық сауаттылыққа бейімдеу үшін мектепте PISA тапсырмалары қолданылады. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық сыни ойлауды, логикалық ойлауды және аналитикалық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді. Осылайша, функционалдық сауаттылық оқушылардың қазіргі жалпы тәжірибеге сәтті бейімделуінде шешуші рөл атқарады.

Кіріспе. Ғылымның ілгерілеуі, технологияның кеңеюі - қоғамның әртүрлі салаларына әртүрлі бағыттарда ықпал етті. Сондықтан білім беру де жаңғырудың бір түрінен өтіп, салалық, құрылымдық және мазмұндық өзгерістер тұрғысынан трансформациядан өтуде. Жақында жаңартылған білім беру жүйесі әртүрлі елдердің білім беру тәжірибесін негізге ала отырып, білім беру үдерісін жетілдірді. Оқыту процесі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген, бұл осы салада сауаттылықтың дамуына ықпал етті. Бұл шетелдік және отандық тәжірибенің нәтижесі болды.

Жалпы, XXI ғасыр - бұл қатаң бәсекелестік, білім мен дағдылар дәуірі. Әрбір адам өзін үнемі жетілдіріп, жаңа мамандықтарды оқып, қоғамдағы өзгерістерге бейімделе отырып, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алуы керек. Ол білім мен технология, сондай-ақ жоғары еңбек тиімділігі ел дамуының негізгі қозғаушы күші болуы тиіс. Сондықтан жас ұрпақтың терең және сапалы білімінің сауаттылық деңгейін арттыру өзекті мәселе болып қарастырылады.

Стратегиялық жоспарлау құжаттарында (мысал ретінде білім беруді жаңғырту бағдарламасына сәйкес Қазақстан 2025 жылға дейін) функционалдылықты қалыптастыру қажеттігіне баса назар аударылады. PISA халықаралық зерттеулеріне сәйкес сауаттылық деңгейлері былай бөлінеді: оқу сауаттылық, математикалық сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығы. 2012-2016 жылдары ұсынылған жоспарға сәйкес мектеп оқушыларыны функционалдық сауаттылықты дамыту дағдыларына бағытталуы керек.

Ұлттық іс-қимыл жоспарының негізгі міндеттері:

1. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, даму жолының халықаралық зерттеу тәжірибесіне талдау жасау;

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылықты өз бойында қалыптастыру үшін жасауы тиіс іс-әрекеттерді анықтап алу.

3. Жалпыға бірдей білім беру стандарттарын, білімнің мазмұнын, оқу әрекеті жоспарлары, білім беру қағидаларын жаңашаландыруды қарастыру.

4. Білім беру үдерісін әдістеме тұрғысынан дұрыс бағытта жүргізу, тиімді әдіс пен жаңа білім беру технологияларды сабақ барысында пайдалана алу [1].

Қоғамның қазіргі міндеттерінің бірі - әлеуметтік және экономикалық жағдайда өміршең ғана емес, сонымен бірге өмір сүру жағдайларына бейімделуге белсенді ықпал ететін функционалды сауатты тұлға болып қалыптасу. Осыған байланысты, бірінші кезекте тұлғаға қойылатын белгілі талаптар шығады: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жақсы дамыған зияткерлік, жоғары білім, ғылыми сауаттылық [2].

Функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін PISA тапсырмалары ұсынылып, сауатты тұлғаның деңгейі тапсырмаларды орындау дәрежесіне қарай тексеріліп келеді. PISA (Programme for international student assessment) – экономикалық ынтымақтастық және даму

ұйымы (ЭЫДҰ) ұсынған білім алушылардың білім дәрежелерін қадағалау жөніндегі бағдарламалық жоба. Дәл қазіргі кезде PISA бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептерінің білім беру деңгейі тиімді ме , әлемдік көрсеткішке сай келе ме деген мәселелерді қарастырады [3].

PISA зерттеулеріне сәйкес көшбасшы елдердің нәтижесі бойынша, білім алушылар функционалды сауатты тұлға болып қалыптасу үшін мынадай факторлар:

1) білімнің құрылымы (білім беру стандарттары, оқу бағдарламалар);
2) педагогикалық жаңа технологиялар мен әдістер;
3) оқушылардың білім үдерісін бақылау мен бағалау жүйесі;
4) қосымша мектептен тыс бағдарламалар;
5) білім алушыны тәрбиелеудегі қайшылықтар әсер етеді.

Оқушылар химия сабағында алған білімдерін күнделікті өмірмен байланыстыра алуы қажет. Химия пәнін оқушылар жаттап ала алмайды, тереңірек түсініп, бірізділікпен оқу тиіс. Функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелеп, білім беретін оқу бағдарламарды ұсынуы үшін мұғалім функционалды тұрғыдан сауатты және сауаттылыққа қарай бағыттайтын болуы тиіс Химия сабақтарындағы функционалдық сауаттылық тапсырмаларын талдау әдістемесі білім алушылардың химиялық терминологияны қолдану дағдыларын дамыту және химиялық үдерістерді барабар түсіну қажеттілігіне байланысты өзекті болып табылады. Бұл оқу материалын сәтті игеру үшін де, кейіннен білімді өмірде және кәсіби қызметте қолдану үшін де маңызды. Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын талдау студенттердің химиядағы негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды түсіну деңгейін анықтауға, сондай-ақ олардың химиялық есептерді талдау және шешу қабілетін анықтауға көмектеседі. Бұл мұғалімдерге оқу әдістемесін түзетуге және студенттерге қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуға көмектесуге мүмкіндік береді [4,5].

Оқу бағдарламасын, оқу үдерісін ұйымдастырған кезде жүйелілік тәсілін ескеру қажет. Қазіргі заманғы оқулықтар мен оқу стандарттары жүйелік-іске асыру әдісінің принциптеріне сәйкес әзірленгендіктен, мұғалім осы әдістеменің негізгі принциптерін сабақтарда шебер қолданып, оларды қазіргі заманның қажеттіліктеріне бейімдеп, оқу процесінің жаңа моделін құруы керек. Бүгінгі таңда жүйелілікті іске асыру педагогикалық тәжірибелердің кең ауқымында белсенді қолданылады.

Жаратылыстану пәндері бойынша оқу үдерісін ғылыми негізде құрып біліктің және сана мен әрекеттің бірлігіне бағыттау керек. Бұл жерде ресейлік ғалым Е.А.Таможняяның еңбегіне талдау жасайтын болсақ, ол жаратылыс-ғылыми зерттеу әдістеріне ерекше мән беріп, оқушылардың ғылымға қызығушылығын арттыру қажеттігін айта келе, оқу үдерісінде зерттелген ақпаратты бекіту практикалық қолдануға бағытталған тапсырмаларды енгізу, үйренген түсініктерді белсендіру және олардың әртүрлі күнделікті жағдайларда қолданылуын көрсету арқылы тиімді жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл білім алушыларды алынған ақпараттың сенімділігіне, ғылыми негізділігіне және орындылығына сендіруге мүмкіндік береді [6].

Химия пәнінде оқушылардың білім сауаттылығын шыңдап отыратын сыни ойлауды қажет ететін тапсырмалар болып табылады.

Химия пәні мазмұны аясында функционалдық сауаттылық біліктілігін дамытып, сабақ барысында қамтамасыз етілуі тиіс факторлар:

- химия пәні мазмұнын басқа пәнмен байланыстыру негізінде қоршаған ортасы мен заттардың өзара байланысы туралы дүниетанымын қалыптастыру бірлігін негіздеу;
- химия мұғалімдерінің химиялық контексте функционалдық сауаттылық туралы ақпаратты жеткізу үшін жеткілікті білімі мен тәжірибесі болуы қажет. Олар студенттерге функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға көмектесу үшін әртүрлі оқыту әдістері мен материалдарын пайдалана алуы керек.

- оқу материалдары-оқулықтар, зертханалық құралдар, журналдар және басқа ресурстарды қоса алғанда, оқу материалдарының жеткілікті және әртүрлі жиынтығын пайдалану қажет. Бұл оқушыларға функционалдық сауаттылықты химияның белгілі бір контекстінде түсінуге және қолдануға көмектеседі.

- зертханалық жұмыстар - зертханалық жұмыстар студенттерге химиялық ақпаратты беру кезінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қажетті практикалық дағдылар мен тәжірибені ұсынады. Зертханалық жұмыстарды қолдану оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік.

- химия ғылымы мен білімі, қазіргі техникалық ашылулары арасындағы логикалық байланысты жүзеге асыру;

- басқа ғылым салаларымен байланыс негізінде зерттеу жасау үшін оқушылардың химиялық білімдерін, зерттеу қабілеттерін қалыптастыру [7].

Әсіресе, химияны енді бастаған 7-8 сынып оқушылары сандық есептерді көбірек шығарса, сыни ойлау тапсырмасын орындаса пәнге деген қызығушылығы артады. Оқушылар жалпылауға, талдауға, салыстыруға дағдыланады. Тіпті, есептерді шығару арқылы білім алушылардың есте сақтау қабілеті, танымдық мүмкіншіліктері кеңейеді. Сабақ барысында осы секілді дағдылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, оқушылардың химия пәнін тереңірек меңгеруіне, функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруларына ықпал етудің арқасында, сабақ барысында белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерін байқатып, еркін білім алуға қадам басып келеді.

Материалдар мен әдістер. PISA бағдарламасына сай 8 сынып химия оқулығы бойынша жаратылыстану сауаттылығының деңгейі өлшенді. Перминованың әдістемесі негізге алынып, оқушылардың функционалдық сауаттылығына қол жеткізу мақсатында химия бойынша білім беру құзыреттілігін құруға мүмкіндік берді. Өлшеу кретерийлерінде құзыреттілік өлшемі енгізілді [8]. Жаңа инновациялық бағалау түрлерінің көрсеткіштері басты назар аударылды.

Кесте 1- *Инновациялық көрсеткіштер*

Жылдар	**Инновациялық бағалау көрсеткіштері**	**Сипаттама және қалыптасатын дағдылар**
2015 ж.	Мәселелерді шешу	Проблемаларды шешу – сабақтағы оқушының басты құзыреті. Проблемаларды шеше алу – бұл арнайы ұсынылатын шығармашылық үдеріс. Білім берудің қазіргі жағдайы талданады, мәселенің себептері іздестіріледі, мәселе тұжырымдалып және оны шешудің жолдары ойластырылады.
2018 ж.	Ғаламдық құзыреттер	Ғаламдық құзыреттілік – функционалдық сауаттылықтың бөлігі болып табылады, қазіргі білімді алу мен өмірмен байланысын құрайтын негізгі құзырет- тердің бірі. Химияның құндылық негізі мен пән тұрғысынан қалпытасатын дағдыларына бағытталған.
2022 ж.	Сыни ойлау	Сыни ойлау – оқушылардың өз қиялы мен ойларын дамыту және жетілдіру. Жаңа білімді алу барысында бұрын алған білімінде кездеспеген міндеттерді шешу үшін сыни ойлауды қолдану қабілеті.

PISA зерттеу тапсырмалары мына кретерийлерге байланысты бөлінді және талқылау барысында зерттелді:

- шынайы/нақты жағдай бойынша тапсырмалар, мәтіндік тапсырма;
- практикалық дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар күнделікті өмірге қажетті тапсырмалар, яғни, құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған тапсырма;
- жаратылыстану-ғылыми білімді қолдануды қажет ететін үдерістерді түсіндіру үшін тапсырмалар;
- ғылыми бейне қалыптастыру үшін талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында оқушылардың өз бетінше ақпаратты жинау, оны талдай және талқылай білуіне көмек беретін әдістер кешені де қолданылды:

- бақылау – құбылысты жан-жақты бақылау;
- сипаттау әдісі – үдерісті немесе тапсырмалар жүйесін сипаттау арқылы жан-жақты қарастыруға;
- салыстыру – тапсырманың бұрынғы және қазіргі жағдайын салыстыра отырып, қозғалысын анықтауға және талдау әдісі көмегімен барлық ақпаратты топтастырып, жіктеп, түсіндіруге мүмкіндік туады.

Химиядан функционалдық сауаттылық тапсырмаларын талдап құрастыру үшін алдыңызға қойған мақсаттар мен міндеттерге байланысты әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Кейбір негізгі әдістерге мыналар жатады:

1. Оқу бағдарламасын талдау: химия бағдарламасын оқып, қамтылуы керек негізгі тақырыптарды анықтаңыз. Бұл сізге жасалатын тапсырмалардың негізгі түрлерін анықтауға көмектеседі.

2. Тесттер мен тест тапсырмаларын құрастыру: тест тапсырмаларын әзірлеу оқушылардың білімін тексеруге, олардың материалды түсіну деңгейін бағалауға және оқу тиімділігін арттыруға көмектеседі.

3. Зертханалық жұмыстар мен практикалық жаттығулар: практикалық сабақтарды ұйымдастыру студенттерге теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, материалды бекітуге және химиялық реакциялар мен заттармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану: ойындар, кейс-әдістер, жобалық іс-шаралар және пікірталастар сияқты интерактивті әдістерді қолдану оқушыларды қызықты әрі тартымды етуге көмектеседі.

Материалды барынша түсінуге және сәтті игеруге мүмкіндік беру үшін химия тапсырмаларын жасау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеру маңызды болып табылады. Сәйкесінше, жаратылыстану пәндері аясында химия ғылымының оқулығына талдау жасауда неге көңіл аудару қажеттігі анықталды [9,10].

Нәтижелер. PISA тапсырмалары оқушылардың пәндік білімін бағаламайды, алған білімдерін қаншалықты өмірде қолдана алу білігін қарастырады. Креативті ойлау немесе мәселелерді шешу тапсырмалары көбінесе PISA тапсырмасы қатарына қосылады деп есептеймін. Оқу барысында алынатын білімді міндетті түрде практикалық тапсырмалар арқылы бекітіліп отырады, сол себепті де әр тақырып соңындағы тапсырмаларға салыстырмалы талдау жасалды [11]. Талдау нәтижелері төмендегі 2 кестеде берілген.

Кесте 2 - *PISA көрсеткіштері бойынша салыстырмалы талдау*


№	Тақырып	Тапсырма түрлері				
		Контекст	Құзіреттер	Жаратылыстану білімдер	Ғылым туралы білімдер	Қорытынды
1	I. Атом-дағы электрондардың қозғалуы	Мәселелік тапсырма: Литий, неон, натрий электрондары-	шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау	Құбылыстар мен процестерді атомдардың құра-	Атом және оны құрайтын бөлшектерге жалпы сипат-	Бұл тарауда теориялық тапсырмалардың көлемі көп.

		ның таралуына қарай бұл элементтер неліктен әртүрлі периодта орналасқандығын дәлелде.	құндылығы, жеке жұмыс жасау құндылықтары дамиды.	мына зерттеу жасау арқылы шешім шығаратын тапсырмалар ұсынылған.	тама беретін тапсырмалар ұсынылған. Атом барлық ғылым саласында түсініктеме беріліп кететін ұғым болып табылады.	Зерттеу тапсырмалары теориялық тапсырмалардан аз. Жобалық (жаһандық) мәселелер көтерілмейді
		Шығармашылық тапсырма: түрлі электрондық бұлттардың пішінін ермексаздан жасау. Атом модельдерін жасау тапсырмасы	жаңа білім туралы өзіндік түсінік қалыптастырып электрондық бұлт пішіндерін өз көздерімен көре алады.	химия ғылымы тұрғысынан электрондардың пішініне анықтама беріп, түсіндіре алады.	оқушылар энергетикалық деңгей, электрондардың құрылысы туралы тұжырым жасай алады.	
2	II. Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері Зат массасының сақталу заңы	Зерттеу тапсырмасы: Зат массасының сақталу заңына қайшы емес пе? Өмірмен байланыстырып шешім табуды қажет етеді. Ағашты жағатын болсақ күлдің массасы жанған ағаштан ауырлау болады, тат басқан шелектің массасы жаңа шелектің массасынан жеңіл болады неліктен?	Тапсырма нақты тақырыпқа сай. Білім алушыларға бірінші зат массасының сақталу заңы түсіндіріледі содан соң өз дәйектерін келтіре отырып, шешімге келеді.	Зерттеу жүргізе отырып, өмірдегі құбылыстарды түсіндіреді.	Ғылымда басты назар аударатын заңдардың бірі зат массасының сақталу заңы болып табылады. Сандық есептерді шешу барысында назар аударатын заңдардың бірі.	Бұл тарауда басты назар аударылған тапсырмалар сандық есептер. Түсінік қалыптастыратын алғашқы сандық есептер осы тарауда басталады.
	Химиялық реакция	Тапсырма: күкірт буы мен көміртек әрекеттескенде түзілетін күкірткөміртек CS2 жүзім филоксерасына (құржапырақ ауруы) қарсы күресте қол-	Өмірмен байланыстыра отырып, реагенттерді есте сақтап, шыққан өнімді сипаттап жаза алады. Құржапырақ ауруы тура-	-құбылыстар мен процестерді түсіндіру үшін биология пәнінен алған білімін, адам ағзасы туралы да мәліметтер алатын болады.	Теориялық білімді практикалық тұрғыда бекіту үшін пәнаралық байланысты ұстану.	өмірлік проблемаларға қатысты тапсырма – 10%- ғаламдық проблемаларға қатысты тапсырма – 40%

		данылады. Реакция теңдеуін жазыңыз?	лы да мәлімет алатын болады.			
		Химиялық реакция типтерін зерттейміз. Темірдің химиялық қасиетін зерттеу үшін кішігірім ыдысқа ылғал шегені салыңдар. Екінші стаканға мыс купоросын салып, ылғал шегені ішіне салып, жүрген құбылысты бақылаңдар.	Жүрген құбылысқа байланысты әр оқушы өз тұжырымдамасын айта алады. Дұрыс шешімді табуға ұмтылады.	Берілген тапсырма сабақ барысында берілген мәліметтерден қорытынды шығаруға бағытталған.	эмпирикалық білімге қатысты тапсырмалар (тәжірибе; бақылау; өлшеу; салыстыру)	ғаламдық проблемаларға қатысты тапсырма берілген себебі табиғатта жүріп жатырған темірдің таттану процесі табиғи құбылыс болып табылады.
	Табиғатта және тірі организмдердің тіршілік әрекеттерінен жүретін химиялық реакциялар	Мәселелік сұрақтар: Табиғатта, күнделікті өмірде және тұрмыста қандай маңызды химиялық реакциялар жүреді? Қандай экологиялық проблемалар металдардың таттануына әкелуі мүмкін? Мысалдар келтіріңдер.	ақпаратты өздігінен табу, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады. Экологияны қорғау адамзаттың әр басқан қадамына сай екенін ұғындыру.	Отынның жануы болсын, қышқыл жаңбырдың жерге түсуі немесе озон қабатының жұқаруы секілді проблемалар жаратылыстану ғылымдарына да әсер етеді.	әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыруға қатысты тапсырмалардың берілген.	- жоба жұмыстарына арналған тапсырмалар ұсынылған. Кез-келген экологиялық проблемалардың алдын алу шараларын зерттеуге болады
3	ІІІ.Металдардың белсенділігін салыстыру	1. Сурет арқылы берілген тапсырма қай жәдігердің қайсысы алтыннан қайсысы темірден жасалғанын анықтайтын болады. 2. Тәжірибелік тапсырмалар	Металдардың белсенділігін анықтау барысында қызықты тапсырмалар орындап, тәжірибелер жасай отырып, тәжірибелік дағды-	Құбылыстарды түсіну үшін тапсырмалар жан-жақты берілген және тәжірибелік дәлелденген.	эмпирикалық білімге қатысты тапсырмалар (тәжірибе; бақылау; өлшеу; салыстыру	- жоба жұмыстарына арналған тапсырмалар ұсынылған. Металдардың жемірілуі коррозия тақырыбы қазіргі таңда өзекті. Теориялық тапсырмалар жеткілікті.

		Металдар мен тұздарды реакция түсіре отырып, тәжірибе жасайды. Металдардың белсенділік қатары түсіндірілетін болады. Жемірілу құбылысы зерттеледі.	лары дамиды.			Эксперименттік тапсырмаларда ұсынылған.

Стандартты мектеп оқулықтарында функционалдық сауаттылық деңгей тапсырмаларын арттыру талабы қойылып отыр. Тақырыптан соң қойылған сұрақтардың деңгейін арттыру қажет, оқушылардың ойлау дәрежесін дамытатын тапсырмалар ұсынылу қажет. Пәнаралық байланысқа сай тапсырмалардың саны басым болып келеді және арнайы суреттеме, кесте түрінде берілген тапсырмалар саны жеткілікті. Құзыреттілікке сай, ғылыми білім критерийлеріне сәйкес тапсырмалар саны аз және күрделі тапсырмалар ұсынылу керек. Оқулықтардағы тапсырмаларды талдау нәтижесі 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет –1. Тапсырма көрсеткіштері

Талқылау. Халықаралық PISA зерттеулерінде берілген тапсырмалар а) шынайы/нақтылы жағдаяттық тапсырмалар, яғни, контекстік тапсырма; б) күнделікті өмірге қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар, яғни, құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған тапсырма; в) құбылыстар мен процестерді түсіндіру үшін жаратылстану- ғылыми білімді қолдануға қатысты тапсырма; г) әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыруға қатысты тапсырма түрінде берілген.

Осыған сәйкес химия пәні 8 сынып оқулығын талқылай келе, функционалдық сауаттылық тапсырмалары бұл критерийлерге сәйкес еместігі анықталды. Тарау бойынша тапсырмалардың көлемі мен сыни ойлау дәрежесі қарастырылғанда, «Атом» тарауы бойынша теориялық сұрақтардың көлемі көп екені анықталды. Жобалық оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамытатын тапсырмалар тақырыпқа сай құрастырылуы тиіс. «Заттардың формуласы және химиялық реакция» теңдеулері тарауында басты назар есепте болғандықтан,

күрделі есептерді өмірмен байланыстырып мәтін есептер ұсынылғаны дұрыс. «Металдардың белсенділігі» тарауы жаһандық мәселелерді қарастыратын тараудың бірі. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, экологиялық сауаттылыққа бағытталған тапсырма ұсыну маңызды. Әр тарау бойынша әр тақырып бойынша тапсырмалар бағыты мен ұсынылу критерийлеріне сәйкес пайыздық көрсеткіш шығарылды. Пайыздық көрсеткіштер құзыреттілік тапсырмалары мен ғылыми білімді қалыптастыратын тапсырмаларды мектеп оқулығына қосылу керектігі қарастырылды. Тапсырмаларды арнайы PISA тапсырмаларына бағыттайтын болсақ, білім алушылар алған білімдерін тапсырмаларға сәйкес практикада қолдана алып, логикалық ойлау, қорытынды негіз жасай алу қабілеттері артады. Жаратылыстану-ғылыми пәндері ішінде химия оқулығына талдау жасауда тапсырмалардың құрылуына, деңгейлік дәрежесіне, есептерге, құзыреттілікке, өмірмен байланыстылығына назар аудару қажеттігі анықталды.

Қорытынды. Химия оқулығын халықаралық зерттеу тапсырмаларының критерийлеріне сәйкес талдау барысында оқушы жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасай отырып, жаратылыстану-ғылыми білімін, құзыреттілігін дамытатын болады. Оқулықта берілген шығармашылық тапсырма, мәселелік жағдаят, экологиялық мәселелер, тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында, оқушы өз ойын еркін әрі ашық айта алады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті әрі сапалы өтуіне септігін тигізеді. Бұл өлшемдер оқушылардың сауаттылығын қалыптастырып, ұжымдық қарым-қатынасы артуы үшін пайдалы. Әрі олардың өз бетінше ойлануына, ізденуіне де өз септігін тигізеді. Зерттеу әдістерін талдау жасай келе, мектеп оқулықтарында сауаттылық тапсырмалар беру деңгейі орташа, дегенмен кестеде берілген кретерийлерді қолдана отырып тапсырма ұсыну қажет екендігі сараланды.

PISA тапсырмасы мәтін түрінде, графиктер, тірек-сызбалар, иллюстрациялар түрінде ақпарат беруі тиіс, ал оқулықтарда ақпаратты беру түрінде тапшылық бар. Зерттеу әдістері оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, олардың меңгерген білімдері мен ілімдерін түрлі жағдайларда қолдана білуге, түрлі ақпараттарды сыни тұрғыдан саралай білуге, өз ойларын білдіруге және зерттеу жүргізуге дағдыланады. Сонымен қатар, өзінің пікірін ұсынуға, тұлғааралық қарым-қатынас ортануға да ықпал етеді.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық білім алушының әлемнің ғылыми тұрғыдан бейнесін түсінуінен; білім алудағы іс-әрекеттің бірлігінен; жаратылыстану ғылымдарының соның ішінде химия ғылымының сауаттылық бойынша жетістіктерін бағалауынан; сабақ барысында туындайтын теориялық және практикалық сұрақтарын шешу үшін алған бар ғылыми білімін пайдалану қабілетінен көрінеді. Химия пәні аясындағы жаратылыстану функционалдық сауаттылықты дамыту үшін дидактикалық тапсырмалармен оқу материал- дарын құрастырған кезде танымдық үдерістер қатар қарастырылуы тиіс, оның функционал- дық сауаттылығын қалыптастыратын құзыреттерге бағытталуына, шығармашылықты қажет ететін әдіс – тәсілдерін тиімді қолдануға және сауаттылықты бағалау өлшемдерін ұсыну мен жетілдірумен тығыз байланысты.

Сондықтан Халықаралық зерттеулерге қатысу барысында жоғары көрсеткіштер қатарынан көріну үшін қазақстандық оқулықтарға ұсынылатын тапсырмалар деңгейін халықаралық зерттеулер тапсырмаларының деңгейіне сәйкес келтіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

2. Методические рекомендации по формированию функциональной грамотности обучающихся 5 - 9 классов с использованием открытого банка заданий на цифровой

платформе по шести направлениям функциональной грамотности в учебном процессе и для проведения внутришкольного мониторинга формирования функциональной грамотности обучающихся / Г. С. Ковалева, Ю. Н. Гостева, М. И. Кузнецова [и др.]. – Москва: Институт стратегии развития образования РАО, 2022. – 360 с.

3. PISA 2015 Results. Excellence and Equity in Education. Volume 1. URL: https://www.oecdilibrary.org/docserver/9789264266490

4. Woodward R. The Spiral Curriculum in Higher Education: Analysis in Pedagogic Contextand a Business Studies Application // e-Journal of Business Education and Scholarship of Teaching, Sep. – 2019. – Vol. 13. – No. 3. – P. 14-26.

5. Култуманова А., Бердибаев Г., Картпаев Б., Иманбек И., Шарбанова К., Рахимова М., Жумабаева М., Принепесова З., Оkенова Б., Увалиева А.. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012 – Астана: НЦОСО, 2013. – 283 с.

6. «PISA зерттеулеріне сәйкес мектеп оқушыларының функционалдық жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері», «Мектеп оқушыларының жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын көтеруге арналған тапсырмалар». Әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, 2023. – 60 б.

Үстем фирмалардың шығындарының өсуіне байланысты тұтынушылар қаржылық қиындықтарға тап болады. Ірі және белгілі фирмалар шағын компанияларды сатып алып, өнімдерге өз бағасын белгілейді. Сонымен қатар, аммиак өндірісі жоғары бәсекеге қабілетті, сондықтан кейбір компаниялар сәтсіздікке ұшырады, алмастырғыш тұтынушылары аз.

Мысалы, Universal Music Group 2012 жылы EMI-ді 1,9 миллиард долларға сатып алғысы келді. Көптеген реттеушілер бұл бағаның бұзылуына және тұтынушылар үшін шығындардың өсуіне әкелетінін айтты. Дегенмен, Universal Music Group EMI-ді сатып алды. 1978 жылы «Авиакомпанияларды реттеу туралы» заң қабылданғаннан кейін, ұсынылатын рейстердің санынан басқа, билет бағасы төмендеді. Осыған байланысты көптеген ұсақ авиакомпаниялар сәтсіздікке ұшырады, әуе билеттерінің бағасы күрт көтеріле бастады.

Кесте - 1. *Оқушылардың стратегияны қолданғанға дейінгі дағды нәтижелері*

Оқушылар	A	B	C
Тұжырымдама	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ	Тұжырымдама анық болмады, себебі оқушы екі түрлі ойды араластырып жазды	Жалпы тұжырымдама дұрыс емес
Түсіндірме	Оқушы пәндік терминдерді қолданбады, орташа түсіндірме жазды	Пәндік терминдер қолданылмады	Пәндік терминдер жүзеге асырылмады
Дәлелдер	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ	Мысалдар келтірілмеді	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ

Бірінші сабақтың нәтижелері бойынша біз тереңірек дамуымыз керек еді, сабаққа қатысу деңгейі немесе ынтымақтастық ортасы оқушылар арасында жоғары академиялық жетістіктерге әкеледі. Құрдастарымен және мұғаліммен интерактивтіліктің жоғары деңгейі, бұл кликтерді пайдалану белсенді бірлескен оқыту мен қатысуға оң әсер етеді, өз кезегінде оқушылардың үлгерімін арттырады [7]. Сондықтан екінші сабақта біз интерактивті оқыту стратегиясы ретінде топтық жұмыс жасадық. A, B, C оқушылары топтағы жетістігі мен үлгерімін көру үшін бір топқа бөлінді.

Оқушылардың бейне талқылауына сәйкес: A оқушысы жалпы нұсқаулар беру және дәлелдерді тарату арқылы көшбасшыға көбірек ұқсайды. B оқушысы нұсқаушы ретінде сәттілік критерийлері мен міндеттерін түсіндіреді. C оқушысы коммуникатор ретінде түсінбеген кезде басқа мүшелерден сұрақтар қойды. Жалпы, барлық оқушылар процеске қатысып, бір-бірімен кейбір идеялармен бөлісті және негізгі дәлелдер туралы сұрады.

1- суретте оқушылар жақсы дәлелдер жазды, алайда екінші дәлел мысалмен расталмады. Бірақ екі дәлел де нақты тұжырымдармен тұжырымдамалық түсініктемелер бергенін көруге болады.

1 ТОПТЫҢ жауабы

Жаратылыстану және химия ұжымы

Жаратылыстану және химия ұжымы тұтынушылар үшін сұранысқа ие заттарды шығарады. Жаратылыстану және химия ұжымы еліміздегі өндірісті жоғары деңгейге дейін өндіреді, бұл өнім сапасының жақсаруына әкеледі, оны басқа елдерге экспорттау және сату үшін пайдалануға болады.

Жаратылыстану және химия ұжымының артықшылығы – нарықта азаматтар арасында теңсіздік болмауы. Мысалы, Кеңес Одағында кеңестік көлік, музыка, тамақ сатуға рұқсат етіліп, бай мен кедейдің айырмашылығы болмаған.

Басқа жағынан қарастырса, жаратылыстану және химия ұжымы тұтынушының мүмкіндіктерін шектейді. Басқаша айтқанда, 11 тұтынушы белгілі бір өнімді қолайлы мөлшерде сатып алуға дайын және қабілетті болса да, химия ұжымы оны сатып алуға рұқсат бермейді. Демек, жаратылыстану және химия ұжымы тұтынушылардың тілектерін және олардың экономикалық жағдайын анықтамайды, ол тек әлеуметтік принциптерге назар аударады.

Демек, жаратылыстану және химия ұжымы тұтынушылар мен өндірушілердің таңдауын шектейді, бірақ жаратылыстану және химия қоғамының бұйрығымен жүзеге асады.

Сурет 1 – оқушылардың сұраққа жауаптары: жаратылыстану тобы тұтынушылар мен өндірушілердің таңдауын қаншалықты шектейді?

Үшінші сабақта біз қолданбалы және интерактивті оқыту әдістерін енгіздік және оқушыларға жеке-жеке дәлел жасау ұсынылды. 1 сабақпен салыстырғанда А оқушысы түсіндіру дағдыларын жетілдірді және ешқандай қателіктерсіз нақты және толық қолдау көрсететін дәлел келтірді. В және С оқушылары өздерінің талаптарын жақсартты, бірақ әлі де толық түсініктеме жаза алмады. В оқушысы де тиісті дәлелдер келтіре алды. Осылайша, біз оқушылардың жұмысында дәлелдеу дағдыларының дамуын көреміз, бірақ әлі де түсіндіру дағдыларын дамытуымыз керек. Білім алушылардың пікірінше, олар сабақ барысында көптеген пайдалы әдістерге ие болды.

А оқушысы: "бөлім маған аргумент дағдыларын дамытуға айтарлықтай көмектесті, өйткені Мен өзімнің пікірімді және тиімді аргумент құрылымын қолдау үшін деректерді қалай пайдалану керектігі туралы көп білдім". В оқушысы "эссе жазу кезінде біз зерттедік, зерттеу сұрағын жасадық және тұжырымдамаларға сәйкес интернеттен ақпарат таптық. Тұжырымдамалар аргументтерді түсінікті және бөлімге байланысты етті. Дәлелдер жасай отырып, біз зерттеу жобасынан кейін нақты қорытынды жаза аламыз". С оқушысы "мен тұжырымдамаларды қолдана отырып, өз тұжырымымды түсіндіруді үйрендім. Аргументтер құрудың жаңа тәсілдерін табу да пайдалы [8]. Айтайын дегенім, біріншіден, мен өз фактілерім мен дәлелдерімді қарап, соған сәйкес мәлімдеме жазуым керек. Бұл бұрынғыға қарағанда тиімдірек, мен мәлімдеме жаздым, содан кейін фактілерді табуға тырыстым" .

Кесте - 2. *Оқушылардың стратегияны қолданғаннан кейінгі дағды нәтижелері*

Оқушылар	A	B	C
Тұжырымдама	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ	Дұрыс құрай алды	Дұрыс құрай алды
Түсіндірме	1 сабақтағы түсіндімесінен үлкен өзгертулер болды, оқушы анық түсіндірме құрай алды	Оқушы түсіндірмеде тек бір қателік жіберді, тұжырымдамада қолданылған терминді ғана түсіндірмеді	Түсіндірмеде пәндік терминдер аз қолданылды
Дәлелдер	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ	Оқушыда жақсартулар болды, аргументте толық дәлелдер қолданылды	Қиындық бастапқы кезеңнен бастап болған жоқ

Оқушы А:

Мұнай бағасының қалпына келуі экономиканың негізгі драйвері болып табылатын Қазақстанның мұнай-газ секторын ынталандыруға көмектесті. Қазақстандағы ірі көмірсутек ресурстары мен ірі өндірістік және көліктік инфрақұрылымдық жобаларға салынатын ағымдағы Инвестициялар американдық компаниялар үшін айтарлықтай коммерциялық мүмкіндіктер береді. Қазақстанда Каспий теңізі аймағында ең үлкен дәлелденген мұнай қоры бар. 2019 жылы Қазақстанда шикі мұнай өндірісі тәулігіне 1,965 млн баррельді құрады. Ол 2018 жылдан бері 4,8% - ға өсіп, тәулігіне 1,814 миллион баррельге жетті. 2017 жылы Қазақстан тәулігіне 1,73 миллион баррель мұнай өндірді. Мысалы, шикі мұнай өндірісінің ұлғаюына байланысты американдық компаниялар үшін коммерциялық мүмкіндіктер 2017 жылдан бері 25% - ға өсті.

Оқушы В:

Локдаун мұнай-газ саласына әсер ету салдарынан мемлекеттік кірістердің айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Вирусқа қарамастан, адамдар электр станцияларында, мұнай өңдеу зауыттарында, кен орындарында жұмыс істеп, елді қажетті энергиямен қамтамасыз етті. Дегенмен, пандемия өз нәтижесін берді. Шикізат нарықтарындағы бағалар 1990 жылдардан бергі ең үлкен құлдырауды көрсетті. Бұл оқиғаның әсері Қазақстан экономикасын айналып өте алмады, мұнда ЖІӨ-нің шамамен 15% - мұнай-газ секторы қалыптастырады.

Оқушы С:

Тәуелсіздік алған сәттен бастап мұнай-газ секторы Қазақстанның экономикалық және өнеркәсіптік дамуының негізін қалыптастыруды жалғастыруда. Сондықтан мұнай нарығындағы өзгерістер, әсіресе мұнай бағасының ауытқуы елдің экономикалық дамуына қатты әсер етеді. Мысалы, Қазақстан 2014 жылдан бері мұнай бағасының төмендеуінен қатты зардап шекті.

Алынған мәліметтердің нәтижелері сурет 1-де көрсетілген:



(а)



(ә)

Сурет – 1. Командалық терминді түсіну және қолдану

Ескерту: а – «түсіндіру» командалық терминді түсіну және қолдану
ә– «талқылау» командалық терминді түсіну және қолдану

Талқылау

Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру үшін келесі жұмыстарды жүргізу қажет:

Жалпы талдау

Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру үшін келесі жұмыстарды жүргізу қажет:

1) Химия кабинетін барлық құрал-жабдықтармен толтыру (оқулықтар, плакаттар, сызбалар). Сынып оқушыларға өте қолайлы болуы керек.

2) Мұғалімнің жоғары білімі, білімі, тәжірибесі болуы керек.

3) Химияны оқушыларға қолжетімді тілде түсіндіру керекХимия кабинетін барлық құрал-жабдықтармен (оқулықтармен, плакатттармен, сызбалармен) толтыру. Кабинет оқушыларға өте қолайлы болуы керек.

4) Келесі оқыту технологияларын қолдану керек.

✓ Білім берудің ақпараттық технологиялары. Мұғалім де сабақ барысында интерактивті технологияны пайдалана отырып, оқушыларға білім беруі керек.

✓ Интерактивті оқыту технологиясы

✓ Біріктірілген оқыту технологиясы

✓ Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

✓ Деңгейлік оқыту технологиясы

✓ Белсенді оқыту технологиялары

✓ Ойын технологиялары

5) Оқушыларды экскурсияға шақырамыз. Белгілі бір өндірістерге экскурсия жасағанда оқушылардың химияға деген қызығушылығы артады. Бұл химия мен өмір арасындағы байланыстың негізі.

6) Оқушыларды кітап оқуға баулу. Кітаптан оқуды үйрену.

7) Химиялық тәжірибелер, зерттеулер жүргізу.

8) Химиядан есептер дайындау

9) Бір пәнді бірнеше пәнге байланыстырып оқыту

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың интерактивті оқыту стратегиясы ретінде кейс-стадиді қолдану арқылы дәлелдерді тұжырымдауда жақсырақ екенін көрсетеді.

Зерттеулерден интерактивті оқыту стратегияларын енгізу оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады және жоғары академиялық жетістіктерге жету және 10-сынып пен ҰБТ-ға дайындалу үшін оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектесті деген қорытынды жасауға болады. Екінші жағынан, әдіс көбірек талдауды қажет етеді, өйткені оқушылардың қызығушылығын, деңгейін және жеке басын ескеру қажет, бұл көп уақытты қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері Lesson study әдісі арқылы білім алғаннан кейін оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің артқанын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Iyer L., (2019, July). Critical Thinking and it's Importance in Education. in Researchgate. https://www.researchgate.net/publication/339433132_Critical_Thinking_and_it's_Importance_in_Education*

2. *Lunney M., Frederickson K. (n.d.) FACILITATING CRITICAL THINKING THROUGH ONLINE COURSES. https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ837517.pdf*

3. *Senthamarai S. (2018). Interactive teaching strategies. ttps://www.semanticscholar.org/paper/Interactive-teaching-strategies-Senthamarai/d977bdf268ab28ceaa7498c72070a6e9fbcd255b#citing-papers*

4. Blasco L., Buil I., Blanca H., JavierSese F. (2013) Using clickers in class. The role of interactivity, active collaborative learning and engagement in learning performance. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2012.10.019

5. Цветков Л.А., Органикалық химия. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы, Мектеп: 2002. - 224 б.

6. Шакиров Р.Х, Буркитова А.А, Дудкина О.И. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау. Әдістемелік құрал.- Білім: 2012. - 80 б.

7. https://bilimland.kz

8. https://en.ppt-online.org

References:

1. Iyer L., (2019, July). Critical Thinking and it's Importance in Education. in Researchgate. https://www.researchgate.net/publication/339433132_Critical_Thinking_and_it's_Importance_in_Education

2. Lunney M., Frederickson K. (n.d.) FACILITATING CRITICAL THINKING THROUGH ONLINE COURSES. https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ837517.pdf

3. Senthamarai S. (2018). Interactive teaching strategies. ttps://www.semanticscholar.org/paper/Interactive-teaching-strategies-Senthamarai/d977bdf268ab28ceaa7498c72070a6e9fbcd255b#citing-papers

4. Blasco L., Buil I., Blanca H., JavierSese F. (2013) Using clickers in class. The role of interactivity, active collaborative learning and engagement in learning performance. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2012.10.019

5. Tsvetkov L.A., Organic chemistry. Complaints bilim beretin mekteptin 10- sons of arnalgan okulyk. Almaty, Mektep: 2002. - P. 224.

6. Shakirov R.Kh., Burkitova A.A., Dudkina O.I. Okushylardyn oku zhetistigin bagalau. Adistemelik kural. Bilim: 2012. - P. 80.

7. https://bilimland.kz

8. https://en.ppt-online.org

ҒТАМР 31.01.45 ***https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.006***

Р.Г. Рыскалиева [1] , Н.А. Әлібек[1], Г.Д. Сисенгалиева[2]*
[1]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Алматы қ., Қазақстан
[2]М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: roza12_11_64@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Берілген мақалада қазіргі таңдағы маңызды болып табылатын тақырыптардың бірі қарастырылған. Статистикаға сүйенсек, 2023 жылы химия-биология таңдау пәні ретінде таңдаған оқушылар саны 19% болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 17.5% болған.Мақалада мектеп оқушыларына, оның ішінде жоғары сынып оқушыларына қатысты химия пәнінен элективті курстар өткізудің тиімділігі, маңызы және күтілетін нәтижелері туралы қарастырылған. Элективті курстар бойынша білім мазмұнын жаңарту бағдарламасына сәйкес қазіргі заман талабына сай технологияларды дұрыс пайдалана отырып, оқушыларға сапалы білім берудегі

теория мен практиканың артықшылықтары талданып сипатталған. Химия пәніне деген қызығушылықты арттырудағы элективті курстардың рөлі мен орны айқындалып жазылған. 21 ғасырда жаңа білім беру парадигмасы пайда болуда, оның мәні негізгі екпінді оқушылардың дайын білімді меңгеруінен жаңа білім алу, меңгеру процесін өз бетінше құру қажеттілігі мен қабілетін қалыптастыруға ауыстыру болып табылады. Сондықтан, осыған байланысты мәселелер талқыланды. Ал, тәрбиенің мақсаты, мазмұны, құрылымы, оның әдістері мен формалары бойынша қазіргі даму кезеңіндегі жалпы білім берудің мақсаты – күнделікті, кәсіптік және әлеуметтік өмірдегі әртүрлі мәселелерді өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін көп функционалды құзіреттілікке ие, еркін, гуманистік бағдарды да таңдауға және жеке интеллектуалдық күш-жігерге дайын тұлғаны қалыптастыруға қажет ақпараттарды қамтиды. Зерттеу жұмысында барлық ақпараттарға сүйене отырып, 9-сынып оқушыларына эксперимент жасалып, арнайы бағдарламамен әзірленген элективті курс жүргізілді. Элективті курстың оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып білім беру артықшылығын көрсетеді. Элективті курсты оқушыларға жүргізу арқылы білім алушылардың химия пәнінен білім деңгейлері мен қызығушылықтарының төмен болу себептері анықталды.

Түйін сөздер: Элективті курстар, білім беру жүйесі, химия пәніндегі элективті курс, минералды тыңайтқыштар, оқушылардың қызығушылығы.

Рыскалиева Р.Г. [1], Алибек Н. А. [1], Сисенгалиева Г.Д. [2]*
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
[2]Западно- Казахстанский медицинский университет имени М.Оспанова, г. Актобе, Казахстан
e-mail: roza12_11_64@mail.ru

РОЛЬ ЭЛЕКТИВНЫХ КУРСОВ В ПОВЫШЕНИИ ИНТЕРЕСА УЧЕНИКОВ К ХИМИИ

Аннотация

В данной статье рассмотрена одна из актуальных на сегодняшний день тем. По статистике, в 2023 году количество учащихся, выбравших в качестве факультатива химию- биологию, составило 19%, в 2022 году-17.5%. В статье рассматриваются эффективность, важность и ожидаемые результаты проведения элективных курсов по химии для школь- ников, в том числе старшеклассников. По программе обновления системы образования ана- лизируются и описываются преимущества теории и практики в обеспечении качественного образования учеников при правильном использовании современных технологий в элективных курсах. Определены роль и место элективных курсов в повышении интереса к химии. В XXI веке формируется новая парадигма образования, суть которой заключается в смещении основного акцента с приобретения новых знаний на формирование потребности и способности учащихся самостоятельно создавать процесс обучения. Поэтому обсуждались сопутствующие вопросы. А целью общего образования в современный период развития по цели, содержанию, структуре, методам и формам образования является выбор свободной, гуманистической направленности с многофункциональной компетентностью, позволяющей самостоятельно решать различные задачи в повседневной, профессиональной деятельности. и общественной жизни, а также для развития личных интеллектуальных сил, и соответ- ственно содержит информацию, необходимую для формирования личности, готовой к действию. В исследовательской работе, опираясь на всю информацию, учащимся 9 класса был проведен эксперимент и проведен элективный курс, разработанный по специальной программе. Элек-

тивный курс демонстрирует образовательное преимущество, повышая интерес учащихся. Путем проведения элективного курса для учащихся были выявлены причины низкого уровня знаний и интересов обучающихся по химии.

Ключевые слова: Элективные курсы, система образования, элективный курс по химии, минеральные удобрения, интерес студентов.

R.G. Ryskalieva [1], N. A. Alibek [1] , G.D. Sissengaliyeva[2]*
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University, Aktobe, Kazakhstan
e-mail: roza12_11_64@mail.ru

THE ROLE OF ELECTIVE COURSES IN INCREASING STUDENTS' INTEREST IN CHEMISTRY

Abstract

This article discusses one of the most relevant topics today. According to statistics, in 2023, the number of students who chose chemistry-biology as an elective was 19%, in 2022 - 17.5%. The article discusses the effectiveness, importance and expected results of conducting elective courses in chemistry for schoolchildren, including high school students. The program for updating the education system analyzes and describes the advantages of theory and practice in ensuring quality education for students with the correct use of modern technologies in elective courses. The role and place of elective courses in increasing interest in chemistry are determined. In the 21st century, a new paradigm of education is emerging, the essence of which is to shift the main emphasis from acquiring new knowledge to forming the need and ability of students to create the learning process on their own. Therefore, related issues were discussed. And the goal of general education in the current period of development in terms of the purpose, content, structure, methods and forms of education is to choose a free, humanistic orientation with multifunctional competence, which allows to independently solve various problems in everyday, professional and social life, and to develop personal intellectual strength. contains information necessary to form a person ready for action. In the research work, based on all the information, the 9th grade students conducted an experiment and conducted an elective course developed according to a special program. An elective course demonstrates an educational advantage by increasing the interest of students. By conducting an elective course for students, the reasons for the low level of knowledge and interests of students in chemistry were identified.

Keywords: Elective courses, educational system, elective course in chemistry, mineral fertilizers, students' interest.

Негізгі ережелер. Қазіргі таңда біздің елімізде білім беру жүйесі түгелдей жаңғыруда. Білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес орта мектептердегі білім беру жүйесіне, білім сапасына база назар аударылып отыр. Осы тақырып аясында елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Bilim jane Gylym» атты 2019 жылы өткен тамыз конферен- циясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Ұлы Абай үнемі сынға алған масылдық қоғамға ешқашан жақсылық әкелген емес. Соны түсінетін жастарымыз тек біліммен қаруланып, еңбекке ғана арқа сүйеуі тиіс. Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек.» – деген болатын. Яғни, бүгінде мектептердегі білім беру жүйесінің барынша заманауи көзқарастық бағыт

арқылы жұмыс жасауы қажет дегенді білдіреді[1, 5 б; 2, 44 б]. Жоғары сапалы білім алу үшін оқушыларға негізгі пәндік сағаттардан бөлек, қосымша практикалық танымдық сағаттармен білім алуы өте маңызды. Осы тұрғыда элективті курстардың рөлі ерекше екенін нық сеніммен айтуға болады. Осы ретте тақырып бойынша ғылыми-теория- лық зерттеулер, курс бағдарламалары және жоғары сынып оқушыларымен өтілген сабақтар бойынша зерттеліп жазылды.

Кіріспе. Элективті курс өзінің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырғысы келетін және пән бойынша қосымша білім алғысы келетін оқушыларға арналған. Көптеген орта мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтары көбінесе дәстүрлі мектеп пәндерінен асып, өздері таңдаған оқу профилінің шеңберінен тыс адамның іс-әрекетіне таралуы мүмкін. Осылайша, бүгінгі таңда XX ғасырдың ортасында жалпы әлемдік білім беру жүйесінде пайда болған элективті курстардың оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттырудағы рөлі айтарлықтай маңызды орын алады. Біздің елімізде элективті сабақтарды танымдық іс-әрекеттің сыныптан тыс түрлеріне жатқызып, пәндік үйірмелер ретінде өткізеді. Қазіргі элективті курстар негізгі сабақтан әрі сыныптан тыс жұмыстардан да ерекшеленетін оқу жұмысының ерекше ұйымдастыру формасы болып табылады. Сонымен қатар, факультатив сабақтары бекітілген бағдарламалар бойынша өткізіледі. Дегенмен, педагог элективті курста пән бойынша сыныптан тыс жұмыстың орнын баспайтынын есте ұстауы керек. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бір бөлігі бола отырып, факультативтік пәндер сыныптан тыс (үйірме) жұмыстармен толықтырылуы мүмкін, оларда оқушылар білімі мен дағдыларын одан әрі тереңдетіп, кеңейтеді[2, 27 б].

Элективті курс, басқа технология сияқты, бірқатар талаптарға жауап беру керек: жүйелілік, күрделілік, тұтастық, ғылыми, құрылымдылық. Келтірілген барлық аталған критерийлер технологияға қойылатын әдіснамалық талаптар болып табылады. Бұл талаптардың болуы мен сапасы педагогикалық процестің технологиялылығының бірлігі болып табылады. Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептерде факультатив курстары арқылы мектеп оқушыларының қалауы мен қабілетіне қарай оқыту, оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, практикалық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру олардың пәнге деген қызығушылығын дамытудың маңызды жолы ретінде жүзеге асырылады. анағұрлым тұрақты және мақсатты түрде оқушыларды мектепті бітіргеннен кейін өздігінен білім алуға дайындайды[3, 39 б].

Элективті курстар оқу жоспарының элементі ретінде оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін бейіндік оқытуды жүзеге асырудағы мазмұнды толықтырады. Элективті курстар жалпы білім беру бағдарламасында да, одан тыс жерлерде де кез-келген тақырыпқа қатысты болуы мүмкін. Олар жоғары сынып оқушыларының оқу мазмұнын саралау және даралау үшін енгізіледі. Элективті курстардың негізгі функциялары:

- бейіндік курсты тереңдету;
- оқуы ең төменгі жалпы білім беру деңгейінде жүзеге асырылатын базалық курстардың бірінің мазмұнын әзірлеу;
- адам қызметінің әртүрлі салаларындағы танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыру.

Бейіндік пәндерді оқуға мазмұнды қолдау көрсетуге арналған элективті курстар оқу жоспарының мектептік құрамдас бөлігі арқылы жүзеге асырылады және мектептің жоғары деңгейіндегі оқу профиліне кіретін оқушылардың міндетті элективті курстарына енгізіледі.

Элективті таңдау курстары төмендегідей әсер етеді:

- болашақ мамандығын таңдауда білім алушылардың өзін-өзі анықтауы;
- жоспарланған пән бойынша оқуға оң қызығушылық;
- оқушыларды пән бойынша заманауи іс-әрекеттермен таныстыру;
- оқушылардың танымдық әрекетін арттыру;
- оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық қабілетін арттыру [4, 27 б].

Материалдар мен әдістер. Американ елінен шыққан химик Элизабет Энн Налли өзінің зерттеу жұмысында, білім алушыларға химия пәнінен сабақ беру аясында оқытудың әртүрлі технологияларын қолдану жақсы нәтижеге алып келетінін, соңында оқушылардың оқуға деген белсендіктері арта түсетінін айтқан. Колледж профессорының 4 жылдық зерттеуі бойынш, ол кісі 60 жасында университетпен салыстырғанда артық үйреткен. Профессордың пікірінше, мұңалім қай кезеңде оқыту технологиясына өзгерту енгізсеңіз, сол сәтте сіздің оқыту шеберлігіңіз артады және соған сай оқушылардың оқуының сапасы жоғары деңгейге көтеріледі. Осы орайда мұғалімдердің зерттеу саласын арттыру үшін химиялық зертханада экологиялық химияны зерттеу іске қосылған[5].

Химияны элективті курстар арқылы оқытудың тиімділігі курс материалының сапасы мен өзектілігі және оқытушының біліктілігі мен ынта-жігері сияқты көптеген факторларға байланысты. Таңдау пәні арқылы оқытудың кейбір артықшылықтарына оқушыларды пәнге қатыстыру, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білім алуға ынталандыру жатады. Химиядан элективті курстардың сәтті өтуін қамтамасыз ету үшін оларды игерудің нақты ғылыми-педагогикалық негіздері болуы қажет. Бұл негізде курста қарастырылған тақырыптарға мұқият кіріспе және олармен байланысты практикалық қолдануларды талқылау кіреді. Сондай-ақ курстың мақсаттарын, сондай-ақ оқушылардың бұрынғы білімі мен бар дағдыларын ескеру маңызды. Әрине осы ретте, оқушылардың қызығушылығын тудыратын және оқуға ынталандыратын тартымды және интерактивті әрекеттерді жасау маңызды[6, 571 б].

Соңғы жылдары қазіргі адамдар өз өмірінде заттар мен химиялық өнімдерді жиі пайдаланғанымен, орта мектеп білім алушыларының химия пәніне деген қызығушылығы төмендеді. Сонымен қатар, химияға арналған сағаттар азайып, оқытылатын тақырыптардың саны артты. Бүгінгі таңда химиялық білімнің күнделікті тұрмыс үшін маңызын түсінбеу арасында қайшылық бар. Осының аясында химияны оқыту барысында сабақтың теориялық деңгейін арттыру мен сыни ойлау дәрежесінің төмен дамуы арасындағы қайшылық білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының күрт төмендеуіне себеп болып отыр. Осы себептермен химиялық материалдарды қолдану барысын, осы заттармен саналы және қауіпсіз жұмыс жасау барысын, экологиялық стандарттармен жасалған жасанды өмір сүру аясындағы өзін-өзі ұстау ережелерін қалыптастыру қажеттілігі химия саласының негізгі міндеттері болып саналады[7, 213 б].

Жоғарғы сынып оқушыларының химия пәніне деген қызығушылығын, күнделікті тұрмыспен сабақтастыру принципін оқу-тәрбиелік саласынан қолдануды негізге ала отырып оқушылардың танымдық мотивациясын, дербестігін, ізденімпаздығын дамыту қазіргі таңдағы оқушыларға химияны оқытудағы маңызды міндет болып табылады. Бұл тақырыпқа әдістемелік еңбектерде және қазіргі жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесінде үлкен рөл атқарады.

Еліміздегі химияны оқыту әдістемесі тарихында бұл сұрақтың оқу жоспарында алатын орны бөлек. Бұрынғы білім беру жүйесімен салыстырғанда, жаңа білім беру жүйесінде өмірмен байланыс оқудың негізіне айналып, химияны оқу практикалық жұмыстармен алмастырылды.

Химияны өмірмен байланыстыра отырып оқыту бойынша көптеген зерттеулер бар. Мысалы, И.М. Титова оқу мотивациясының көптеген түрлерін зерттеді, Г.В. Пичугина адам-заттың күндегі тұрмысына арналған бірқатар тапсырмаларды белгіледі, Л.Ю. Аликберова тарихы бар ақпараттарға және эксперименттер, И.А.Линсон химиктердің ең үлкен жаңашылдық тарихы мен әдістеріне, А.А.Журин мектептегі химиға медиа саласының бірқатар әдістерін қолдануды қарастырады. Осындай ақпараттармен толығымен танысып, білу арқылы химия пәнін оқытудағы басты міндеттерді анықтап, практикада қолдана аламыз [8, 33 б].

Білім алушыларға химия пәнінен элективті курстарды өткізу аясында бірнеше фактілер мен әдістерге назар аударуға болады:

- химияға деген қызығушылықты арттыру үшін қолдануға болатын құралдарды анықтау;
- тұрмыспен химияның байланысын оқыту барысында оқытудың көптеген технологияларын қолдана алу;
- химия пәніне деген қызығушылықты арттырудың жоғарыда аталған әдістерді эксперименттік жүзінде тексеру.

Қазіргі кезде кең тараған оқытудың оқушыға бағытталған элективті курс арқылы бейіндік оқыту тәсілі – кәсіби бағдарларын ескеруді көздейді. Бұл тәсілді жүзеге асырудың бір жолы – мамандандырылған оқыту.

Бейіндік оқыту – білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімділігін және қабілеттерін жақсырақ ескеруге, оқу-тәрбие процесінің құрылымын, мазмұнын және ұйымдастырылуын өзгерту арқылы білім алу үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін білім беруді саралау құралы[8, 48 б].

Бүгінгі таңда жаратылыстану ғылымдарының өзектілігі уақыт өте келе өте жоғары деңгейге көтеріліп отыр, ал бұл жаратылыстану салаларының профильдерін аудиториялық және сабақтан тыс жұмыстар процесінде бақылау, оқу эксперименті және зертханалық жұмыстар сияқты зерттеу процедураларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Химиядағы ғылыми-зерттеу іс-әрекеті жоғары сынып оқушыларының осы әрекетті жүзеге асыруға деген ұмтылысынан басталады, бірақ оқушылар оған әрқашан жеткілікті түрде дайындала бермейді. Сондықтан зерттеу әрекетінің қарапайым элементтерінен күрделірек элементтерге дәйекті көшу ерекше маңызды, ол элективті курстарда сабақтан тыс уақытта жүзеге асады. Кез келген элективті курс оқушыларға барынша пайдалы ақпаратты қамтуы, дағдылар мен дағдыларды қалыптастырып, дамытуы, яғни зерттеушілік құзыреттіліктердің дамуына ықпал етуі керек. Біз зерттеп жатқан бағыттағы айтарлықтай жұмыс көлеміне қарамастан, қазіргі ғылымда жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік белсенділігін ынталандыру факторы ретіндегі химиядан элективті курстардың мүмкіндіктері жеткілікті түрде зерттелмеген.

Элективті курсты жүзеге асырудың ең тиімді педагогикалық формасы оқушылардың жобалық әрекеті болуы мүмкін. Жобалық әдістің мәнін көрсететін ең маңызды ерекшелігі – оқушылардың өз бетінше әрекет етуі. Жобамен жұмыс істеу процесінде оқушылар белгілі бір мәселелерді шешудің тұжырымдамалары мен тәсілдерін өздері меңгерген жағдайда жағдайлар жасалады. Дәл осы оқу процесін ұйымдастыру формасы жоғары сынып оқушыларының білім беру бағдарламасының міндетті талабы болып табылатын зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді[9, 17 б].

Осы ретте химия пәнінен элективті курстарды оқу кезінде жоғары сынып оқушыларында қалыптасатын зерттеу құзыреттілігінің 3 тобы 1-кестеде ұсынылды:

Кесте 1 – *Химия пәнінен элективті курстарды оқу кезінде жоғары сынып оқушыларында қалыптасатын зерттеу құзыреттілігі*

Құзіреттілік	Дағдылар
1. Коммуникативті-ақпараттық	*1. Бейтаныс адамдармен оңай және дұрыс қарым-қатынас орнату, әртүрлі тақырыптарда пікірталастарды сауатты жүргізу;* *2. Пікірталас тақырыбына өз пікіріңіз бен көзқарасыңызды қалыптастырыңыз, өз көзқарасыңызды қорғаңыз және әңгімелесушілеріңіздің пікірін тыңдаңыз;* *3. Ұсынылған әдебиеттерден шығып, іздену дағдыларын дамыту; алынған ақпаратты талдау және жүйелеу;*

2. Тұлғалық-семантикалық	*1. Нақты ғылыми-зерттеу жұмысы үшін пайдаланылатын ақпаратты түсіну дәрежесі және оны одан әрі қызметке қолдану мүмкіндігі;* *2. Ғылыми-зерттеу қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және жоғары деңгейге көшуге мотивация;* *3. Рефлексия дағдылары, студентке өз қателіктерін, оларды жою жолдарын, нәтижелерін және зерттеу әрекетін одан әрі дамыту жолдарын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.*
3. Оқу-танымдық	*1. Тек осы ғылыми-зерттеу қызметінің ғана емес, сонымен қатар сабақтас пәндік саланың мақсаттары мен құрылымын дұрыс анықтау;* *2. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті процесінде себеп-салдар байланысын орнату, аналогиялар салу және берілген мәселелердің оңтайлы шешімдерін анықтау;* *3. Ғылыми-зерттеу қызметінде шығармашылық көзқарасты қолдану, мәселелердің стандартты емес шешімдерін іздеу және оларды әртүрлі салаларда белсенді қолдану.*

Осылайша, элективті курстар бейіндік білім беру жүйесіне сәтті кіріктіріліп, жоғары сынып оқушыларының дамуы мен болашақ мамандығын таңдауына көмекші қызметін атқарады. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық-семантикалық, оқу-танымдық және коммуникативті-ақпараттық құзыреттіліктерін дамытудың тиімді түрі ретінде химиядан элективті курстарды қарастыруға болады.

Уақыт талабы мұғалімнің рөлін өзгертті, ол жалғыз білім тасымалдаушыға айналмады, ал оқушылар ақпарат әлемінде көшбасшы болды. Оқушылар қазір оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісі, ал мұғалім оқушының осы белсенділігін, бастамасын және дербестігін ынталандыратын көмекші және кеңесші болып табылады. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ақыл-ой әрекетінің әдіс-тәсілдерін қалыптастыру, өз бетінше жұмыс істей білу, жалпылау, қорытынды жасау, жаңа жағдайда алған білімдерін шығармашылықпен қолдану үшін оқу процесін ұйымдастыру.

Білім алушылар жаңа тақырыптарды игеру барысында мұғалім оларға бағыттаушы болуы керек. Педагог тақырыпты түсіндіруде заманауи жаңартылған оқытудың әдістерін қолдану қажет. Мұның себебі, химия пәні жалпыға білім беру стандарты мен бекітілген оқу жоспарының мазмұнының, сондай-ақ, білім алушылардың теориялық және практикалық іс-әрекетінің сапасын анықтайтын эталонға айналып отыр. Жыл сайын ғылым, техника қарқынды дамып, өнеркәсіпте жаңа салалардың пайда болуы және әлеуметтік-экологиялық жағдай тұрақты емес тұста мектептерде химияны қазіргі заманғы оқытудың маңыздылығы - уақыт талабы. Бірінші кезекте мұғалім өзі білім беретін топтағы әр оқушының сипатын, химия пәніне деген қызығушылығын және оның шығармашылық деңгейін білуі қажет.

Химияны игеру барысында педагогқа әртүрлі технологияларды қолдану өте тиімді, яғни бұл өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейінде тұрған білім алушыларға ықпал ету және олардың өзін-өзі көрсете алуына жағдай жасайды. Мұғалімге көмек бола алатын көптеген әдіс түрлері бар. Мысалы:

1-әдіс: Жалпы сұрау. Сыныптағы барлық білім алушылардың тақырыпты қаншалықты игергені анықталады. Олардың сұрақтарына жауаптар нақтыланған түрде қойылады және барлық оқушылардің пікірлері ескеріледі. Жалпы сұрақ-жауапта қысқа үзіліс болмаса, бір сұрақты білмейтін оқушы үзіліп, екінші оқушыға сұрақ қояды. Сұрақ-жауапқа барлық сынып оқушылары қатысады.

2-әдіс Жеке-жеке сұрау. Кейбір оқушылардің тақырыпты қаншалықты меңгергендігі әр түрлі иллюстрациялар немесе суреттер, үлестірмелі материалдар, тест сұрақтары арқылы анықталады. Бұл жағдайда мұғалім оқушымен жеке жұмыс жасайды, олардың жауаптарын тыңдайды, талқылайды және білімдерін бағалайды.

3-әдіс: Топтарға бөліп сұрау. Әр топға бөлек қатардағы тақтадан мысал келтіріліп, тез, анық және бірінші жауап беруі керек. Бұл оқушыны жылдам әрі белсенді болуға үйретеді.

Элективті курс үшін дайындалған тақырыптар жалпы білім беретін пәндермен тығыз байланысты және химия сабағында алған мәліметтерін кеңейтуге, тәжірибе жасау икемдерін дамытуға және нығайтуға ықпал етеді. Бұндай курстардың бағдарламасы мұғалімнің дәрістері мен оқушылардың презентацияларын, викториналарды химиялық зертханаларға экскурсияларды, рефераттарды оқуды және эксперименттер жүргізуді біріктіреді.

Химия пәнінің қолданбалы бағытын көрсететін бағдарлама нұсқаларының бірі ретінде 9-сынып оқушыларына арналған химиядан элективті курстың бағдарламасын ұсынуға болады. «Минералды тыңайтқыштар химиясы» элективті курс бағдарламасының негізгі құрылымдық компоненттерін әзірлеп шығу қызықты тақырыптардың бірі [10, 39 б; 11, 9 б].

Олай болса, «Минералды тыңайтқыштар химиясы» элективті курс бағдарламасының ұсынылып отырған жоспары [12, 4 б]:

Кесте 2 – *«Минералды тыңайтқыштар химиясы» элективті курс бағдарламасының жоспары*

Тақырыптық жоспар			
№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Жүргізу түрі
1	Минералды тыңайтқыштар туралы түсінік	1	Дәріс.
2	Минералды тыңайтқыштардың химиялық қасиеттері және қолданылуы	2	Дәріс. Дөңгелек үстел.
3	Минералды тыңайтқыштарды алудың негізгі әдістері және оларды қолдану салалары	3	Топтық жұмыс арқылы түрлі-түсті презентациялық құралдармен кері байланыс мақсатындағы сабақ.
4	Химия саласындағы тыңайтқыштарды өндірудің технологиялық әдістері	2	Дәріс. Видеоматериалдар арқылы өткізілетін сабақ.
5	Өндірісте ауаға бөлінетін зиянды заттар	2	Дәріс. Нәтижені бақылау үшін өткізілетін оқушылар арасында викторина.
5	Химия саласындағы минералды тыңайтқыштар тақырыбын зерттеудегі жетістіктермен танысу	3	Дәріс. Талқылау жұмыстары.
6	Қорытынды сабақ	2	Жобаларды қорғау
	Барлығы:	15 сағат	

Осылайша, оқушыларда минералды тыңайтқыштар жайында негізгі білім толықтай қалыптасатын болады. Минералды тыңайтқыштар – әртүрлі минералды тұздар түріндегі өсімдіктерге қажетті қоректік элементтері бар бейорганикалық қосылыстар. Минералды тыңайтқыштарды қолдану қарқынды егіншіліктің негізгі әдістерінің бірі болып табылады [13, 9 б]. Олар минералды қоспалардан механикалық немесе химиялық өңдеу әдістері арқылы өндіріледі. Минералды тыңайтқыштардағы қоректік заттар негізінен минералды тұздар түрінде беріледі, сонымен қатар органикалық қосылыстар, атап айтқанда, несепнәр бар. Минералды тыңайтқыштар бірнеше қасиеттері бойынша жіктеледі [14, 38 б].

Нәтижелер. Тәжірибе алдында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын білу және жұмыстың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың:

• 78%-ы «Минералды тыңайтқыштар химиясы» элективті курсын оқыту қажет деп санайды;

• 12%-ы химия курсы жеке оқушыларға оқытылған жөн деп санайды;

• 10%-ы химия пәнін оқытудың барысын түсінбейді.

Топтық әдіспен оқушылардың химиядан білім деңгейлері анықталды. Білім алушыларға 10 сұрақтан тұратын тапсырма берілген болатын. Тапсырма қорытындысы бойынша:

- 30%-ы химия пәнін түсінеді,білімі жақсы;
- 30%-ының химиядан білімі орташа;
- 40%-ының химиялық білімі жоқ.

Зерттеу жұмысы барысында оқушыларға дайындалған жоспар бойынша дәрістер мен семинарлар және зертханалық жұмыстар өткізілді. Аталған тақырыпқа байланысты элективті курстың нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы артқанын атап өтуге болады. Курс барысындағы минералды тыңайтқыштар тақырыбын зерттеудегі жетістіктермен танысу барысында оқушылар республикамыздың Тараз қаласында орналасқан Қазфосфат ЖШС минералды тыңайтқыштар зауыты филиалының жұмысымен танысып, үлкен қызығушылық танытты. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы үшін минералды тыңайтқыштар, азықтық фторсызданған фосфаттар шығаратын зауыт болып табылады. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда минералды тыңайтқыштардың ірі жеткізушілерінің рейтингін «Қазфосфат» компаниясы басқарды. Оның өнімдерін фермерлер 1 млн гектарға жуық егіс алқабында пайдаланды. Өнімі 598 га жерге пайдаланылған «Агрорешение» компаниясы жүздікті тұйықтады. Бұл мәліметтер оқушылар үшін өте қызықты. Себебі, теориялық білімге қарағанда практикалық дәйектермен білім алу екі есе әсер беріп, есте қалатыны шындық.

Жоғарыда жазылған толық ақпараттарға қанық болған оқушылар болашақта химия саласын меңгеруге деген қызығушылықтарын арттырғаны анық көрінді. Анығырақ айтқанда, элективті курсқа қатысып, аталған тақырыппен толық танысқан оқушылар химия саласында қандай мамандықтар бар екенін, жоғары оқу орнынан қандай дайындықпен түсуге болатынына байланысты сұрақтарды талқылауға да кірісті. Сондай-ақ, ең басты жетістік – қорытынды сабақта оқушылар өздерінің келешек кәсіби өмірлерін химия пәнімен, осы пәннің саласымен, химияны зерттеумен және қазіргі заманауи химия саласының өзекті мәселелерімен байланысты кәсіби мамандықпен байланыстырғылары келетінін атап өтті. Оқушыларды барынша келешегі кемел болатын еліміз үшін пайдалы, жаһандық бәсекеде әрдайым алдыңғы орында көрінетін, әлемнің алпауыт мемлекеттерінің ірі өндіріс компанияларымен теңесе алатын, тіптен асып түсетін отандық өндіріс орындарының мамандары болуға баулу негізгі мақсат екені сөзсіз.

Талқылау. Оқушылардың білім деңгейі мен химия саласына қызығушылығын арттыру үшін элективті курстарды қолдана отырып, осы міндеттер орындалса:

✓ Химия бөлмесін арнайы құрал-жабдықтармен (оқулықтармен, кестелермен, реактив-термен) жабдықтау. Кабинет білім алушыларға ыңғайлы болуы;

✓ Педагогтың жоғары білімі мен тәжірибесінің болуы;

✓ Оқушыларға химияны қарапайым жеткізе алуы;.

✓ Мұғалім сабақ түсіндіру барысында жаңа оқыту технологиясын қолдана отырып сабақ өтуі;

✓ Практика қосу. Оқушыларды экскурсияға апару. Арнайы өндіріс орындарына экскур-сия жасау арқылы оқушылардың химияға деген қызығушылығын оятуға болады. Бұл химия пәнін тұрмыспен байланыстырудың жолы;

✓ Химия сабағында есептер шығару мен зертханалық жұмыстардың жиі жасалынуы (виртуальды зертханаларды қолдана отырып);

✓ Пәнаралық байланыстарды орнату.

Қорытынды. Мақалада элективті курсқа кіріспе жасалынды. Яғни, мынадай сұрақтарға жауап табылады:

Элективті курс дегеніміз не?

Химияда элективті курсты енгізудің мақсаты қандай?

Элективті курстың оқушылардың қызығушылығын арттырудағы маңызы қандай?

Оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жасаған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Оқушыларды химия пәнінен оқытудың интербелсенді әдістері қарастырылды. Ғылыми зерттеу әдістерінде рейтинг, бақылау, эксперимент әдістері бойынша зерттеулер жүргізілді. Химия сан алуан түрлі-түске толы қызықты әрі жетекші ғылым ретінде болғандықтан, студенттерге баяндамалар мен презентацияларды дайындауға шығармашылық көзқараспен қарауды үйрену маңызды. Дербес танымдық әрекет нақты когнитивтік, оның ішінде химиялық заттармен корреляцияланатын логикалық әрекет элементтерін қамтиды. Химия өмір туралы ғылым болғандықтан, элективті курстар студенттердің ой қорыту, талдау және есеп шығару дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, негізгі мәселе оқушылардың кәсіби тәжірибелері химиялық мамандықтардың жұмыс профильдеріне сәйкес сабақта, практикалық жұмыстарда, химия экскурсияларында ұйымдастырылады: технологиялық, ғылыми, педагогикалық (сабақтағы топтық жұмысты ұйымдастыру, есептерді шығару – кәсіби контекст, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және т.б.). Бұл оқушыларға жеке тәжірибесін ескере отырып, оқу профилін және одан әрі білім алуды саналы түрде таңдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы // МОиН РК, Астана, 2010. – 57 с.

2. Ковалевская А.А. Методы повышения мотивации учителей на примере обучения химии. Вестник магистр .2021. № 9-1 (120). https://cyberleninka.ru/article/n/metody povy- sheniya-motivatsii-uchenikov-na-primereizucheniya-himii/viewer

3. Элективные курсы в профильном обучении: образовательная область «Естествознание» / Мин. Обр. РФ – Национальный фонд подготовки кадров. – Москва: Вита – Пресс, - 2004.С. 96.

4. Черникова Т.В. Методические рекомендации по разработке и оформлению программ элективных курсов // Профильная школа. - 2005. - №5. С. 11-16.

5. Nalley E.A. (57194806203). Technology supporting green chemistry in chemical education (2023) Physical Sciences Reviews, 8 (3), pp. 345 - 362, Cited 0 times. DOI: 10.1515/psr-2020-0002 https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85101244819&doi=10.1515%2fpsr-2020-0002&partnerID=40&md5=32c2b8b45ec7bcc4536db7b4a24da915

6. Бельницкая Е.А. Профессиональный контекст содержания практико-ориентированных задач по химии в условиях профильного обучения / Е.А. Бельницкая, Е.Я. Аршанский //Инновационные обучающие технологии в медицине: сб. материалов Респ. науч.-практ. конф. с междунар. участием. -2017. - С. 569-572.

7. Уроки химии в 7-11 классах / Е.Я. Аршанский, Е.А. Бельницкая, Т.А. Колевич [и др.] - Минск: Аверсэв, 2016. - Сер.: Национальный институт образования. - 320 с.

8. Артемова Л.К. Профильное обучение: опыт, проблемы, пути решения// Педагогическое образование и наука. - 2003. - №1. - С.46-51.

9. Тяглова Е.В. Исследовательская деятельность учащихся по химии. - Москва, - 2007. - 223 с.

10. Бейсембаева Л.К. Профильное обучение: опыт России и Казахстана. Элективті курстардың теориясы мен практикасы // Хабаршы Вестник, химия сериясы, Алматы: - 2008.- № 3(51). –С. 224-229.

11. Абылкасымова А. Е. Состояние, тенденции развития педагогической науки Казахстана, прорывные направления, приоритеты // Білім - Образование. - 2006. - № 2. - С. 64 - 67.

12. Влияние элективных курсов по химии на развитие исследовательских компетенций старшеклассников: Психолого-педагогический журнал ГАУДЕАМУС, Т. 18, № 3(41), 2019. УДК 372.854 Doi: 10. 20310/1810-231x-2019-18-3(41)-27-31

13. Горбовский Г.Я., Казаков М.М.: Технология неорганических веществ: минеральные удобрения и соли. Термическое разложение комплекс.: Лань, 2022 г. ISBN: 978-5-8114-8354-9. С – 7-56.

14. Технология минеральных удобрений: Учебное пособие. Пермский национальный исследовательский политехнический университет, 2013. ISBN: 978-5-398-00993-4. С – 31-97.

References:

1. State education development program of the Republic of Kazakhstan for the years 2011-2020 // Ministry of Education and Culture, Astana, 2010. - 57 P.

2. A. A. Kovalevskaya. Methods of increasing teacher motivation based on the example of teaching chemistry. Bulletin of the Master. 2021. No. 9-1 (120). https://cyberleninka.ru/ article/n/metody-povysheniya-motivatsii-uchenikov-na-primereizucheniya-himii/viewer

3. Elective courses in professional education: educational region "Estestvoznanie" / Min. Obr. RF - National Fund for Personnel Training. - M. : Vita - Press, 2004. C - 96.

4. Chernikova T.V. Methodological recommendations for the development and design of programs of elective courses // Profile school. 2005. No. 5. - pp.11-16.

5. Nalley, E. Ann (57194806203). Technology supporting green chemistry in chemical education (2023) Physical Sciences Reviews, 8 (3), pp. 345 - 362, Cited 0 times. DOI: 10.1515/psr-2020-0002 https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85101244819&doi=10.1515%2fpsr-2020-0002&partnerID=40&md5=32c2b8b45ec7bcc4536db7b4a24da915

6. Belnitskaya E.A. The professional context of the content of practical-oriented tasks in chemistry in the conditions of profile training / E.A. Belnitskaya, E.Ya. Arshansky // Innovative educational technologies in medicine: sb. Materials Res. science and practice conf. international. participation. -2017. - pp. 569-572.

7. Chemistry lessons in grades 7-11 / E.Ya. Arshansky, E.A. Belnitskaya, T.A. Kolevich [and others] - Minsk: Aversev, 2016. - Ser.: National Institute of Education. - 320 P.

8. Artemova L.K. Professional education: experience, problems, solutions// Pedagogical education and science. 2003. No. 1. - pp. 46-51

9. Tyaglova E.V. Issledovatelskaya activity of chemistry students. Moscow, - 2007. - P.223

10. Beysembaeva L.K. Profile training: experience of Russia and Kazakhstan. Theory and practice of elective courses // Khabarshi Vestnik, chemistry series, Almaty: - 2008.-№ 3(51). -pp. 224-229.

11. Abylkasymova A.E. Status, trends in the development of pedagogical science in Kazakhstan, breakthrough directions, priorities // Education - Education. - 2006. - No. 2. - pp. 64 - 67.

12. Influence of elective courses in chemistry on the development of research competences of high school students: Psychological and pedagogical journal GAUDEAMUS, T. 18, No. 3(41), 2019. UDC 372.854 Doi: 10. 20310/1810-231x-2019-18-3(41)-27-31

13. Gorbovsky G.Ya., Kazakov M.M: Technology of inorganic substances: mineral fertilizers and salts. Thermal decomposition complex.: Lan, 2022. ISBN: 978-5-8114-8354-9. pp - 7-56.

14. Technology of mineral fertilizers: Educational manual. Perm National Research Polytechnic University, 2013. ISBN: 978-5-398-00993-4. pp- 31-97.

ҒТАМР 31.01.45 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.007**

Суранчиева Р.М.[1], Балабекова Г.М.[1], Унербаева З.О.[2]*
[1]Алматы қаласы Ж.Жабаев атындағы №161 лицей
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: t.roza66@mail.ru

КРЕМНИЙ НАНОТАЛШЫҚТАРЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жас ұрпақты ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, жұмылдыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары айтылады. Оқушыға жетекшілік жасайтын мұғалімнің жұмыс бағдары, оқушыларға арналған зерттеу техникаларын анықтау барысында қажетті критерийлер ұсынылды. Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінен жүлделі екінші орынға ие болған ғылыми жобаның мысалында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбына сай қазіргі заманауи талаптарға жауап беретін, халық шаруашылығында маңызы зор кремний наноталшықтарын қарапайым әдістермен алу және олардың қасиеттерін зерттеу нәтижелері талданады. Кремний наноталшықтарын алуда оқушылардың өздері қолымен жасауға болатын қарапайым метал енгізілген химиялық жеміру әдісі пайдаланылды. Оқушылардың осы қарапайым әдіс бойынша кремний наноталшығын алу үрдісін әр түрлі уақыт кезеңінде жүргізілген зерттеу нәтижелері мен талдаулары ұсынылды. Кремний наноталшықтарын ұзындықтары химиялық жеміру уақытына тәуелділігінің сипаты сызықтық екендігі дәлелденді. Талдау нәтижелері негізінде кестелер мен сызбалар ұсынылды. Кремний наноталшықтары қабатының қалыңдығы артқан сайын оның жарықты шағылыстыру қабілеті күрт төмендейді, яғни жұту қасиеті артатыны күн энергиясын сіңіруде өте маңызды. Мақалада сипатталған кремний наноталшықтарын алу және олардың маңызды қасиеттерін зерттеу аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде арзан әрі экологиялық таза, экономикалық тиімді энергия алу туралы қорытынды және ұсыныс жасалды.

Түйін сөздер: кремний, кремний наноталшықтары, метал енгізілген химиялық жеміру әдісі, сканерлеуші электрондық микроскопия, химиялық катализдік әдіс, күн энергиясын жұту қабілеті, бір өлшемді құрылымдар.

Суранчиева Р. М. [1], Балабекова Г. М. [1], Унербаева З. О. [2]*
[1]Лицей № 161 имени Ж. Жабаева г. Алматы
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: t.roza66@mail.ru

ПОЛУЧЕНИЕ НАНОПРОВОЛОК КРЕМНИЯ И ИЗУЧЕНИЕ ИХ СВОЙСТВ

Аннотация

В статье освещаются пути организации научно-исследовательской работы учащихся в школе и приобщения подрастающего поколения к научно-исследовательской работе, мобилизации и развития их творческих способностей. Ученику была предложена ориентация работы курирующего учителя, необходимые критерии при определении методов исследо-

вания для учащихся. Проведен анализ научно-исследовательской работы учащихся на примере научного проекта, занявшего второе призовое место республиканского этапа республиканского конкурса научных проектов по общеобразовательным предметам. Анализируются результаты получения простейшими методами кремниевых нанопроволок, имеющих большое значение в народном хозяйстве, отвечающих современным требованиям в соответствии с тематикой научно-исследовательской работы и изучения их свойств. При получении кремниевых нанопроволок использовался метод химического травления, в который вводился простой металл, который можно было сделать вручную самими учениками. Были представлены результаты исследования и анализ процесса получения студентами Кремниевой нанопроволоки по этому простому методу, проведенные в разные периоды времени. Было доказано, что характер зависимости длин кремниевых нанотрубок от времени химического травления является линейным. На основании результатов анализа были представлены таблицы и схемы. По мере увеличения толщины слоя кремниевых нанопроволок его способность отражать свет резко снижается, а это означает, что свойство поглощения увеличивается, что очень важно для поглощения солнечной энергии. В статье проведенной в рамках исследования важнейших свойств и получения кремниевых наноталок, описанной в научной работе, были сделаны выводы и рекомендации по получению дешевой и экологически чистой, экономически эффективной энергии.

Ключевые слова: кремний, кремниевые нановолокна, метод химического травления с металлом, сканирующая электронная микроскопия, метод химического катализа, поглощение солнечной энергии, одномерные структуры.

Suranchieva R. M. [1], Balabekova G. M. [1], Unerbaeva Z. O. [2]*
[1]Lyceum No. 161 named after Zh. Zhabaev, Almaty, Kazakhstan
[2] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: t.roza66@mail.ru

PRODUCTION OF SILICON NANOWIRES AND STUDYING THEIR PROPERTIES

Abstract

The article highlights the ways of organizing the research work of students at school and introducing the younger generation to research work, mobilizing and developing their creative abilities. The student was offered the orientation of the supervising teacher's work, the necessary criteria for determining research methods for students. The analysis of students' research work is carried out on the example of a scientific project that took the second prize at the republican stage of the republican competition of scientific projects in general education subjects. The results of obtaining silicon nanowires by the simplest methods, which are of great importance in the national economy and meet modern requirements in accordance with the subject of scientific research and the study of their properties, are analyzed. In the production of silicon nanowires, a chemical etching method was used, in which a simple metal was introduced, which could be made manually by the students themselves. The results of the research and analysis of the process of obtaining Silicon nanowires by students using this simple method, carried out in different time periods, were presented. It has been proved that the dependence of the lengths of silicon nanotubes on the time of chemical etching is linear. Based on the results of the analysis, tables and diagrams were presented. As the thickness of the silicon nanowire layer increases, its ability to reflect light decreases sharply, which means that the absorption property increases, which is very important for the absorption of solar energy. The article carried out within the framework of the study of the most important properties and production of silicon nanotalks described in the scientific work, conclusions and recommendations were made

on obtaining cheap and environmentally friendly, cost-effective energy.

Keywords: silicon, nanofibers, chemical etching method with metal, scanning electron microscopy, chemical catalysis method, solar energy absorption, one-dimensional structures.

Негізгі ережелер. Қазіргі оқу бағдарламасы бойынша 11 сыныпта «Нанотехнология», «Жаңа материалдар» деген үлкен маңызды өндірістік тақырыптар оқытылады. Бұл оқушыларды еліміздің химиялық өндірісімен танысуға, қарыштап дамып жатқан жаңа технологиямен танысуға, оны дамытуға үлес қосуға бағыттайтын тақырыптар. Осы тақырыптарды өткенде жас ұрпаққа қарапайым кремнийдің, Қазақстанда жер қойнауынан қиналмай табылатын кремнийдің ауыл шаруашылығы үшін өте тиімді қолданбалы қасиеттерін жеткізу, оқушылар жасаған ғылыми зерттеу нәтижелерін көрсету оларды функционалдық сауаттылыққа жетелейді, ғылымға үлес қосуға бағыттайды, пәнге, химия ғылымына қызығушылықтарын арттыра түсері сөзсіз. Міне, сол себепті мектеп қабырғасында жасалатын кез келген ғылыми зерттеу жұмыстарының аясы кішкентай болса да еліміздің экономикасы үшін, табиғаты үшін, адамзат үшін маңызды, өзекті тақырып болғаны абзал. Ұсынылып отырған ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбына бүгінгі күннің осындай өзекті және өндірістік маңызы зор тақырып таңдалды.

Кіріспе. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларына бағдарлама аясында білім берумен қатар, оларды қызығушылықтарына қарай ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, жұмылдыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту әр педагогтің алдындағы ең басты мақсаттардың бірі. Бұл - Қазақстан Республикасының интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға орасан зор ықпал етеді. Осындай дарынды оқушылармен жұмыстың бірі – ғылыми жоба қорғау. Алдына келген оқушының арасынан осындай әлеуеті зор, дарынды шәкіртті таңдай білу, оған тиісті дәрежеде бағыт бере білу мұғалімнің шеберлігіне, біліктілігіне байланысты. Ең маңызды нәрсе - жан-жақты қабілетті, өздігінен іздене алатын, алғыр, қабілетті, дарынды оқушыны дұрыс таңдай білу. Екінші маңызды нәрсе – оқушының қызығушылығын ескере отырып, өте маңызды, өзекті, қызықты тақырыпты таңдай білу. Осы екі маңызды шарт үлкен жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

Оқушылар арасында қазіргі таңда зерттеу іс-әрекетіне қызығушылықтың артып келе жатқаны байқалады. Осы қызығушылықты байқау, оған бірден қолдау көрсету пән мұғалімінің байқампаздығына тәуелді. Оқушыға жетекшілік жасайтын мұғалім төмендегідей бағдармен жұмыс істейді:

- оқушылар тарапынан теориялық материалдарды стандартты емес, өзіндік амалмен шешуді, шығармашылықпен шешуге бейім балаларды анықтау;
- оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына жұмылдыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- шығармашылық ізденісі және зерттеу жұмыстарын орындау үрдісі кезінде оқушылардың аналитикалық және сын тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру;
- кәсіптік бағдарлауда көмек көрсету;
- оқушылардың іс-әрекет барысында мақсат қоя білуді және жүйелілікті дамыту;
- қойылған мақсатқа жету арқылы және қол жеткен нәтижелердің басылуына орай оқушылардың өз орындарын таба білуі.

Осы үрдістерді уақытылы жүргізу, үйлестіру оқушылардың зерттеу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудағы маңызды жағдай болып табылады.

Оқушының зерттеу жұмысына жетекшілік жасайтын мұғалім қарастырылып жатқан мәселенің кез келген сұрағының меңгерілу деңгейін сараптау негізінде зерттелетін жұмыстың болжам тақырыптарының тізімін құрастырады; зерттеу жұмысының тақырыбын таңдауда

оқушыларға көмек көрсетеді; зерттеу жұмысының жұмыс бағдарламасын құрастыру; ағымдық жетекшілік, әдістемелік, ұйымдастырушылық-техникалық көмек береді; оқушыларға үнемі кеңес беру; зерттеу жұмысының негізгі кезеңдерінің орындалуын бақылайды; көрнекілік әдістемені құрғанда, оқушының зерттеу жұмысы туралы есеп беруді құрастыруда әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық көмек көрсетеді; оқу – тәрбие үрдісінде оқушының зерттеу жұмысының нәтижесін қолдану бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу; шығармашылық жұмыстар сайысына, олимпиадаларға және ғылыми конференцияларға қатысудағы дайындыққа зерттеу жұмысының орындаушыларына көмек көрсетеді; келешекте зерттеу жұмысының нәтижесін жариялауға көмек көрсетеді. Міне, бұл жұмыстар қарапайым болғанымен, өте жауапкершілігі жоғары, еңбекқорлықты, ыждағаттылықты қажет етеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзі нәтижесі бірден көрінбейтін, өте ұзақ күтуді қажет ететін, білім мен білікті қажет ететін сала. Сондықтан ғылыми зерттеу жұмысына келетін оқушыны осы тұрғыда алдын ала даярлау, салмақтылыққа, нәтиже көрінбеген тұста бәрін бірден тастап кетпеуге дайындау қажет.

Оқушыларға арналған зерттеу жұмыстарын құру барысы көбінесе бір оқу жылымен шектелмейді, бірақ оқушылар түрлі жағдайға байланысты мысалы, таңдаған тақырыптың күрделілігі, қажет мәліметтің жоқтығы, статистикалық зерделеудің көптігі негізінде зерттеу жұмыстарын бірнеше жылдар бойы жүргізе алады. Зерттеу жұмысының ең маңызды және жауапты кезеңдерінің бірі әр оқушы тарапынан зерттеу тақырыбын таңдау болып табылады.

Оқушыларға арналған зерттеу техникаларын анықтау барысында келесі критерийлерді білу:

1) тақырыптың қажеттілігі, зерделеуінің аздығы және іс жүзінде маңыздылығы;

2) зерттеуші-оқушының қызығушылығымен сәйкестік;

3) нақты орындаушылығын;

4) таңдалған ғылыммен зерделенетін жалпы үрдіс заңдылығын терең түсіну мүмкіндігі;

5) түрлі ақпарат көзімен қамтылу;

6) тақырыпты ғылыми және әдеби көзқараспен қалыптастыру сауаттылығы (тақырыпты қарастырудағы нақты шеңберді көрсетумен).

Мектеп оқушылары зерттеу жұмысының рефераттан айырмашылығын көру керек және де зерттеу жұмысы нәтижесін алдын ала білмейтін шығармашылық амалдарды шешумен байланысты екендігін түсіну керек.

Оқушының жұмыс барысында қолданатын тақырып атауын тұжырымдағаннан кейін (өзінің зерттеу жұмысын аяқтап болғаннан кейін нақты тақырып атауын анықтауға болады) – зерделеу жұмысының орындаушысы зерттеу жұмысының жұмыс бағдарламасын құруға ауысады. Осы кезеңде мәселенің жағдайы нақтыланады, зерттеу жұмысының мақсаты (жұмыс тақырыбынан оңай анық болады) және қажет деңгейі, оның міндеті, әдісі мен кезеңі анықталады, сонымен бірге зерттеудің нәтижесі болжамдалады. Сондай-ақ, таңдалған тақырыппен етене таныс, сол саланы зерттеумен айналысатын ғалым-мамандардың көмегі ауадай қажет. Сондықтан жоғары оқу орындарынан, ғылыми-зерттеу институттарынан білікті, жас жеткіншектермен жұмыс істеуде ерінбейтін, үйретуден жалықпайтын ғылыми кеңесшілер табу өте маңызды. Ғылыми зерттеу жұмысының ғылымилығын түсіндіретін де, оған арқау болатын іс-тәжірибе бөлімін жүргізуге зертханалық жағдайды ұйымдастыруға да көмектесетін осы ғылыми кеңесшілер. Ғылыми кеңесші мен жоба жетекшісі бірлесіп, оқушыны ғылым әлеміне жетелейді.

Тақырыптың зерделеу жағдайын анықтау, зерттеу мақсатын нақтылау, үйлесімді жұмыс әдісін таңдау үшін оқушылар тарапынан таңдалған тақырыптың мәселесі бойынша отандық және шетелдік әдебиеттермен нақтырақ танысу қажет. Жұмыс жетекшісінде тақырып

бойынша қажетті ақпаратты алғаннан кейін оқушы жұмысын алдымен әдебиетті іздеуден бастайды.

Биылғы 2023-24 оқу жылында мектебімізде осындай дарынды балалармен жаратылыстану ғылым салаларынан бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңінен жүлделі орындарға ие болды. Ал химия секциясы бойынша «Кремний наноталшықтарын алу және олардың қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жоба республикалық кезеңге өтті. Жоғары жауапкершілікпен, үлкен тиянақтылықпен атқарылған жұмыстың нәтижесінде 9-сынып оқушыларының осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жасаған ғылыми жобалары Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінен жүлделі II орынға ие болды. Енді неге бұл жұмыс республикалық кезеңге өтті деген сұрақ туындайды? Оған себеп, біздің ойымызша, біріншіден, ғылыми зерттеу тақырыбы өте қызықты, қазіргі заманауи өзекті тақырып. Екіншіден, ғылыми-зерттеу жұмысында ұсынылған идея – қоғамға аса пайдалы, экологиялық таза әрі экономикалық тиімді электр қуатын алуға мүмкіндік беретін кремний наноталшығын арзан жолмен өндіру. Бұл да бүгінгі таңның өте өзекті мәселесі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен қызық- тылығы, тиімділігі тәуелсіз сарапшылардың назарын аударуы әбден мүмкін. Енді осы жұмыстың мысалында оқушылардың ғылыми жұмысының құрылымына тоқталайық.

Материалдар мен әдістер. XXI ғасырдың басы нанотехнологиялар мен наноматериалдарың дамуының революциялық бастамасы екендігі баршамызға мәлім. Қазіргі таңда олар әлемдегі барлық дамыған мемлекеттерде адамзат қызметінің (өнеркәсіп, ақпарат саласында, радиоэлектроникада, энергетикада, биотехнологияда, медицинада) аса маңызды салаларында қолданылып жүр.

Нанотехнологияның Қазақстандағы дамуының маңызы еселеп артуда. Нанотехнологияның пайда болуы қарапайым көзге көрінбейтін заттар мен қондырғыларды алудың философиялық жаңа сапалы деңгейін білдіреді. Қазіргі таңда бүкіл әлемде нанотехнологиялық төңкеріс жүріп жатыр. Қазақстандық ғалымдар бірқатар жылдар бойы наноматериалдар саласын зерттеуді сәтті дамытып жатыр. Наноматериалдар мен нанотехнологиялардағы іргелі және қолданбалы түсініктердің дамуы жақын уақыттың өзінде адам өміріндегі көптеген салаларда түбегейлі өзгерістерге әкеледі: материалтануда, энергетикеада, электроникада, информатикада, машина жасауда, медицинада, ауыл шаруашылығында, экологияда. Компьютерлік-ақпараттық технология және биотехнологиямен бірге нанотехнология XXI-ғасырдағы ғылыми-техникалық төңкерістің іргесі болып табылады. 2014 жылы З.А. Мансуров, М.Т. Габдуллин редакциясымен жазылған Қазақстандық ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулері мен заманауи деңгейін көрсететін «Белая книга по нанотехнологиям» (Нанотехнологияның ақ кітабы) атты еңбегі Қазақстандағы нанотехнологияны зерттеу саласының жоғары сатыда дамып келе жатқанын көрсетті. Жану проблемалары институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Химия және химиялық технологиялар факультеті және физика-техникалық факультетіндегі Ашық типтегі Ұлттық нанотехнологиялық зертханасы және шалаөткізгіш аспаптар зертханасының М. Нажипкызы, Р. Е. Бейсенов, Мұсабек Гауһар Қалижанқызы сынды білікті ғалымдар осы бағытта мемлекеттік және университеттік бағдарламадағы нанотехнологиялық зерттеулерге белсене атсалысып, осы бағытта қажырлықпен еңбек етіп келеді. Осы бағдарламалардың бір бағыты - кремний өндіру саласымен тікелей байланысты. Кремний шикізаты күн батареяларын орнатудағы негізгі материал болып табылады. Еліміздің жер қойнауында осындай 85 миллион тонна шикізат бар. Қазақстан ғалымдары түрлі компаниялармен бірлесе отырып, кремний өндіру арқылы келешекте фермерлік шаруашылықтарға арналған күн батареяларын шығаруды жоспарлауда. Күннің, желдің, судың қуат көздерін пайдалану жылына 300 тәулік бойына күн шығатын,

күшті жел соғатын, оңтүстік-шығыс аймақта тау өзендері сарқырап ағатын Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуы үшін өте пайдалы. Алыстағы жайылымдар мен егіншілерге түгелдей электр желісін апару тым қымбатқа түседі. Нанотехнологияның тәжірибесі күн сәулесі батареялары көрсеткіші 36-40 пайызға жеткізілгенде ғана бәсекелестікке қабілетті болатындығын көрсетуде.

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі кезде қоғамның және технологияның артуына байланысты энергияға сұраныс арта түсуде, ал керісінше дәстүрлі энергия көзінің қоры азайып барады. Осыған байланысты, ғалымдардың басты мақсаты: арзан әрі тиімді энергия көздерін арттыру болып табылады. Қоршаған ортаның ластануы да өте үлкен өзекті мәселе болғандықтан, ғалымдар қоршаған ортаға, экологияға әрі адамзатқа зияны тимейтін энергия көздерін анықтауға тырысады. Осы қойылған талаптардың барлығына сәйкес келетін басты материал - кремний наноталшықтары.

Біріншіден, кремний наноталшықтарын қалыптастыруда қымбат вакуумдық қондырғыны қажет етпейтін, өлшемдері мен ауданы бойынша шек қойылмайтын наноқұрылымдар алуға мүмкіндік беретін, қарапайым *метал енгізілген химиялық жеміру* әдісі пайдаланылды.

Екіншіден, алынған кремний наноталшықтары күн батареяларының құрамына енгізіліп, олардың тиімділігін арттыра алады. Бұл наноқұрылымдар күн сәулесін көбірек жұтып, көбірек электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Сонда еліміз үшін әрі экономикалық арзан, әрі экологиялық таза өндіріс ретінде ұсынылатын Жоба.

Кремний наноталшықтарының құрылымдық қасиеттерін білу олардың әлеуетін пайдалану үшін өте маңызды. Олардың морфологиясы мен кристаллографиясын зерттеу үшін трансмиссиялық электронды микроскопия (TEM) және сканерлеуші электрондық микроскопия (SEM) сияқты құралдар да қолданылды.

Кремний наноталшықтырының синтезі нанотехнологиядағы маңызды прогресті білдіреді. Бұл бір өлшемді наноқұрылымдар үлкен көлемдегі аналогтарынан айтарлықтай ерекшеленетін ерекше электрлік, механикалық және оптикалық қасиеттерді көрсетеді. Олардың синтезі олардың өлшемін, пішінін және кристалдық құрылымын бақылауға мүмкіндік беретін күрделі химиялық процестерді қамтиды, электроника, фотоника және энергияны түрлендіруді қоса алғанда, әртүрлі салаларда арнайы қолданбаларға жол ашады.

Қазіргі заманғы электроника мен күн батареяларының негізгі элементі ретінде бізге жақсы белгілі кремний, біз онымен наноөлшемде жұмыс істей бастағанда мүлдем жаңа қасиеттерге ие болады. Кремний наноқұрылымдары нанометрмен өлшенетін миниатюралық, таңғажайып реттелген түзілімдер. Олардың бірегей қасиеттері мен әлеуеті біздің әлемді өзгерте алатын жаңа материалдар мен құрылғыларды жасауға мүмкіндік береді[1].

Кремний наноқұрылымдарының синтезі белсенді зерттеу саласы болып табылады. Қазіргі әдебиеттерде химиялық тұндыру, эпитаксия, газ фазасы және сұйық фаза әдістерін қоса алғанда әртүрлі синтез әдістерін табуға болады. Соңғы зерттеулер, кремний наноталшықтарын күн батареяларында қолдануды зерттеп, олардың энергетикалық технологиялардағы әлеуетін көрсетті [1].


Кремний наноқұрылымдары әртүрлі құрылымдарға ие, олардың ішінде аморфты, кристалдық және т.б. Олар әдетте жоғары беттік белсенділікке ие және оларға бірегей химиялық және физикалық қасиеттерді беретін үлкен салыстырмалы аймаққа ие. Қазіргі заманғы зерттеулер кремний наноқұрылымдарының оптикалық қасиеттерін егжей-тегжейлі зерттейді [2], бұл оптикалық құрылғыларды құрудың жаңа перспективаларын ашады.

Нәтижелер. Қазіргі таңда кремний наноқұрылымдарын алу әдістерінің алуан түрі кездеседі, бірақ ең тиімділердің бірі болып осыдан бірнеше жыл бұрын ұсынылған метал енгізілген химиялық жеміру әдісі болып табылады. [3]

Бұл әдіс негізінен химиялық катализдік әдіс болып табылады. Катализатор ретінде кремний төсенішінің бетіне $AgNO_3$ тұзының ерітіндісінен химиялық жолмен отырғызылатын күміс

нанобөлшектері қолданылады. Әдістің негізгі артықшылықтары деп оның үнемділігін, наноқұрылымды бірден үлкен ауданға өсірудің мүмкіншілігін және өте қымбат және күрделі вакуумдық техниканы пайдалануды талап етпейтіндігін атауға болады [3]. Бұл оқушылардың да осы зерттеу жұмысын бастауына , жұмыс барысын өздері қадағалап бақылауларына мүмкіндік берді. Негізгі ғылыми зерттеу жұмыстары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і, физика-техникалық факультетіндегі Ашық типтегі Ұлттық нанотехнологиялық зертханасында және шалаөткізгіш аспаптар зертханасында ғылыми жетекші Мұсабек Гауһар Қалижанқызының кеңесімен (PhD докторы, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ доценті) жүргізілді. Химиялық өңдеу фтор қышқылы мен сутегінің асқын тотығының негізіндегі ерітінділерде жүргізіледі. Жемірілу біткеннен кейін күміс нанобөлшектері концентрленген азот қышқылына батыру жолымен дайын наноқұрылымның бетінен алынды. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі деп бұл әдістің көлемі үлкен кремнийде, жұқа кремний қабаттарында, аморфты, шыны төсеніштерде пайдалануға болатындығын айтамыз.


МЕХЖ әдісімен алынатын кремний наноталышықтарын алу негізгі 3 сатыда жүреді: 1) күміс нитраты тұзының ерітіндісінен катализаторлық күміс нанобөлшектерін монокристалды кремний төсенішінің бетіне отырғызу, 2) фтор қышқылы мен сутегі асқын тотығының ерітіндісінде кремнийдің химиялық жемірілуі нәтижесінде наноталшықтарды өсіру, 3) концентрленген азот қышқылына салу арқылы күміс нанобөлшектерін алып тастау [4]. Төмендігі 1-суретте КНТ дайындау процесінің сызбанұсқасы көрсетілген.



Сурет – 1. Кремний наноталшықтарын алудың метал енгізілген химиялық жеміру әдісіні сызба түріндегі сатылары

МЕХЖ-дің бірінші сатысында кристалдық кремний (c-Si) пластинасының бетіне жұқа күміс бөлшектері қабатын отырғызу үшін оны (1:1) қатынасында $AgNO_3$/HF (0,02 моль $AgNO_3$ / 5 моль HF) ерітіндісіне 30 және 45 секундқа салынады. Осыдан кейін пластинаны кептіріліп, келесі (1:10) қатынасында H_2O_2/HF (37% H_2O_2 / 5 моль HF) ерітіндісіне 3, 5 және 10 минутқа салынды. Осы сатыда c-Si мен күміс бөлшектері арасында тотығу – тотық- сыздану реакциясы жүреді. Осы реакцияның жүру барысында күміс бөлшектері отырған кремний бөлігінде химиялық өңдеу жүреді. Соңғы кезеңде күміс бөлшектері концентрленген азот қышқылына 5 минут ішінде өңдеу арқылы алынды.

Ары қарай алынған кремний наноталшық үлгілерінің көлденең қимасы мен беткі жағының СЭМ бейнелері 2-суретте қарастырылды.



*Сурет – 2. меншікті кедергісі 12 Ом*см болатын р-типті монокристалды кремний пластинасынан МИХЖ-дің 5 минут ішінде алынған КНТ-ның көлденең қималарының СЭМ бейнері: а) Ag отырғызу уақыты 30 секунд; б) Agотырғызу уақыты 45 секунд*

Талқылау. Суреттерден көрініп тұрғандай, КНТ қабатының қалыңдығы сәйкесінше 402,2 нм және 1100 нм құрады, талшықтар тура, бір бағытпен – вертикаль төмен түзілді. Беттен тереңге кеткен қуыс төсемелерін көруге болады. Сондай-ақ, күміс бөлшектерінің төсеме бетінде бірқалыпты орналасқанын көруге болады, өрескел біртекті емес жерлері де бақыланады. Қышқылы бар ерітіндідегі жеміру уақытын көбейтсек, сәйкесінше КНТ қабатының қалыңдығы да өседі. Жеміргіштің сулы ерітіндісінде ұстау уақыты неғұрлым жоғары болса, алынатын талшықтардың да ұзындығы жоғары болады. Суретте келтірілген құрылымдардың катализатор- күміс бөлшектерінің бастапқы концентрациясы әртүрлі болғандықтан, жеміру орталықтарының саны да сәйкесінше әртүрлі. 45 секунд ішінде отырған күміс бөлшектерінің саны 30 секунд ішінде отырған бөлшектер санынан әлдеқайда көп болып тұрған соң жалпы химиялық жеміру жылдамдығы да сәйкесінше жоғары болады. Бірінші құрылым үшін жеміру жылдамдығы шамамен 80 нм/мин болса, екіншісі үшін- 220 нм құрады.


Кесте 1– *Монокристаллды кремний төсеніштері үшін КНТ қалыптастыру параметрлері*

Ag отырғызу уақыты, сек	Жеміру уақыты, мин	Қалыңдығы, нм	КНТ өсу жылдамдығы, нм/мин
30 сек	2	250	125
30 сек	3	314	104,7
30 сек	5	402	80,4
45 сек	3	664	221,3
45 сек	5	1100	220
45 сек	10	2000	200

1- кестеде келтірілген мәліметтерді талдай отырып, күміс бөлшектері отырғызу уақыты 30 секунд болған жағдайдағы химиялық жемірудің орташа жылдамдығы шамамен 100 нм/сек, ал 45 секунд болған жағдайдағы реакция жылдамдығы шамамен 210 нм/сек құрайтынын байқады. Осыдан жоғарыда жасалған катализатор бөлшектерінің мөлшері неғұрлым көп болса, КНТ қабаты соғұрлым тез өсетіні туралы болжамның заңды екендігі расталды.

3-суретте р-типті өткізгіштігі бар c-Si пластинаның бетінде түзілген КНТ үлгілері үшін өлшенген жалпы шағылу спектрлері, сондай-ақ күміс бөлшектері бар және бастапқы

кристалды кремний бетінің спектрлері көрсетілген. Шағылыстыру спектрлерінің салыстырмалы талдауынан КНТ толық шағылысу бастапқы төсеніш сипаттамаларынан айтарлықтай төмен екендігі шығады. Кристалды кремний үшін көрінетін аймақтағы орташа шағылысу 33,5%, инфрақызыл аймағында 47%, күміс нанобөлшектерді қолданғанда көрінетін аймақтағы орташа шағылысу мәні 45% дейін артады, ал инфрақызыл аймағында іс жүзінде өзгеріссіз қалады. Бұл қатты денелердің оптикалық қасиеттерін сипаттаудың классикалық теорияларының тұжырымына сәйкес келеді [5].



Сурет – 3. Күміс бөлшектері бар және онсыз p-типті кремний төсенішінің және 15, 30 және 60 минутты МЕХЖ уақытымен алынған КНТ үлгілері үшін толық шағылысу спектрлері

Қорытынды. Ғылыми жұмыста сипатталған кремний наноталшықтарын алу және олардың маңызды қасиеттерін зерттеу аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мынадай қорытынды жасалынды:

- Кремний наноталшықтарын алу үшін металл-енгізілген химиялық жеміру әдісі игеріліп, керекті құрылымдық және оптикалық қасиеттеріне ие болатын қабаттарының тәжірибелік үлгілері алынды. Жұмыстың мақсатына сай ең тиімді режимдер келесі болды: күміс бөлшектерін отырғызу уақыты 30 және 45 секунд, химиялық жеміру уақыты 3, 5, 10, 15, 30 және 60 минут және концентрленген азот қышқылында ұстау уақыты 5 минут құрады.
- Кремний наноталшықтары үлгілерінің құрылымдық және оптикалық қасиеттері зерттелінді. КНТ ұзындықтары химиялық жеміру уақытына тәуелділігінің сипаты сызықтық екендігіне көзіміз жетті. Ал кремний наноталшықтарының өзара арақашықтығы мен пішіндері күміс нанобөлшектерінің отырғызу уақытына тәуелді екендігін көрдік.

Кремний наноталшықтары қабатының қалыңдығы артқан сайын оның жарықты шағылыстыру қабілеті күрт төмендейді, яғни жұту қасиеті артады. Ұзындығы 1 мкм асатын наноталшықтардан тұратын қабаттардың жарықты жұту коэффициенті 99% жақындайды. Мұндай материалдарды заманауи кремнийлік күн элементтерінің тиімділігін арттыру үшін антишағылдырушы қабат ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл – экологиялық таза әрі экономикалық арзан энергия алуда өте маңызды.

Осындай халық шаруашылығы үшін тиімді қасиеттерге ие термоэлектрлік кремний наноталшықтары болашақта әлемдік сұранысқа ие болады. Кремний наноталшықтары әртүрлі заттар мен физикалық параметрлерді анықтау үшін жоғары сезімтал сенсорлар ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл ауа сапасын бақылау және газдың шығып кетуін анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Бүгінгі ұрпақ – болашақ қоғам иелері десек, мектеп қабырғасынан бастап оларды қоғамға пайда келтіретін әлеуметтік жобалармен, қызықты ғылыми зерттеулермен айналысуға тарту олардың маңызды тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Өздерін қажетті, қоғамға пайдалы сезінуге мүмкіндік береді. Бұл олардың болашаққа деген сенімді көзқарастарын қалыптастырады. Жаратылыстану ғылымдарын дамыту, оларды өркендету және болашақта өз еліміздің жағдайын жақсарту осы жас ұрпақтың қолында. Сондықтан дарынды оқушыларды осындай қызықты ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Majumdar, A. Thermoelectricity in semiconductor nanostructures. Science303, 777–778 (2004)*
2. *Canham L.T. Silicon Quantum Wire array Fabrication by Electrochemical and Chemical Dissolution of Wafers // App. Phys. Lett.–1990.–Vol.57 –P. 1046-1048*

Peng K., Lu A., Zhang R., Lee S. T., //Adv. Funct. Mater. -2008, -Vol. 18, -p. 3026

3. *PerichonS., LysenkoV., RemakiB., BarbierD.Measurement of porous silicon thermal conductivity by micro-Ramanscattering. J. of Appl. Phys. -1999, -V.86, -No.8, -P. 4700-4702.*
4. *М.Ратнер, Д.Ратнер. // Нанотехнология. Простое объяснение очередной гениальной идеи // Москва, Санкт-Петербург. Киев, 2007.с.*
5. *Нанохимия // Г.Б.Сергеев. Уч.пособие. М., 2007.с.*
6. *И.В.Мелихов // Физико-химическая эволюция твердого вещества.–М.:БИНОМ. Лаборатория знаний, 2006. –309 с.*
7. *Кемелбекова А., Кремний наноталшықтары және қалайы оксиді қабаттарының негізіндегі гетероөткелді үшінші өркен күн элементтерін қалыптастыру. «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының тезистер жинағы. 8-11 сәуір 2014 жыл, Алматы. 188 бет.*
8. *Rowe, D.M. Ed., CRC Handbook of Thermoelectrics(CRC Press, Boca Raton, Fl 1995).*
9. *Bronstrup G, Jahr N, Leiterer C, Csaki A, Fritzsche W, Christiansen S:Optical properties of individual silicon nanowires for photonic devices // ACS Nano. - 2010, -Vol.4, №1. -P. 7113–7122.*
10. *Qu Y., Zhou H. and Duan X. Porous silicon nanowires // Nanoscale. – 2011. -Vol.3. -P. 4060–4068.*
11. *Икрамова С.Б., Тлеубаева И.С., Шабдан Е, Байганатова Ш.Б., Мұңайтпас Н.А., Мұсабек Г.К., Диханбаев К.К. Кеуек кремний құрылымының кейбір наноөлшемдік және оптикалық қасиеттері //XI International Symposium «Combustion and Plasmochemistry» November 20-22, 2019, Almaty, Kazakhstan. С.131-138. 97.*
12. *Trügler A. Optical properties of metallic nanoparticles: basic principles and simulation. – Springer, 2016. – Vol. 232.*
13. *. Zhanabaev Z.Zh., Grevtseva T.Yu., Ikramova S.B., Filippov N.V. Electrical properties of quantum nanowires //Eurasian Physical Technical Journal -2018. -Vol.15, -No.1(29). -P.34-39. 90.*
14. *Dikhanbayev K.K., Bondarev A.I., Ikramova S.B., Shabdan E. Electrical properties of silicon nanowires under ammonia adsorption conditions //Eurasian Physical Technical Journal. – 2020. -Vol.17. -No.1(33). -P.54-58.*
15. *Choi Y.J., Hwang I.S., Park J.G., Choi K.J., Park J.H., Lee J.H. Novel fabrication of an SnO2 nanowire gas sensor with high sensitivity //Nanotechnology. – 2008. – Vol. 19. – No. 9. – P. 095508.*
16. *Brattain W.H., Bardeen J. Surface properties of germanium //The Bell System Technical Journal. – 1953. – Vol. 32. – No. 1. – P. 1-41.*
17. *Под ред. З.А.Мансурова, М.Т. Габдуллина, М.М. Муратова, М. Нажипкызы, Белая книга но нанотехнологиям / - Алматы, 2018. 340с.*

References:

1. Majumdar, A. Thermoelectricity in semiconductor nanostructures. Science303, 777–778 (2004)

2. Canham L.T. Silicon Quantum Wire array Fabrication by Electrochemical and Chemical Dissolution of Wafers // App. Phys. Lett.–1990.–Vol.57 –P. 1046-1048

Peng K., Lu A., Zhang R., Lee S. T., //Adv. Funct. Mater. -2008, -Vol. 18, -p. 3026

3. PerichonS., LysenkoV., RemakiB., BarbierD.Measurement of porous silicon thermal conductivity by micro-Ramanscattering. J. of Appl. Phys. -1999, -V.86, -No.8, -P. 4700-4702.

4. M. Ratner, D. Ratner. // Nanotekhnologii. Primeneniye Proktoya — blestyashchaya ideya // Mokva, Sankt-Peterburg. Kiyev, 2007.s.

5. Nanokhimiya // G.B. Sergeyev. Ukh. –M., 2007.

6. Melikhov I.V. // Fiziko-khimicheskaya evolyutsiya tverdogo veshchestva. – M.: BINOM. Knowledge Laboratory, 2006. –309 p.

7. Kemel'bekova A. Formirovaniye geteroperedayushchikh solnechnykh elementov tret'yego pokoleniya na osnove kremniyevykh nanovolokon i sloyev oksida olova. Sbornik tezisov mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii studentov i molodykh uchenykh «Mir Farabi». 8-11 aprelya 2014 g., g. Almaty. 188 stranits.

8. Rowe, D.M. Ed., CRC Handbook of Thermoelectrics(CRC Press, Boca Raton, Fl 1995).

9.Bronstrup G, Jahr N, Leiterer C, Csaki A, Fritzsche W, Christiansen S:Optical properties of individual silicon nanowires for photonic devices // ACS Nano. - 2010, -Vol.4, №1. -P. 7113–7122.

10.Qu Y., Zhou H. and Duan X. Porous silicon nanowires // Nanoscale. – 2011. -Vol.3. -P. 4060–4068.

11. Ikramova S.B., Tleubaeva I.S., Shabdan E, Baiganatova Sh.B., Munaytpas N.A., Musabek G.K., Dikhanbaev K.K. Some nanoscale and optical properties of porous silicon structure //XI International Symposium "Combustion and Plasmochemistry" November 20-22, 2019, Almaty, Kazakhstan. P. 131-138. 97.

12. Trügler A. Optical properties of metallic nanoparticles: basic principles and simulation. – Springer, 2016. – Vol. 232.

13. Zhanabaev Z.Zh., Grevtseva T.Yu., Ikramova S.B., Filippov N.V. Electrical properties of quantum nanowires //Eurasian Physical Technical Journal -2018. -Vol.15, -No.1(29). -P.34-39. 90.

14. Dikhanbayev K.K., Bondarev A.I., Ikramova S.B., Shabdan E. Electrical properties of silicon nanowires under ammonia adsorption conditions //Eurasian Physical Technical Journal. – 2020. -Vol.17. -No.1(33). -P.54-58.

15. Choi Y.J., Hwang I.S., Park J.G., Choi K.J., Park J.H., Lee J.H. Novel fabrication of an SnO2 nanowire gas sensor with high sensitivity //Nanotechnology. – 2008. – Vol. 19. – No. 9. – P. 095508.

16. Brattain W.H., Bardeen J. Surface properties of germanium //The Bell System Technical Journal. – 1953. – Vol. 32. – No. 1. – P. 1-41.

17. Under ed. Z.A. Mansurova, M.T. Gabdullina, M.M. Muratova, M. Nazhipkyzy, Belaya kniga no nanotehnologiam / - Almaty, 2018. 340p.

ҒТАМР 34.15.45 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.009**

А.Б. Полатова[1], М.О. Айтжанова[1], Ж.С. Тилеубаева[2]*
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: alvinapolatova@gmail.com

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Ғылыми зерттеулерге негізделген танымдық дағдыларды дамыту студенттер арасында инновация мен шығармашылықты дамытады. Студенттердің танымдық қабілеттері жаңа білімді меңгеру, оқуға деген қызығушылықты сақтау, оқытудың әр алуан формаларын, әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, өз бетінше мақсатты бағытталған танымдық іс-әрекет барысында қалыптасады.

Оқыту процесінде танымдық қабілеттер маңызды рөл атқарады, өйткені білім алушының танымдық белсенділігі жоғары болса, оқу процесі тиімдірек және жылдамырақ болады. Танымдық қабілеттердің қалыптасуының қайнар көзі – мотивация мен ойды қалыптастыру қызметін атқаратын оқу-танымдық іс-әрекет. Тәрбиелік мотивация оқу әрекетіне, тәрбиелік іс-әрекетке кіретін мотивацияның белгілі бір түрі ретінде анықталады. Студенттердің танымдық қабілетін дамытудың тиімді жолдарының бірі – сабақта проблемалық жағдаяттарды қолдану. Бұл жеке шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, топта жұмыс істеу қабілетін дамытады, ақпараттық кеңістікте шарлау. Сонымен қатар, жалпы толқу мен шығармашылық атмосферасы қалыптасады, бұл өз кезегінде ұжымдық бірлікке және танымдық белсенділіктің қалыптасуына әкеледі.

Мақалада сыни тұрғыдан ойлауға, жаңа идеяларды зерттеуге және проблемаларға әртүрлі көзқарастардан қарауға ынталандыру арқылы студенттерді білімді әрі білікті кәсіби маман болуына бейімдеу зерттелінген.

***Түйін сөздер*:** таным, мотивация, дағды, білім алушы, жүйелі ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, проблемалық оқыту әдіс.

*Полатова А.Б. [1 *], Айтжанова М.О. [1], Тилеубаева Ж.С. [2]*
[1]Казахский национальный женский педагогический университет
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби
e-mail: alvinapolatova@gmail.com

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ НА ОСНОВЕ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Аннотация

Развитие познавательных навыков на основе научных исследований ведут к новаторству, креативности среди студентов. Познавательные способности учащихся формируются в ходе самостоятельной познавательной деятельности, приобретения новых знаний, повышения интереса к учебе, использования различных форм, методов и средств обучения.

Когнитивные способности играют важную роль в процессе обучения, влияют на эффективность, быстроту процесс обучения. Источником формирования познавательных способностей является учебно-познавательная деятельность, служащая мотивацией и формиро-

ванием мышления. Учебная мотивация определяется как особый вид мотивации, включенный в учебную деятельность. Представление учащимся сценариев проблем — одна из лучших стратегий, помогающая им когнитивно развиваться. Это способствует реализации уникальных творческих идей, развитию навыков совместной работы и навигации по информации. Кроме того, создается общая атмосфера инноваций и азарта, которая способствует сплочению коллектива и развитию познавательной активности.

В статье исследуется, развитие студентов критическою мышления, исследованию которые несомненно поможет студентам стать знающими и компетентными профессионалами.

Ключевые слова: знания, мотивация, умение, обучаемость, системное мышление, критическое мышление, метод проблемного обучения.

A. Polatova[1] , M. Aytzhanova[1], Zh. Tileubayeva[2]*
[1]Kazakh National Women's teacher training University,
[2]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: alvinapolatova@gmail.com

FORMATION OF STUDENTS' COGNITIVE SKILLS BASED ON SCIENTIFIC RESEARCH

Abstract

Developing cognitive skills through research develops innovation and creativity among students. Independent cognitive activity, learning new information, retaining interest in the material, and utilizing a variety of instructional modalities all contribute to the development of students' cognitive capacities.

Cognitive abilities play an important role in the learning process, because if the student’s cognitive activity is high, the learning process will be more effective and faster. Cognitive activity and education are the foundation for the development of cognitive talents since they provide motivation and help shape thought processes. Educational motivation is defined as a special type of motivation included in educational activities. Presenting issue scenarios to students is one of the best strategies to help them grow cognitively. This facilitates the realization of unique creative ideas, the growth of collaborative skills, and information navigation. Moreover, a general environment of innovation and excitement is created, which promotes team cohesion and the development of cognitive activity.

The article examines how to prepare students to become educated and skilled professionals by encouraging them to think critically, explore new ideas, and look at problems from different perspectives.

Keywords: knowledge, motivation, skill, learning, systems thinking, critical thinking, problem-based learning method.

Негізгі ережелер. Ғылыми зерттеулер негізінде білім алушылардың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын талаптардың бірі оқу процесінде сабақтан тыс сабақтармен үйлестіре отырып сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті нысандарын кеңінен қолдану болып табылады. Биолог білім алушыларының кәсіби дағдыларын және олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру және дамыту мақсатында жұмыс жасауды талап етеді. Биолог студенттердің танымдық іс-әрекетінің дамуы көп жағдайда педагогтың белсенді ұстанымына, педагогикалық ойлауының жоғары деңгейіне, проблемалық оқытуға, студенттермен диалог жасауына, өз көзқарасын негіздеуге, өзін-өзі бағалай білуіне, оқыту іс-әрекетіне байланысты. Жаратылыстану ғылымдарының оқу проце-

сін интенсификациялаудың мазмұндық жағы жеке тұлғаны ескере отырып, ғылыми зерттеулер негізінде білім алушылардың проблемалық оқыту негізінде материалды іріктеу, тапсырмаларды дайындау, әр білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып оқу-педагогикалық тапсырмаларды құрастыру болып табылады.

Кіріспе. Білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекеті білім берудің психологиялық негізін құрайды, іс-әрекет барысында алған ақпаратты, іскерлік пен шынайы өмір тәжірибесін қолдану арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Қазіргі заманғы оқытудың алдында тұрған ең үлкен мәселелердің бірі - шығармашылыққа, еркіндікке және танымдық белсенділікті арттыруға қалай тәрбиелеу. Құзіреттілікті дамыту үшін қажетті педагогикалық-психологиялық негізді құру, яғни жеке тұлғаның дайындығы, әрекетке қабілеттілігі, қарым-қатынас жасау қабілеті – бағдарлаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады[1]. Танымдық процесс дидактикалық жүйенің барлық элементтерінің қызмет етуінің нәтижесі болып табылады және оның тиімділігі осы элементтердің сапасымен анықталады. Тиімділікті сандық бағалауға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың білім беру әдістері мен танымдық іс-әрекетін жалпы талдауға үлкен мән беріледі, бұл кәсіби дайындық сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Танымдық іс-әрекетті білуші субъектінің психикалық күйі, оның таным процесіне қатынасын білдіретін тұлғалық қалыптасуы ретінде қарастыру керек [2].

Танымдық іс-әрекеттің үш деңгейін ажыратады: қайта жаңғырту, түсіндіру және іс-әрекет тәсіліне негізделген шығармашылық. Бірінші деңгей, яғни жаңғырту, оқушының алған білімін түсінуге, есте сақтауға, жаңғыртуға, үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруге ұмтылуымен сипатталады. Түсіндіру деңгейі оқытылатын нәрсенің мәнін түсінуге, білім мен игерілген іс-әрекет әдістерін жаңа білім беру жағдайында қолдануға ұмтылуды болжайды. Шығармашылық сол деңгей оқушылардың білімді теориялық түсінуге, заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды түсінуге және есептерді шешу жолдарын өз бетінше іздеуге дайындығын қамтамасыз етеді [3]. Оқу процесінде дидактикалық жағдаяттар тізбегін ұйымдастырып, жүзеге асырған кезде олардың әрқайсысының шеңберінде студенттер танымдық әрекеттің екі кезеңін жүзеге асыру қажет. Бірінші кезең – оқу ақпаратын қабылдау, оны белгілі әрекет алгоритмдері негізінде өңдеу, сондай-ақ оны түрлендіру және есте сақтау. Екінші кезең – тәжірибедегі білімді қолдану. Оқыту қажеттілігін құру бағытталған қиындықты немесе әрекеттегі қиындықты құру арқылы мүмкін болады, оны жеңу қосымша әрекетті қажет етеді, студенттерге қажетті дағдылардың жоқтығынан сәтті орындай алмаған жаңа іс-әрекеттерге сәйкес білім, дағды және дайындықты меңгеру қажеттілігін білдіреді [4].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу материалы ретінде танымдық дағдыларын қалыптастыру бойынша ақпарат көздерінен алынған шет елдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері. Зерттеу әдістеріне проблемалық оқыту, ретроспективті талдау әдістері қолданылды.

Биология пәні сабақтарында студенттердің шығармашылық танымдық іс-әрекетінің тиімді дамуы олардың оқу-тәрбие үдерісі барысында мұғаліммен бірлескен іс-әрекетімен мынадай бағыттар бойынша қамтамасыз етіледі:

1) мотивтерді мақсатты түрде дамыту;

студенттер арасында белсенді таным;

2) сабақта мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық ынтымақтастығы;

3) сабақ өткізу үдерісіне диалог пен пікірталасты кеңінен енгізу;

4) танымдық белсенділікті дамыту жұмыстарын дараландыру.

Барлық студенттер оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуы керек, олар белсенді деп саналуы үшін қызықты және жеткілікті түрде қызықты болуы керек. Бұл коммуникативті әрекеттерді


қамтиды. Әрбір оқу іс-әрекеті оқушылар бір-бірімен тікелей байланыса алатын жағдайда өткізіледі. Студенттік топтағы өзара әрекеттестік белгілі бір оқу жұмысын аяқтауға бағытталған, оған әр оқушы өзінше үлес қосады, белсенділікті ынталандырады, өзара түсіністік пен қолдау ортасын құруға көмектеседі және әркімнің іс-әрекет нәтижесіне қызығушылығын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, мәселені шешу үшін бірлескен зерттеуді қажет ететін шығармашылық тапсырма түрлеріне басымдық берілуі керек. Оқу процесіне оқушының белсенділігін арттырудың негізгі талаптарының бірі оған әр түрлі ойын түрлерін, негізінен рөлдік ойындарды пайдалану процесінде рөл беру болып табылады. Ойын оқушыны босатады, бұл оның шығармашылығын белсендіреді және оның шығармашылық мүмкіндіктері мен тұлғалық қасиеттерін көрсетеді. Ойын ойнау сеансқа күш пен қызығушылық қосады. Қарқынды тәсілдердің негізгі сипаттамаларының бірі оқыту үшін ойын формаларын, әсіресе рөлдік ойындарды пайдалану болып табылады. Мұғалім оқушының белсенділігін арттыруда үлкен рөл атқарады, өйткені олар әр оқушының әлеуетін толық ашуға көмектесетін ынтымақтастық, достық және бәсекелестік ортаны қалыптастыруы керек. Шынайы коммуникативті жағдайда нұсқаушы сөйлеудің де, сөйлемейтін де мінез-құлықтың үлгісі ретінде әрекет етеді [5].

Бүгінгі таңда оқу үрдісінде қызығушылық мәселесі жан-жақты іс-әрекеті контекстінде барған сайын зерттелуде, бұл дегеніміз білім алушылардың қызығушылықтарын табысты қалыптастыру және дамыту, тұлғалық, өмірге белсенді көзқарасын тәрбиелеу. Студенттердің танымдық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттін қалыптастыруды дамыта түсу, білімді толықтыра түсуге, кәсіби білікті маман болып қалыптасуына мүмкіншілік береді, сондықтан білімді оқу процесіне теориямен практиканы сабақтастыра қызығушылықпен енгізу мәселесін қарастыру қажет. Осылайша, «ең жалпы анықтамаға танымдық қызығушылық қоршаған дүниенің заттарын, құбылыстарын, оқиғаларын тану, психикалық процестерді, адам әрекетін және оның танымдық мүмкіндіктерін белсендіретін адамның таңдамалы әрекеті деп атауға болады». Когнитивтік қызығушылық ерекшелігі – оның тек танымдық емес, сонымен қатар кез-келген адам әрекетінің процесін байыту және белсендіру қабілеті, өйткені олардың әрқайсысында когнитивтік принцип бар. Танымдық қызығушылықтың негізгі функциялары ретінде біз мыналарды бөліп көрсетеміз: ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу, таңдау және команда құру. Танымдық қызығушылықты дамытудың бір жолы – оқушыны жай ғана ақпаратты енжар тыңдаушы емес, жаңа ақпаратты құру және қабылдау процесіне белсенді қатысуға ынталандыратын белсенді оқыту әдістерін қолдану.

Оқушылардың өсіп келе жатқан танымдық талаптары мен қызығушылықтары бір-бірімен тығыз байланысты. Көптеген психологтар мен педагогтар когнитивтік қызығушылықты әртүрлі қырларынан зерттеді, соның ішінде: Л.С. Выготский [5], Н.Г. Морозова [6], Г.И. Щукина [7] және басқалар. Л.С. Выготский бүкіл оқу үдерісін оқушының қызығушылығына қарай құру керек деп жазды. Қызығушылық, Л.С. Выготский, бір жағынан, ішкі (туа біткен) инстинкттің көрінісі болса, екінші жағынан, психиканың жаңадан қалыптасқан құбылысы. Қажеттіліктердің негізінде инстинкттер жатыр, ал қызығушылық – қажеттіліктер көрінісінің ең жоғарғы түрі. Әртүрлі зерттеулер когнитивті қызығушылықты әртүрлі жолдармен анықтайды, бірақ ол көбінесе когнитивті сұраныспен, танымдық белсенділікпен және когнитивтік сипаттағы бағдармен байланысты. Танымдық қызығушылық адамның қызығушылығын арттыратын қызығушылық түрлерінің бірі, Г.И. Щукина, “оны психологиялық формация ретінде қызығушылықтың барлық мақсаттарын жүзеге асыратын: оның спецификалық сипаты, оның объективтілігі мен субъективтілігінің үйлесімі ретінде, өйткені ол интеллектуалды және эмоционалдылықты қамтиды, бұл қорытпа мен бірлік бар екенін көрсететін ерікті процестер» деген.

Жаңа ақпаратты үздіксіз іздеу танымдық қызығушылықтың белгісі болып табылады. Танымдық қызығушылықтың негізгі мақсаттары ретінде А.С. Глотова мыналарды бөліп

көрсеткен: ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеуші, таңдамалы және ұжымдық құраушы. 1 – суретте бұл функциялардың көрсеткіштері көрсетілген [8].



Сурет – 1. Танымдық қызығушылықтың функциялары

- бұл оқытушы мен білім алушылардың бірлескен жұмысы, бірлескен интеллектуалды өнімді құру. ЖАОК әзірлеу кезінде оны жүзеге асыру өте қиын. ЖАОК оқытушысы тыңдаушыларды көрмей, «соқыр» дәріс оқиды [1]. Әзірленген курстарды талдау көрсеткендей, ең көп сұранысқа ие оқытушының курстың мазмұнына қатынасы нақты көрсетілген ЖАОК болды, ал материалды ұсынуда нақты ұстаным жоқ. ЖАОК тиімділігі үшін шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың болуы да маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, шығармашылық тапсырмалардың басымдығы студенттерге курстың басқа тыңдаушыларымен өз идеялары мен тәжірибелерімен алмасуға мүмкіндік беретін «шығармашылық өрісті» құруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ЖАОК әлеуметтік желі қағидаты бойынша жұмыс істейді, онда әркім өз өнімімен бөлісе алады, кері байланыс алады, өзара оқыту деңгейіне шығады [2].

Соңғы жылдары ЖАОК-ты қолдану тәжірибесін ескере отырып, Винник В.К. ЖАОК-ты білім беру үдерісіне енгізудің екі түрін анықтады:

1. Аралас оқыту форматы. Университеттерде жаппай курстарды қолданатын аралас оқытудың бірнеше түрлері бар, олар оқытушының студентпен және студенттің ЖАОК мазмұнымен өзара әрекеттесу алгоритмімен ерекшеленеді. Яғни, студенттер сертификат алу үшін ЖАОК-тан өтеді, бірақ сонымен бірге дәріс, практикалық, семинар сабақтарына қатысады.

2. Күндізгі курстардың бір бөлігін ЖАОК-қа ауыстыру. Бұл түрі студенттің жеке оқуында да, жалпы университеттің институттары немесе факультеттері деңгейінде де жүзеге асырылады. Күндізгі оқытудың орнына студент тиісті пәндер бойынша ұсынылған ЖАОК-дан студент бір мамандықтан екінші мамандыққа ауысқанда; академиялық демалыстан шыққанда; басқа университеттен ауысқанда және оқу жоспарының пәндерінің айырмашылығын жүзеге асыру қажеттілігі болғанда өте алады. Қайта есептеудің негізгі талабы-курсты сәтті аяқтағаны туралы сертификат алу [3].

Хусяинов Т.М. жаппай онлайн курстарды ұйымдастырудың модельдерін талдай отырып, оларды дәстүрлі білім беруден, сондай-ақ қашықтықтан оқытудың басқа түрлерінен ажырататын ЖАОК негізгі сипаттамаларын анықтады:

- Материалды қысқаша жеткізу-бір тақырыпты немесе тақырыптың бір бөлігін қамтитын қысқа бейнелер;
- Білімді тексеру- орындалуы студенттер арасындағы өзара тексеру технологиясы арқылы бағаланады, әр студент 3 басқа біреудің жұмысын тексереді, оның орнына оның жұмысын 3 басқа студент тексереді;
- Үздік (американдық, еуропалық, ресейлік) университеттердің оқытушыларын тарту;
- ЖАОК платформасының автоматтандырылған жүйесі қадағалайтын қатаң кестелердің, мерзімдердің болуы;
- Кері байланыс арналарының болуы тыңдаушы-оқытушы, тыңдаушы-тыңдаушы арасында;
- Тегін немесе шартты тегін-курсты аяқтағаны туралы расталған сертификатты алу үшін төлем;
- Курсты сәтті аяқтағаннан кейін пайдаланушы өзі жұмыс істейтін оқытушы мен ЖОО- ның тегін көрсете отырып, осы курстан өткені туралы атаулы сертификатты жүктеп алуға мүмкіндік алады [4].

Новиков А.В. онлайн курстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін ең танымал әлемдік ЖАОК платформалары Coursera, edX, FutureLearn, Khan Academy, Udemy болып табылады деп мәлімдейді [5].

ЖАОК көптеген түрлері Coursera платформасында кеңінен ұсынылған. Ол өзін тегін онлайн курстар ұсынатын білім беру компаниясы ретінде ұсынады. Coursera серіктестері әлемнің 100-ден астам жетекші университеттері мен ұйымдары болып табылады, олар арнайы технологияның арқасында жүздеген емес, миллиондаған студенттерге сабақ беруге мүмкіндік алды [6].

Жетекші шетелдік университеттерінің ЖАОК мысалдарын қарастырайық.

Массачусетс технологиялық институтының (MIT) «Introduction to Computer Science and programming Using Python» курсы. MIT бұл курсты edX платформасы арқылы ұсынады. Курс бейне дәрістерді, интерактивті тапсырмалар мен тесттерді біріктіреді, бұл студенттерге теорияны үйренуге ғана емес, сонымен қатар бағдарламалық кодты жазуға машықтануға мүмкіндік береді. Курстың ерекшелігі-нақты мәселелерді шешуге баса назар аудару, бұл оның практикалық құндылығын арттырады [7].

Стэнфорд университетінің «Machine Learning» курсы. Coursera арқылы ұсынылған бұл курсты белгілі профессор Эндрю Н. жүргізеді. Ол нейрондық желілерді, статистикалық оқытуды, машиналық оқыту негіздерін қамтиды. Курс мазмұнның жоғары сапасымен және жаңадан бастаушылар үшін қол жетімділігімен танымал. Стэнфорд теориялық дәрістер мен практикалық тапсырмалардың жиынтығын қолданады, бұл оқытуды тиімді және қызықты етеді.

Гарвард университетінің «Science & Cooking: from Haute Cuisine to Soft Matter Science» курсы. EdX платформасында ұсынылған бұл бірегей курс гастрономияны ғылыми қағидаттарды үйрену үшін қалай пайдалануға болатынын көрсетеді. Гарвард университеті аспаздық арқылы күрделі ғылыми тұжырымдамаларды түсіндіру үшін танымал аспаздар мен ғалымдарды тәжірибемен бөлісуге тартады. Бұл тәсіл ғылымды кең аудиторияға қол жетімді және қызықты етеді [8].

Лондон Университетінің «Understanding Research Methods» курсы. Coursera арқылы ұсынылған бұл курс сыни ойлау дағдыларын дамытуға және зерттеу әдістерінің негіздерін түсінуге бағытталған. Лондон университеті студенттерге ғылыми зерттеулерді сыни

тұрғыдан талдауға және бағалауға арналған құралдарды ұсынуға бағытталған, бұл кез-келген академиялық және кәсіби қызметтегі негізгі дағды.

Джорджия технологиялық институтының (Georgia Tech) «Introduction to Engineering Mechanics» курсы. Coursera платформасында қол жетімді курс инженерлік механикаға кіріспе болып табылады және инженерлік мамандықтардың студенттеріне бағытталған. Georgia Tech студенттерге материалды жақсы меңгеруге көмектесетін және оларды нақты инженерлік қиындықтарға дайындайтын кешенді тапсырмалар мен жобалар арқылы теорияны практикада қолдануға баса назар аударады [9].

«Мұнай химиясы және химиялық технология» кафедрасы үшін қызықты және жаңа UGNTU OILEDU платформасында «Химиялық технология үдерістері мен аппараттары: Гидромеханикалық үдерістері» онлайн курсын құру тәжірибесін атап өтуге болады. Бұл химиялық технологиялар мен аппаратура үдерістерінің ерекшеліктерін білетін тыңдаушылар үшін білімі қажет негізгі жалпы кәсіптік пәндердің бірі, өйткені технологиялық үдерістердің мәнін білмей жоғары кәсіби технолог, механик, экономист немесе эколог бола алмайды. Онлайн-курстың бейнероликтері тыңдаушылар үшін қызықты болуы үшін кейбір бейне дәрістерді түсіру үшін зауыттың жетекші мамандары сұхбатқа шақырылып, өз тәжірибесімен бөліседі. Курс 14 аптаға есептелген. Курс бойынша білім алушының апталық жүктемесі – 10-12 академиялық сағат (4 ЗЕ). Апта сайынғы сабақтарға қысқа бейне дәрістерді қарау, дәрістердің мәтіндік материалдарын үйрену, курстың әр бөлімі бойынша шағын тестілеу кіреді. Курс қорытынды тестілеумен аяқталады.

IFP мектебінің Total қолдауымен «Oil and Gas» жаппай ашық онлайн курсы дайындалған. Бұл курс мұнай-газ саласына қатысты барлау мен өндіруден бастап өңдеу мен таратуға дейінгі барлық мәселелерді қамтиды. Курс ағылшын тілінде ұсынылады және халықаралық энергетикалық саланы, мұнай мен газды барлау мен өндірудің негізгі үдерістері мен әдістерін, сондай-ақ өңдеу, мұнай химиясы және газ үдерісіндегі негізгі операцияларды зерттеуді қамтиды. Курс сонымен қатар бейне ойындар арқылы инновациялық бағалау жүйесін қамтиды. Курстың соңында тегін сертификат алу қарастырылған [10].

Курс мұнай-газ саласының тақырыбына терең зерттеуді ұсынады және осы салада тәжірибесі бар адамдар үшін де, жаңадан бастаушылар үшін де қолайлы. Олар заманауи білім беру әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, мұнай өңдеу мен газдың салалық үдерістерін, экономикасын және технологиялық аспектілерін зерттеуге бірегей мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. «Мұнай өңдеудегі газхимия үдерістері» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курсты (ЖАОК) әзірлеу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми жарияланымдарды, мақалаларды, ЖАОК әзірлеу және іске асыру туралы есептерді талдау, сондай-ақ газ химиясы және мұнай өңдеу жөніндегі әдебиеттерге шолу жүргізу. Бұл әдіс теориялық базаны жинауға және білім беру технологиялары мен пәндік саланың ерекшеліктері саласындағы үздік тәжірибелерді анықтауға мүмкіндік берді. Coursera, edX, FutureLearn платформаларда ұсынылған жетекші университеттер әзірлеген ЖАОК сәтті мысалдарын зерттеу және салыстыру. Курстардың құрылымына, оқыту әдістеріне, студент- терді тарту және қолдау тетіктеріне ерекше назар аудару арқылы негізгі ерекшеліктерді анықтау. Алынған мәліметерді сапалы талдау арқылы курстың құрылымын әзірлеу.

Нәтижелер. Білім беру технологиялары саласындағы табысты тәжірибелер мен ғылыми зерттеулерге шолу негізінде бірнеше негізгі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады (Кесте 1):

Кесте 1 – *ЖАОК құруда ескерілетін негізгі ерекшеліктер*

№	Ерекшелік	Сипаттамасы
1	Құрылымдық және икемді мазмұн	Тиімді ЖАОК оқытудың әртүрлі қарқынын есепке алу үшін жеткілікті икемділікті ұсынатын нақты және құрылымдалған оқыту бағдарламасынан басталады. Бейне дәрістер, мәтіндік құжаттар, интерактивті тапсырмалар сияқты материалдардың әртүрлі форматтарын қосу білім алушылардың әртүрлі санаттарының ақпаратты жақсы меңгеруіне ықпал етеді.
2	Интерактивтілік және тәжірибелік	Қатысушылардың уәждемесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету тесттер, квиздер, модельдеу және жобалық тапсырмалар сияқты интерактивті элементтерді енгізу арқылы жүзеге асырылады. Курстардың тәжірибелік бағыты теориялық білімді игеріп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдана отырып, қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуға мүмкіндік береді.
3	Қолдау және кері байланыс	ЖАОК-тың маңызды құрамдас бөлігі қатысушыларды қолдау мен кері байланыстың тиімді механизмдерінің болуы. Бұған тәлімгерлік, талқылау форумдары, оқытушылармен және курстастарымен сөйлесу бөлмелері, сондай-ақ орындалған тапсырмаларды бағалау мен түсіндірудің автоматтандырылған жүйелері кіруі мүмкін. Бұл тәсіл қатысушыларға ынталы болуға және оқу үдерісінде қажетті көмек алуға көмектеседі.
4	Қолжетімділік және әмбебаптық	Қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ЖАОК қатысушылардың әртүрлі қажеттіліктерін, соның ішінде әртүрлі дайындық деңгейлерін және ресурстарға қолжетімділікті шектеуді ескеруі керек. Бұған әртүрлі формат- тағы материалдарды ұсыну, мобильді құрылғыларды қолдау және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мүмкіндіктер кіреді.
5	Әлеуметтік өзара әрекеттесу және желілік оқыту	Қатысушыларға өзара әрекеттесуге, білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін оқытудың әлеуметтік өлшемін құру ЖАОК тиімділігін арттырудың кілті болып табылады. Әлеуметтік медианы, топтық жобаларды және бірлескен платформаларды пайдалану білім беру қауымдастығын құруға ықпал етеді және білім беру тәжірибесін арттырады.
6	Үздіксіз жаңарту және бейімделу	Соңғы ғылыми жетістіктерге және қатысушылардың кері байланысына сәйкес курстар мен оқыту әдістерінің мазмұнын үнемі жаңарту ЖАОК өзектілігі мен тартымдылығын сақтауға ықпал етеді. Курстарды білім берудегі өзгермелі үрдістерге және еңбек нарығының талаптарына бейімдеу олардың ұзақ мерзімді тиімділігі мен сұранысын қамтамасыз етеді.

Бұл негізгі ерекшеліктер қатысушылардың кең ауқымына сапалы және қолжетімді білім беруге қабілетті табысты және тиімді жаппай ашық онлайн курстарды құру мен іске асырудың негізін құрайды.

Осы ақпарат негізінде «Мұнай өңдеудегі газхимия үдерістері» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курсты (ЖАОК) әзірлеуге болады. Бұл курс студенттерден бастап сала мамандарына дейін газ химиясы және мұнай өңдеу саласындағы білімдерін тереңдетуге арналған. Курс заманауи мұнай-газ өнеркәсібінің негізгі үдерістері мен технологиялары туралы терең түсінік беріп, сонымен қатар осы саладағы соңғы жаңалықтар мен инновация- лармен таныстырады. Курстың мақсаты: білім алушыларға газхимия және мұнай өңдеу сала- сында терең теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды беру, сондай-ақ нақты өндірістік міндеттерді шешу үшін алған білімдерін талдамалы ойлау және қолдану қабілетін дамыту.

Курсты аяқтағаннан кейінгі күтілетін нәтижелер:

- Мұнай өңдеу мен газ химиясындағы негізгі үдерістер мен технологияларды сипаттау;
- Мұнай өңдеу үдерістерін талдау және жақсарту үшін білімді қолдану;
- Газ химиясы саласындағы техникалық міндеттерді анықтау және шешу;
- Өндірістік үдерістердің қоршаған ортаға және экономикаға әсерін бағалау.

Бұл курс 5 модульді қамтиды (Сурет 1).



Сурет – 1. «Мұнай өңдеудегі газхимия үдерістері» ЖАОК модульдері

1-модуль: газ химиясы және мұнай өңдеу негіздері.

Бұл модуль қатысушыларды саланың тарихымен, дамуымен және қазіргі жағдайымен таныстыра отырып, газ-химия және мұнай өңдеу әлеміне кіріспе болып табылады. Қатысушылар көмірсутек шикізатының жіктелуі, көмірсутек химиясының негіздері, сондай-ақ мұнай-газ өнеркәсібі жағдайындағы экологиялық аспектілер мен тұрақты даму мәселелері туралы біледі. Негізгі тақырыптары:

- Мұнай-газ өнеркәсібінің тарихы мен дамуы.
- Көмірсутек шикізатының жіктелуі.
- Көмірсутектер химиясының негіздері.
- Шикізатты өндіру және дайындау технологиялары.
- Экологиялық аспектілер және тұрақты даму.

2-модуль: Мұнай өңдеу технологиялары.

Екінші модуль мұнайды өңдеуде қолданылатын негізгі үдерістер мен технологияларды, соның ішінде бастапқы және қайта өңдеуді, каталитикалық крекингті, риформингті және мотор отынын өндіруді қарастырады. Өнімдерді тазартудың заманауи технологиялық шешімдері мен әдістеріне ерекше назар аударылады. Негізгі тақырыптары:

- Мұнайды бастапқы өңдеу үдерістері.
- Мұнайды терең өңдеу.
- Каталитикалық крекинг және риформинг.
- Мотор отындарын өндіру.
- Өнімдерді тазартудың заманауи технологиялары.

3-модуль: Газ-химия өндірісі

Үшінші модуль негізгі олефин өндірісін, полимер өндіру технологиясын, аммиак синтезін және тыңайтқыш өндірісін қамтитын газ-химия өндірісіне арналған. Қатысушылар сонымен қатар газ өңдеу технологияларын және газ химиясындағы биотехнологияның рөлін зерттейді. Негізгі тақырыптар:

- Негізгі олефиндер өндірісі.
- Полимерлерді өндіру технологиялары.
- Аммиак синтезі және тыңайтқыштар өндірісі.
- Газ өңдеу технологиялары.
- Газ химиясындағы биотехнология.

4-модуль: газ химиясындағы басқару және экономика.

Бұл модуль газ-химия және мұнай өңдеу салаларының экономикалық және басқарушылық аспектілерін қамтиды. Тақырыптарға салалық экономика, өнім сапасын басқару, логистика, маркетинг, тәуекелдерді басқару және өндіріс қауіпсіздігі кіреді және газ химиясының инновациялары мен болашағы зерттеледі. Негізгі тақырыптары:

- Мұнай-газ саласының экономикасы.
- Газ химиясындағы сапаны басқару.
- Логистика және өнім маркетингі.
- Тәуекелдерді басқару және өндіріс қауіпсіздігі.
- Инновация және газ химиясының болашағы.

5-модуль: Тәжірибелік тапсырмалар және жобалық жұмыс.

Қорытынды модульде қатысушылар алған білімдерін іс жүзінде жағдайларды талдау, технологиялық үдерістерді әзірлеу, жобалық модельдеу және экологиялық аудит арқылы қолданады. Модуль саланың өзекті міндеттерін шешуге бағытталған инновациялық жобаларды орындауды көздейді. Негізгі тақырыптары:

- Тәжірибеден нақты жағдайларды талдау.
- Технологиялық үдерістерді дамыту.
- Өндірістерді жобалық модельдеу.
- Экологиялық аудит және оңтайландыру.
- Газ химиясындағы инновациялық жобалар.

Талқылау

Курсқа саланың жетекші сарапшыларының бейне дәрістері, өзін-өзі зерттеуге арналған мәтіндік материалдар, білімді тексеруге арналған интерактивті тесттер, теориялық білімді практикалық қолдану үшін модельдеу және виртуалды зертханалық жұмыстар кіреді. Практикалық тапсырмалар мен жобалық жұмыс нақты жағдайларды терең талдауды және өз шешімдерін әзірлеуді қамтиды.

Курс білім беру құралдарының кең ауқымына қол жеткізуді, мобильді құрылғыларды қолдауды және форумдар мен пікірталас топтары арқылы студенттер мен оқытушылар арасындағы байланыс мүмкіндігін қамтамасыз ететін Coursera платформасында орналастырылады. Coursera сонымен қатар курсты сәтті аяқтағаны туралы бағалау жүйесін және сертификаттар беруді ұсынады, бұл оқытуды пайдалы ғана емес, сонымен қатар тиімді етеді.

Қорытынды. Мақала қазіргі заманғы өнеркәсіптің негізгі салаларының бірінде сапалы оқытуға қолжетімділікті кеңейту үшін осы білім беру тәсілінің маңызды әлеуетін көрсетеді. Газ химиясы мен мұнай өңдеу экономика мен экологияда маңызды рөл атқарады, мамандардан соңғы технологиялық және ғылыми жетістіктерге сәйкес терең білім мен құзыреттілікті үнемі жаңартып отыруды талап етеді. ЖАОК енгізу географиялық орналасуына және қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан бүкіл әлем бойынша студенттер мен кәсіпқойларға қолжетімді бірегей оқу мүмкіндіктерін ұсынады. Шетелдік тәжірибелер мен табысты тәжірибелерді талдау онлайн курстардың тиімділігі үшін курс құрылымының икемділігі, тәжірибелік тапсырмалар мен жобалық жұмыстар арқылы қатысу, студенттерге қолдау көрсету және кері байланыс өте маңызды екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, «Мұнай өңдеудегі газхимия үдерістері» пәні бойынша ЖАОК құру білім берудегі заманауи үрдістерді көрсетеді және тиімді жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл курс академиялық қауымдастық пен өнеркәсіп арасындағы байланыстарды нығайтуға бағытталған қадам болып табылады, газ химиясы мен мұнай өңдеу саласындағы тұрақты даму мен инновациялар үшін білім мен үздік тәжірибелермен алмасуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Семенов В.И., Казанцева Я.Н. Массовые открытые онлайн курсы как новый формат образования // Современные проблемы науки и образования. – 2017. – № 6.- С. 4-6.

2. Chauhan A. Massive Open Online Courses (MOOCS): Emerging Trends in Assessment and Accreditation// Digital Education Review. – 2014. - С. 7-17. https://doi.org/10.1344/DER.2014.25.7-17.

3. Винник В.К., Тарасова Е.В., Воронкова А.А., Павлова И.А. Массовые образовательные онлайн-курсы – новая цифровая образовательная среда// Современные наукоемкие технологии. – 2021. – № 8. – С. 170-175.

4. Хусяинов Т.М. Основные характеристики массовых открытых онлайн-курсов (МООС) как образовательной технологии // Наука. Мысль: электронный периодический журнал. 2015. №2. –С. 21-29.

5. Новиков А. В., Ивашкина Т. А., Слабкая Д. Н. МООК–массовые открытые онлайн курсы в условиях смешанного обучения //Педагогический журнал. – 2022. – Т. 12. – №. 3А. – С. 837-845.

6. Leontyev A., Baranov D. Massive Open Online Courses in Chemistry: A Comparative Overview of Platforms and Features//Journal of Chemical Education. -2013. –С. 1533-1539. https://doi.org/10.1021/ED400283X.

7. Бобышев В.С. Международный опыт развития МООК в высшем образовании // Рекомендовано к печати Ученым советом института педагогики и психологии образования ГАОУ ВО МГПУ Ответственный редактор: АИ Савенков. – 2021. – С. 195.

8. Менциев А.У., Даулетукаева К.Д. МООК как новый инструмент дистанционного образования: педагогическая основа МООК, проблемы и ограничения //ЦИТИСЭ. – 2019. – №. 2. – С. 33-33.

9. Wang B. Research on the Influence of MOOC Development on Chinese University Teaching and Students' Learning. - 2018. –С. 5-10. https://doi.org/10.23977/icettl.2018.71124.

10. Лисичкин Г.В., Асанова Л.И. Информационные технологии в естественнонаучном образовании: достижения, трудности, перспективы //Естественнонаучное образование: информационные технологии в высшей и средней школе. Методический ежегодник химического факультета МГУ имени МВ Ломоносова. – 2019. – С. 8-14.

References:

1. Semenov V.I., Kazantseva Ya.N. Mass open online courses as a new format of education // Modern problems of science and education. – 2017. – № 6.- С. 4-6.

2. Chauhan A. Massive Open Online Courses (MOOCS): Emerging Trends in Assessment and Accreditation// Digital Education Review. – 2014. - С. 7-17. https://doi.org/10.1344/DER.2014.25.7-17.

3. Vinnik V.K., Tarasova E.V., Voronkova A.A., Pavlova I.A. Mass online educational courses - a new digital educational environment// Modern high-tech technologies. – 2021. – No. 8. – pp. 170-175.

4. Khusyainov T.M. The main characteristics of mass open online courses (MOOC) as an educational technology // Science. Thought: an electronic periodical. 2015. No.2. –C. 21-29.

5. Novikov A.V., Ivashkina T.A., Slabkaya D.N. MOOC–massive open online courses in a mixed learning environment //Pedagogical Journal. – 2022. – vol. 12. – No. 3A. – pp. 837-845.

6. Leontyev A., Baranov D. Massive Open Online Courses in Chemistry: A Comparative Overview of Platforms and Features//Journal of Chemical Education. -2013. –C. 1533-1539. https://doi.org/10.1021/ED400283X.

7. Bobyshev V.S. International experience of MOOC development in higher education //Recommended for publication by the Academic Council of the Institute of Pedagogy and Psychology of Education of the GAOU AT MGPU Responsible editor: AI Savenkov. – 2021. – p. 195.

8. Menziev A.U., Dauletukaeva K.D. MOOC as a new tool for distance education: the pedagogical basis of MOOC, problems and limitations // CITISE. – 2019. – No. 2. – pp. 33-33.

9. Wang B. Research on the Influence of MOOC Development on Chinese University Teaching and Students' Learning. - 2018. –C. 5-10. https://doi.org/10.23977/icettl.2018.71124.

10. Lisichkin G.V., Asanova L.I. Information technologies in natural science education: achievements, difficulties, prospects //Natural science education: information technology in higher and secondary schools. Methodical yearbook of the Faculty of Chemistry of Lomonosov Moscow State University. – 2019. – pp. 8-14.

МРНТИ 14.35.09 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.011**

*Ш.У. Лайсханов, Ш.А. Барат**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sh_baratova@mail.ru

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта оқушылардың бойында зерттеушілік қабілетті дамыту, өз бетімен білім алуға баулу білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Бұл мәселені шешудің мүмкін жолдарының бірі жобалық оқыту технологиясын қолдану болып табылады. Жобалық оқыту технологиясы оқушылардың блім алуға деген ынтасын арттыра отырып, проблема- ларды шешу қабілетін дамытады. Бірақ біздің елімізде географиялық білім беруде жобалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылмайды.

Бұл жұмыстың мақсаты мектеп географиясын оқытуда жобалық оқыту технологиясының тиімділігін эксперименттік түрде бағалау болып табылады.

Эксперимент 2 бөлімнен тұрды: 1) онлайн сауалнама; 2) оныншы сыныптың 36 оқушысы қатысқан эксперимент, мұнда оқушылар 2 топқа: эксперименттік және бақылау тобына бөлінді;

Эксперимент 9 аптаға созылды және ол 7 сабақ пен 2 емтиханнан тұрды. Эксперименттік топ жобалық оқыту технологиясы арқылы білім алса, бақылау тобында қарапайым сабақтар болды. Сабақтар «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жүргізілді. Қорытынды нәтижелер орта есеппен топтық эксперименттік топтың оқушылары сабаққа белсендірек қатысып, бақылау тобына қарағанда тестілеуде орташа есеппен 3,07 балл жоғары ұпай жинағанын көрсетті. Бұл екі топ арасындағы ұпай айырмашылығы жобалық оқыту технологиясының оқытудың тиімді құралы екенін және жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың географиялық білімін тереңдетіп, зерттеушілік қабілеттерін арттыруда қолдануға болатынын анықтады.

Түйін сөзер: жобалық оқыту (PBL) технологиясы, мектеп географиясы, географиялық білім беру, жобалық оқыту технологиясының артықшылықтары.

*Лайсханов Ш.У., Барат Ш.А.**
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: sh_baratova@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ГЕОГРАФИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В настоящее время развитие у учащихся исследовательских способностей, приобщение к самообразованию является одной из важнейших проблем в системе образования. Одним из возможных путей решения данной проблемы является применение технологии проектного обучения. Технология проектного обучения развивает у учащихся способность решать проблемы, повышая мотивацию к получению пособия. Но в нашей стране технология проектного обучения в географическом образовании не получила широкого распространения.

Целью данной работы является экспериментальная оценка эффективности технологии проектного обучения в преподавании школьной географии.

Эксперимент состоял из 2 частей: 1) онлайн опрос; 2) эксперимент с участием 36 учеников десятого класса, где учащиеся были разделены на 2 группы: экспериментальную и контрольную;

Эксперимент длился 9 недель и состоял из 7 уроков и 2 экзаменов. В то время как экспериментальная группа получала образование с помощью технологии проектного обучения, контрольная группа имела простые занятия. Занятия проводились по разделу» природопользование и геоэкология". Итоговые результаты показали, что в среднем учащиеся групповой экспериментальной группы более активно посещали занятия и набрали в среднем на 3,07 балла выше в тесте, чем в контрольной группе. Разница в баллах между этими двумя группами показала, что технология проектного обучения является эффективным инструментом обучения и может быть использована в общеобразовательных школах для углубления географических знаний учащихся и повышения их исследовательских способностей.

Ключевые слова: технология проектного обучения (PBL), школьная география, географическое образование, преимущества технологии проектного обучения.

*Sh. Laiskhanov, Sh. Barat**
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: sh_baratova@mail.ru

RESEARCH ON THE EFFECTIVENESS OF PROJECT-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN GEOGRAPHIC EDUCATION

Abstract

Currently, the development of students' research abilities and the introduction to self-education is one of the most important problems in the education system. One of the possible ways to solve this problem is the use of project-based learning technology. Project-based learning technology develops students' ability to solve problems, increasing motivation to receive benefits. But in our country, the technology of project-based learning in geography education has not been widely used.

The purpose of this work is an experimental assessment of the effectiveness of project-based learning technology in teaching school geography.

The experiment consisted of 2 parts: 1) Online survey; 2) an experiment involving 36 tenth grade students, where the students were divided into 2 groups: experimental and control;

The experiment lasted 9 weeks and consisted of 7 lessons and 2 exams. While the experimental group was educated using project-based learning technology, the control group had simple classes. Classes were held in the section "environmental management and geoecology". The final results showed that, on average, the students of the experimental group attended classes more actively and scored an average of 3.07 points higher in the test than in the control group. The difference in scores between these two groups showed that project-based learning technology is an effective teaching tool and can be used in general education schools to deepen students' geographical knowledge and enhance their research abilities.

Keywords: project learning technology (PBL), school geography, geographical education, advantages of project learning technology.

Негізгі ережелер. Жобаға негізделген оқыту оқушыларды мағыналы жобаларды орындауға және нақты дүние өнімдерін әзірлеуге итермелейтін білімдерді құруға тартатын оқыту әдісін білдіреді. География пәнін жобаға негіздеп оқыту нақты әлемдегі мәселелерді шешу мен сыни ойлауды біріктіретін динамикалық білім беру тәсілін ынталандырады және көп- теген дереккөздер бұл әдістің тиімділігін қолдайды. Бұл зерттеу географияны оқытуда жобалық оқыту технологиясының тиімділігін бағалауға бағытталған.

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім беру проблемаларды шеше алатын, білімін нақты өмірге бейімдей алатын және өмір бойы білім алумен айналысатын жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған [1]. Білім беруде осындай тұлғаны қалыптастыру мақсатында оқытушылар көптеген білім беру технологияларын қолданады [2,3,4]. Оның бірі -жобалық оқыту технологиясы.

Жобаға негізделген оқыту оқушыларды мағыналы жобаларды орындауға және нақты дүние өнімдерін әзірлеуге итермелейтін білімдерді құруға тартатын сұрауға негізделген оқыту әдісін білдіреді [5].

Жобаға негізделген оқыту оқушыларға идеяларды орындау және қолдану арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Студенттер ересек мамандар айналысатын іс-әрекеттерге ұқсайтын нақты әлем әрекеттерімен айналысады [6]. Бұл технология оқу процесін белсендірек етеді және білім алушыларды жалықтырмайды. Осылайша ол студенттердің оқу нәтижелерін жақсартып, ғылыми зерттеу дағдыларын арттырады және оқушылардың проблемаларды шешу қабілеттеріне айтарлықтай әсер етеді [7].

Жобаға негізделген оқыту әдістемесі бұрынғыдан да танымал және әлемде білім беру мен оқытудың кең ауқымында қолданылады [8]. Ал, география пәнін жобаға негіздеп оқыту нақты әлемдегі мәселелерді шешу мен сыни ойлауды біріктіретін динамикалық білім беру тәсілін ынталандырады [9]. Көптеген дереккөздер бұл әдістің тиімділігін қолдайды. Оның оқушылардың белсенділігіне және географиялық ұғымдарды тереңірек түсінуіне әсерін растайды [10,11].

Шен мен Йанг өз еңбектерінде мұғалімдердің тікелей нұсқауы бойынша жобалық оқыту технологиясы арқылы оқушылардың бастауыш, орта және жоғары білім берудегі оқу жетістіктеріне әсері салыстырылды. Бұл зерттеудегі жобалық оқытуда студенттер түпнұсқа жобалармен және өнімдерді әзірлеумен айналысатын оқу процесін көрсетеді. Нәтижелесінде жобалық оқыту студенттердің оқу жетістіктеріне тікелей оқытуға қарағанда оң әсер еткенін көрсетті [12].

Р.Д.Путри жобалық оқыту технологиясының оқушылардың кеңістіктік ойлауына жақсы әсер ететінін өз зерттеулерінде дәлелдеді. География кеңістікті танып білуге, зерттеуге бағытталған ғылым. Дегенмен оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеттері далада жүргі-

зілетін танымдық жұмыстарға қарағанда жобалық оқыту технологиясымен білім алғанда айтарлықтай оң нәтиже көрсететіндігін дәлелдеді [13].

Индонезиялық ғалымдар Д.Арисанти және т.б. Банджармасин орта мектебінде географияны тиімді оқыту мақсатында жобалық оқыту технологиясын қолданды. Зерттеу 11 сыныптың 2 тобына жүргізілді. Нәтижесінде жобалық оқыту технологиясын географияны оқытуда қолдану тек білім сапасының көтерілуіне ғана әсер етіп қана қоймай оқушылардың белсенділігіне де әсер ететіндігін дәлелдеді. Зерттеу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері артып, зерттеушілік дағдылары қалыптасқан [11].

Осы зерттеулерге қарап жобалық оқыту технологиясының оқушылардың білімдері мен дағдыларын дамытатынын байқаймыз. Сол себепті де географиялық білім берудің тиімді- лігін арттыру мақсатында жобалық оқыту технологиясын қолдануымыз қажет.

Бұл зерттеудің мақсаты географияны оқытуда жобалық оқыту технологиясының тиімділігін бағалауға бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тестке дейінгі және кейінгі 10-сынып оқушыларынан тұратын бақылау тобымен квазиэксперименттік дизайнды және сипаттамалық сандық зерттеу әдісін пайдаланатын көп әдісті зерттеу ретінде жасалған.

Зерттеуге деңгейлері бірдей екі топ (эксперименттік және бақылау) қатысады. Топтардың деңгейлері тест арқылы анықталады. Эксперименттік топ жобалық оқыту технологиясымен, бақылау тобы дәстүрлі форматпен 7 апта бойы білім алады. Тәжірбие сабақтары аяқтал- ғаннан кейін қайтадан тәжірбиеден кейінгі тесттілеу жүргізілді. Екі топтың нәтижелері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру мақсатында Т-тест әдісі арқылы зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар екі топтың орташа мәні, стандартты ауытқу, тестілеудің еркіндік дәрежесі, нәтижелердің маңыздылық деңгейі есептелді. Орташа және стандартты ауытқу (SD) мәндерін есептеу үшін «Calculator.net» онлайн есептеу бағдарламасы, ал Т-тестін есептеу және сандық деректерді талдау үшін «Graphpad.com» онлайн бағдарламалық құралы пайдаланылды.

Зерттеуге Алматы қаласындағы №210 мектеп-лицейдің оныншы сыныбының 36 оқушысы қатысты. Эксперименттік топтағы оқушылар саны 15, ал бақылау тобындағы оқушылар саны 21. Зерттеуге қатысушылар қандай да бір әдіс бойынша жіктелмеді. 10 А сыныбы эксперименттік топ, ал 10 Ә сыныбы бақылау тобы ретінде кездейсоқ таңдалынды. Экспери-менттік топтағы білім алушылардың 8-і ер бала, 7- і қыз бала. Олардың 14-і оқу екпіндісі, 1-і орта. Бақылау тобындағы білім алушылардың 10-ы қыз бала, 11-і ұл бала. 19 оқу екпіндісі, 2-і орта. Оқушылардың жасы 15-17 жас аралығында болды.

Деректерді жинау үшін зерттеушілер әзірлеген 30 сұрақтық тест пайдаланылды. Тестті дайындау және құрастыру процесінде оныншы сыныптың география пәнінің оқу жоспарындағы «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімінінің спецификациялар және мақсаттары көрсетілген кестесі әзірленді. Тесттің дұрыстығын тексеру үшін оқу мақсаттары туралы сұрақтар әр мақсаттың жалпы бөлімге қатысты күрделілігіне сәйкес анықталды. Сонымен қатар орыс тілі мен әдебиеті пәнінің екі мұғалімі сұрақтарды тілдік және мағыналық тұрғысынан қарастырды. Олардың пікірлері негізінде тестке қажетті түзетулер енгізілді. Тесттің күрделілік деңгейін сарапшы дәрежесі бар 2 география пәні мұғалімі де тексеріп, кері байланыс бойынша қажетті өзгерістер енгізілді.

Нәтижелер. Зерттеуді жүзеге асыру аптасына бір сағаттан 9 аптаға созылды. Орындау алдында олардың баламалылығын анықтау үшін екі топқа да тест қолданылды. Алдын ала тестілеуді қолданып болғаннан кейін бақылау тобындағы білім алушылар интерактивті тақтамен, оқулықпен қарапайым сабақтар өткізіп, сұрақ-жауап әдісі арқылы сабақты

қайталады және оқулықтағы тапсырмаларды тапсырма ретінде орындады. Ал эксперименттік топта жобалық оқыту технологиясы негізінде құрастырылған тапсырмалар оқыту құралы ретінде пайдаланылды. Тапсырмалар цифрлық технологияларды (Maind map, CorelDRAW, Flippity, Padlet, Miro және т.б.) қолдана отырып әзірленді. Тапсырмаларды құрастыру үшін географияны оқытуға арналған оныншы сыныптың К.Каймулдинова, С.Әбілмажинова құрастырған жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқулығы қолданылды. Тапсырмаларды құрастыру барысында оныншы сыныптың география курсының мақсатына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тапсырманың олардың деңгейіне сәйкестігіне ерекше назар аударылды.

Пилоттық зерттеу жүргізілген №210 мектеп-лицейінің үш география мұғалімінен, екі сынып жетекшісінен, оныншы сыныптың 79 оқушысынан алынған кері байланыс негізінде жобалық тапсырмаларға қажетті өзгерістер енгізілді. Сабақ барысында жобалық тапсырмалар орындалды және тапсырманы орындауға нұсқаулықтар көрсетілді. Мұғалімнің міндеті - оқушыларға бағыт-бағдар беру. Барлық ақпарат көздерін мұғалім алдын ала беріп, оқушыларға тапсырманы түсіндіру үшін мысал көрсетті. Осы себепті мұғалімге барлық қажетті ақпараттар туралы нұсқау эксперимент алдында берілді. Сабақ уақытында жобалық тапсырмаларды орындауға ерекше назар аударылды.

1-ші және 2-ші суреттерде берілген гистограммада тәжірбиелік сабаққа дейін және тәжірбиелік сабақтан кейін өткізілген тесттердің нәтижелері берілген. Тестілеуге дейінгі және кейінгі сынақтар арасындағы уақыт аралығы 7 апта. Барлық деректер Student’s T- тестімен талданып, тесттің дұрыстылық дәрежелері ұсынылған.



Сурет – 1. Эксперименттік топтағы 15 оқушының тәжірбие алдындағы нәтижелері



Сурет – 2. Бақылау тобындағы 21 оқушының тәжірбиеге дейінгі тестілеу нәтижелері

1-ші және 2-ші суретте эксперименттік топ пен бақылаушы топтың алдын ала алынған нәтижелері көрсетілген. Көлденең бағытта оқушының санын, ал тік бағытта нәтижелерін көруге болады.

1-ші кестеде екі топтың эксперимент алдындағы орташа балл мәндері, SD (Standard Deviation) стандартты ауытқу мәндері және T-тесті және p-мәндері берілген. Кестеде көрсетілгендей, екі топтың нәтижелері бір-біріне ұқсас. Эксперименттік топ үшін орташа балл 23,93, ал эксперименттік топ үшін 23,76. Стандартты ауытқулар бақылау тобында 2,95 болса, эксперименттік топта 2,38. T-test нәжижесінің мәні 0,1784-ке тең болды. P мәні 0.8595 коэффицентті құрады. Бұл көрсеткіштер екі топ арасында айтарлықтай статистикалық айырмашылық жоқ екенін көрсетеді, яғни топтардағы оқушылардың білім деңгейлері бірдей.

Кесте 1 – *T-тест және p-мәндері бар 2 топ оқушылардың жұпталмаған алдын ала тест нәтижелері*

Топтар	оқушылар	орта мән	SD	df	t тест	p мәні
Эксперименттік	15	23,93	2.38	34	0.1784	0.8595
Бақылаушы	21	23,76	2.95			

3-ші және 4-ші суретте бақылаушы топ пен эксперименттік топтың тәжірбиеден кейінгі нәтижелері көрсетілген. Көлденең бағытта оқушының санын, ал тік бағытта нәтижелерін көруге болады.



Сурет – 3. Эксперименттік топтағы 15 оқушының тәжірбиеден кейінгі нәтижелері



Сурет – 4. Бақылау тобындағы 21 оқушының тәжірбиеден кейінгі нәтижелері

2-ші кестеде эксперименттік топ пен бақылау тобының SD, T-test және P мәндері көрсетілген. Оқушылардың тәжірбиеден кейінгі тестілеу нәтижелерінің статистикалық талдауы екі топтың арасындағы айырмашылықтың бар екендігін көрсетеді.

Кесте 2 – *Т-тест және р-мәндері бар екі топ оқушыларының жұпталмаған тәжірбиеден кейінгі тест нәтижелері*

Топтар	Оқушылар	Орта мән	SD	df	t тест	р мәні
Эксперименттік	15	27.07	2.15	34	3.5913	0.0010
Бақылаушы	21	24.00	2.76			

Бақылаушы топта орташа мән 24 көрсетсе, эксперименттік топта орташа мән 3,07-ге артық, яғни 27,07 көрсеткішке ие болды. SD көрсеткіші бақылаушы топта 2,76, эксперименттік топта 2,15 болды. Жалпы тесттің еркіндік дәрежесі 34 ке тең. Т мәні 3,5913, р мәні 0.0010 көрсеткішке тең болды. Екі топтың Т-тест нәтижелері бойынша топтардың әртүрлілігін 95% сенімділікпен айтуға болады.

Талқылау. Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ жобалық оқыту дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оқушылардың оқу нәтижелеріне орташа және үлкен оң әсер етеді [12,14,15]. Шетелдік тәжірбиелер мен ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып негізгі білім беруде жобалық оқыту технологиясын қолданудың маңызы зор екендігі айқындалды. Сондықтан біз тәжірибие барысында жобалық оқыту дәстүрлі оқытуға қарағанда тиімдірек болады деп ойладық.

Географиялық білім беруде жобалық оқыту технологиясын қолдану оқушылардың білім сапасын жақсартуға көмектесетіні тәжірбие негізінде дәлелденді. Бастапқыда тәжірбие жасау мақсатында таңдап алынған екі топтағы оқушылардың білім деңгейлері шамалас болды. Яғни олардың тәжірбиеге дейінгі тестілеу нәтижесінің орташа көрсеткіштері ұқсас. Одан кейін 7 апта бойы 10-сынып оқушыларынан құралған екі топ «Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша екі түрлі форматта білім алды (эксперименттік топ-жобалық оқыту технологиясымен, бақылаушы топ-дәстүрлі білім беру форматында).

Тәжірбиеден кейінгі нәтижелерге сүйенсек эксперименттік топтың оқушылары зерттеудің жақсы нәтижесіне қол жеткізді. Яғни, біз жобалық оқыту технологиясының география пәнін оқытуда тиімді пән екенін дәлелдей алдық.

Тәжірбиеден кейінгі тестілеу нәтижесі бойынша эксперименттік топтың орташа балы бақылаушы топтан 3,07 коэффицентке жоғары болды. Бастапқыда Т-критерийі бұл нәтижелерді статистикалық салыстырудың мәні жоқ екенін көрсетті. Ал жобалық оқыту технологиясын қолданғаннан кейін бұл нәтиже теріс болды. Тәжірбиеден кейін t мәні 3.5913 р мәні 0.0010 екендігі анықталды. Яғни топтардың статистикалық нәтижелері 95 % әртүрлі.

Сонымен қатар, жобалық оқыту технологиясы сыни тұрғыдан ойлауды, проблемаларды шешуді, тұлғааралық қарым-қатынасты, ақпараттық және медиа сауаттылықты, ынтымақтастықты, көшбасшылық пен топтық жұмысты, инновацияны және шығармашылық ойлауды дамытады [16,17,18,19]. Ғалымдардың бұл тұжырымы біздің жеке тәжірбиемізге сәйкес келді. Оқушылардың бойында аталған қасиеттер байқалып, сабаққа деген белсенділігі арта түсті. Географияны оқытуда жобалық оқыту технологиясын қолданғаннан кейін оқушылардың тек білім көрсеткіштерінде ғана емес олардың сыни тұрғыда ойлауында, сынып- тастарымен бірлесіп жұмыс жасауында, ақпарттарды саралауында, зерттеушілік қабілеттерінің дамуында, пәндерді өзара байланыстыруында да бірқатар оң өзгерістер байқалды.

Тәжірбие барысында жобалық оқыту оқушыларға әртүрлі көзқарастарды, балама шешімдерді және қарама-қайшылықтарды ашып көрсетті. Бұл білім алушылардың бойында сыни ойлау мен талдау дағдыларын дамытуға көмектесті.

Жобалық оқытуды меңгерген оқушылар географиялық фактілерді ғана меңгеріп қоймай процестерді бір-бірімен байланыстырып, тереңірек географиялық түсінік қалыптастыра алатын болды.

Географиялық мәселелерді бірігіп қарастыру барысында олар бір-бірінің күшті жақтарын пайдалануға да үйренді. Ал бұл оқушылардың командамен үйлесімді жұмыс істеу қабілетін шыңдап, болашаққа дайындайды.

Көптеген зерттеулер жобалық оқыту технологиясы 21 ғасырдағы мүмкіндіктерді дамытудың тиімді әдістерінің бірі екендігін көрсетеді [20,21]. Біз де 210 мектеп-лицейде жүргізген тәжірбие нәтижелеріне сүйене отырып мектепте география пәнін оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жобалық оқыту технологиясын қолдануды ұсынамыз.

Қорытынды. Қорытындылай келе, географиялық білім беруде жобалық оқыту технологиясын қолдану оқушылардың білім сапасын жақсартуға көмектесетіні тәжірбие негізінде дәлелденді. Бастапқыда тәжірбие жасау мақсатында таңдап алынған екі топтағы оқушылардың білім деңгейлері шамалас болды. Тәжірбиеден кейінгі тестілеу нәтижесі бойынша эксперименттік топтың орташа балы бақылаушы топтан 3,07 коэффицентке жоғары болды.

Сонымен қатар, біздің жеке тәжірбиемізге сәйкес жобалық оқыту технологиясы сыни тұрғыдан ойлауды, проблемаларды шешуді, тұлғааралық қарым-қатынасты, ақпараттық және медиа сауаттылықты, ынтымақтастықты, көшбасшылық пен топтық жұмысты, инновацияны және шығармашылық ойлауды дамытатындығы анықталды.

Біз жүргізілген тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып мектепте география пәнін оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жобалық оқыту технологиясын қолдануды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hains B., Smith B. Student-centered course design: Empowering students to become self-directed learners // Journal of Experiential Education. V. 35(2), P. 357–374, 2012.

2. Sarwi S., Baihaqi M., Ellianawati E. Implementation of Project Based Learning Based on STEM Approach to Improve Students' Problems Solving Abilities // Journal of Physics: Conference Series. V. 1918 (2021) 052049. doi:10.1088/1742-6596/1918/5/052049

3. Szymkowiak A., Melović B., Dabić M., Jeganathan K., Singh K. Information technology and Gen Z: The role of teachers, the internet, and technology in the education of young people // Technology in Society. V. 65, 2021. 101565. DOI:10.1016/j.techsoc.2021.101565

4. Miranda J., Navarrete Ch., Noguez J., Molina-Espinosa J., Ramírez-Montoya M., Navarro-Tuch S., Bustamante-Bello M., Rosas-Fernández J., Molina A. The core components of education 4.0 in higher education: Three case studies in engineering education // Computers and Electrical Engineering, V.93, 2021, 107278. https://doi.org/10.1016/j.compeleceng.2021.107278

5. Brundiers K., Wiek A. Do We Teach What We Preach? An International Comparison of Problem- and Project-Based Learning Courses in Sustainability // Sustainability. V. 5(4), 2013. P. 1725-1746. DOI:10.3390/su5041725

6. Pusztai K. Evaluation of project-based learning // Acta Didactica Napocensia. V.14, N. 1, 2021. P. 64-75. DOI: 10.24193/adn.14.1.5

7. Aristin N., Hastuti K., Arisanty D., Adyatma S., Donna Ch. Effectiveness of problem-based learning models to improve learning outcomes of geography in the new normal learning era // Journal of Education and learning. V.17, N. 4, 2023. P. 623-632. DOI: 10.11591/edulearn.v17i4.20834

8. Greenier V. The 10Cs of project-based learning TESOL curriculum // Taylor&Francis. V. 14, 2020 - Issue 1. P. 27-36. https://doi.org/10.1080/17501229.2018.1473405

9. Putra A., Sumarmi, Deffinika I., Islam M. The Effect of Blended Project-Based Learning with Stem Approach to Spatial Thinking Ability and Geographic Skill // International Journal of Instruction. V.14, N. 3, 2021. P. 685-704.

10. MacLeod M., Veen J. Scaffolding interdisciplinary project-based learning: a case study // European journal of engineering education. V.45, Issue 3, 2020. P. 363-377. https://doi.org/10.1080/03043797.2019.1646210

11. Arisanty D., Hastuti K., Setiawan F. Improving Geography Learning through Project-based Learning Model // International Journal of Psychosocial Rehabilitation. V.24, N. 5, 2020. P. 585-594

12. Chen Ch., Yang Y. Revisiting the effects of project-based learning on students' academic achievement: A meta-analysis investigating moderators //Educational Research Review. V.26, 2019. P. 71-81. DOI:10.1016/j.edurev.2018.11.001

13. Putri R. The Influence of Project Based Learning (PJBL) Learning Model on Spatial Thinking Ability in Class X Geography Learning Eyes in SMA PGRI 2 Palembang // Journal of Geography Science and Education. V. 2, N. 1, 2020. P. 11-16.

14. Siswono T., Hartono S., Kohar A. Effectiveness of Project Based Learning in Statistics for Lower Secondary Schools // Eurasian Journal of Educational Research. V. 75, 2018. P. 197-212. DOI: 10.14689/ejer.2018.75.11

15. Almulla M. The Effectiveness of the Project-Based Learning (PBL) Approach as a Way to Engage Students in Learning // Sage journals. V. 10, Issue 3, 2020. https://doi.org/10.1177/2158244020938702

16. Häkkinen P., Järvelä S., Mäkitalo K., Ahonen A., Näykki P., Valtonen T. Preparing teacher-students for twenty-first-century learning practices (PREP 21): a framework for enhancing collaborative problem-solving and strategic learning skills // Teachers and teaching: theory and practice. V. 23, 2017. Issue 1. P. 25-41. DOI:10.1080/13540602.2016.1203772

17. Russel C., Sirotiak T. Assessing the effect of project based learning on leadership abilities and communication skills //47th ASC Annual International Conference Proceedings, 2011.

18. Devkota Sh., Giri D., Bagale Sh.. Developing 21st century skills through project-based learning in efl context: challenges and opportunities // The Online Journal of New Horizons in Education. V. 7, Issue 1, 2017.

19. Amin S., Utaya S., Bachri S., Sumarmi S., Susilo S. Effect of Problem Based Learning on Critical Thinking Skill and Enviromental Attitude //Journal for the Education of Gifted Young Scientists. V. 8, Issue: 2, 2020. P.743 - 755.

20. Ravitz J., Hixson N., English M., Mergendoller J. Using project based learning to teach 21st century skills: Findings from a statewide initiative // Conference: American Educational Research Association, 2012.

21. Fatmawati A. Students' perception of 21st century skills development through the implementation of project-based learning// Pedagogy Journal of English Language Teaching. V. 6, N. 1, 2018. P. 37-46. DOI: 10.32332/pedagogy.v6i1.1111

References:

1. Hains B., Smith B. Student-centered course design: Empowering students to become self-directed learners // Journal of Experiential Education. V. 35(2), P. 357–374, 2012.

2. Sarwi S., Baihaqi M., Ellianawati E. Implementation of Project Based Learning Based on STEM Approach to Improve Students' Problems Solving Abilities // Journal of Physics: Conference Series. V. 1918 (2021) 052049. doi:10.1088/1742-6596/1918/5/052049

3. Szymkowiak A., Melović B., Dabić M., Jeganathan K., Singh K. Information technology and Gen Z: The role of teachers, the internet, and technology in the education of young people // Technology in Society. V. 65, 2021. 101565. DOI:10.1016/j.techsoc.2021.101565

4. Miranda J., Navarrete Ch., Noguez J., Molina-Espinosa J., Ramírez-Montoya M., Navarro-Tuch S., Bustamante-Bello M., Rosas-Fernández J., Molina A. The core components of education 4.0 in higher education: Three case studies in engineering education // Computers and Electrical Engineering, V.93, 2021, 107278. https://doi.org/10.1016/j.compeleceng.2021.107278

5. Brundiers K., Wiek A. Do We Teach What We Preach? An International Comparison of Problem- and Project-Based Learning Courses in Sustainability // Sustainability. V. 5(4), 2013. P. 1725-1746. DOI:10.3390/su5041725

6. Pusztai K. Evaluation of project-based learning // Acta Didactica Napocensia. V.14, N. 1, 2021. P. 64-75. DOI: 10.24193/adn.14.1.5

РАФТ әдісі. Р(рөл), А(аудитория), Ф(форма), Т(тақырып). Бұл белгілі бір тақырып аясында ойды жазбаша түрде жеткізу тәсілі, яғни әлеуметтік ойын түрінде орындалатын тапсырма. Тапсырма белгілі бір мәселені талдау, ол туралы өз пікірін және көзқарасын білдіру негізінде орындалады. Ол үшін ең алдымен рөл таңдалады (автор, кейіпкер, тыңдарман, қаламгер, қоғам қайраткері, т.б.). Рөл анықталған соң айтылатын ой кімге арналатыны, яғни аудитоия анықталады. Енді айтатын ойды жеткізу формасы анықталады (шолу, эссе, баяндама, әңгіме, күнделік т.б.). Ең соңында тақырып қойылады. Бұл әдіс сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда ерекше орын алады және оны жеке жұмыста да, топтық жұмыста да орындауға болады. Мысалы, сіз қалам сияқты сөйлей аласыз, содан кейін оның адам өміріндегі қызметі мен рөліне басқа қырынан қарай аласыз [1, 57б.].

Жарнама әдісі. Бұл ойды ұтымды жеткізу мүмкіндік беретін ойын түріндегі оқыту әдісі. Ағымдағы тақырыпқа байланысты оның маңызды элементімен жарнама жасауға болады, Жарнама тілі қысқа, қызықты және мобильді болуы керек. Сонымен бірге ол өзінің айтқанына сендіре алатындай сенімді болуы керек. Жарнама біздің күнделікті өмірімізде кең таралған, сондықтан оны бәрі біледі. Сізге жарнамалау үшін не қажет екенін және мақсат не екенін анық білу керек. Ол ойды қысқа нұсқада жеткізуге үйретеді, бірақ сонымен бірге негізгі ойды айтады. Зерттеушілердің көпшілігі жарнаманы ғылымның ерекше саласына жатқызады, практиктер оны менеджмент, кәсіпкерлік және бизнес салаларынан іздегісі келеді, ал жарнаманы әзірлеумен айналысатын мамандар бұл шығармашылық процестің бір түрі деп есептейді [1, 59б.].

Кроссенс - ағылшын тілінен. (inter - «арасында»; act - «әрекет»). Сөзбе-сөз аударғанда «мағыналардың қиылысу» деген мағынаны береді. Бұл әдісті ойлап тапқан ғалымдар «кроссворд» сөзіне сүйене отырып алған.

Кроссенс – бір-бірімен өзара байланысы бар суреттер тізбегі. Кроссенс құру барысында суреттер тор көздерге орналастырылады және таңдап алынған суреттер алдыңғы тұрған суретпен мағыналық байланыста болады. Барлық суреттердің байланысы белгілі бір оқиғаны немесе құбылысты білдіруі мүмкін. Суреттің дәл ортасындағы сурет мағынасы жағынан барлығын біріктіреді. Бұл әдісті сабақ тақырыбын ашу барысында, қорытындылауда және шығармашылық жұмыс ретінде ұсынуға болады. Әдіс оқушылардың белсенді түрде сыни ойлануға, бірлесіп әрекет етуге және шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді [1, 59б.].

Нәтижелер. География сабағында білімге деген қызығушылық, ізденуге, зерттеуге, жасауға, тапқырлықты дамытуға деген құштарлық атмосферасын қалыптастырудың маңызы зор. Сондықтан оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қай түрінде, қай бағытта болмасын танымдық қызығушылықтарын сақтаудың сан алуан жолдары мен әдістерін іздестіру қажет. Белсенді оқыту – бұл оқытудың кез келген тәсілі, онда барлық оқушыларға оқу үрдісіне қатысу ұсынылады. Жоғарыда келтірілген оқытудың әдістерін қолдану арқылы оқушы жаңа тақырыпты еркін қабылдап, түсіне алады. Мысалы, жоғары аталған рафт әдісінің көмегімен, 10-сынып оқулығының «Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу. Дамыған елдер» тақырыбына, топтық тапсырма беруге болады. Бұл әдісті бірнеше қадамдарға қойып орындатуға болады.

1- қадам. Оқушы өздерін кімнің атынан сөйлейтіндіктерін анықтап рөл таңдап алады. Мысалы: дамыған елдер

2- қадам. Айтқысы келетін тақырыптарының кімге арналатындығына аудитория таңдап алу. Мысалы: дамушы елдер немесе артта қалушы


3- қадам. Тақырыпты жеткізу немесе ұсыну форматын нақтылау. Мысалы: даму жоспары көрсетілген нақты қадамдарды ауызша баяндау

4- қадам. Негізгі тақырыпты таңдау. Мысалы: Елдердің экономикалық дамуы

Оқушылар өздеріне қойып алған қадамдар бойынша жұмыс жасайды. Яғни, дамыған мемлекет ретінде, артта қалған немесе дамушы мемлекеттерге өзінің қалай жетістікке жеткенін, экономика мен шаруашылықты дамытуда нақты жоспарларды айқындап көрсетеді. Дамушы мемлекеттерді алға жылжыту мақсатында өз тәжірибелерімен бөліседі. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар сыни тұрғысынан ойланып, проблеманың шешу жолын ұсына алады.

Жарнама әдісі арқылы «Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиясы» тақырыбына оқушыларға, бір мемлекеттің даму стратегиясын таңдап алып, жарнама жасауға тапсырма беруге болады. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар өздеріне бір мемлекеттің даму стратегиясын таңдап алып, басқа мемлекеттерді өз сөзіне сендіре алатындай, көрсеткен даму стратегиясының ұтымды жақтарын айта отырып жарнама жасау керек. Басқа мемлекеттердіңде сол даму стратегиясын қолдануға үгіт-насихат жүргізе алу керек. Тапсырма орындау барысында оқушылардың зерттеушілік қасиеті дамиды және алған ақпараттарын өз сыныптастарына бере алады.

Кроссенс әдісі арқылы төменде берілген 1-ші суретте берілген суреттер көмегімен «Өтпелі экономика елдері» тақырыбын оқушылардың ойына шауыл жасау арқылы анықтауға көмек береді. Географияда бұл әдісті, кез-келген тақырыпта қолдануға болады.



Сурет–1. Кроссенс әдісінде пайдаланылатын суреттер

1- Орталық және Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдері;
2- Балтық бойы Республикалары;
3- Бұрынғы КСРО құрамында болған елдер;
4- Өтпелі экономика елдерінің даму жолы

Сонымен суреттерді мағыналарына қарай қосу арқылы, сабақтың тақырыбын анықтайды. Ортасында сурет негізгі тақырыпты ашатын сурет болмақ. Картадағы мемлекеттердің барлығы өздерінің экономикасын қайта құрудан өткізген, өзінің жеке тәуелсіздігін алған, даму жолы ұқсас сипаттары бар мемлекеттер. Қазіргі таңда бұл мемлекеттердің барлығын «Өтпелі экономика елдері» деп атайды.

Талқылау. Зерттеуге Қазақстандағы Қызылордалық мектептің тоғызыншы сынып 50 оқушысы қатысты. Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылар саны 25. Мұғалімдер зерттеу қатысушыларды тиімді әдіс арқылы топтарға жіктеді. Сәйкесінше, тоғызыншы сынып эксперименттік және бақылау тобы ретінде кездейсоқ таңдалды. Әр топтағы білім алушылардың 15-сі ер бала, 10-і қыз бала болып табылды. Оқушылардың жасы 14-15 жас аралығында болды.

Кесте 1 – *Т-тест және р-мәндері бар 2 топ студенттерінің жұптамаған кейінгі тест нәтижелері*

Топтар	Оқушылар	Орта мән	SD	df	Т тест	Р мәні
бақылау	25	17.76	4.27	48	t = 4.5174	0.0001
эксперименттік	25	23.68	4.97			

Жоғарыдағы кестеде орташа балл мәндері, екі топтың SD мәндері және есептелген Т-тест және кейінгі тесттің р-мәндері берілген. Оқушылардың кейінгі тестілеудің ұпайларының статистикалық талдауы екі топтың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Орташа балл 23,68, стандартты ауытқуы 4,97. Еркіндік дәрежесі 48 және t-мәні 4,5174-ке тең, ал р-мәні 0,0001, бұл екі топ арасындағы сынақ ұпайларының айырмашылығы статистикалық тұрғыдан маңызды екенін білдіреді. 2 топтың Т-тест нәтижелері бойынша 2 топтың әртүрлі екеніне 95% сенімділікпен айтуға болады.

Жалпы оқушылардың географияға қызығушылығын арттыру үшін келесідей жұмыстар жүргізілу керек:

- Тақырыпты жеңіл түрле түсіндіру;
- Интербелсенді оқыту технологиясын қолдану;
- Практикалық түрде көп жұмыс жасау.

Сонымен, сабақтарда іскерлік ойын технологияларын (ойын элементтері, ойын жағдайлары) белсенді қолдану нәтижесінде оқушылардың білім тиімділігі 10% - ға «жақсы», «қанағаттанарлық» бағалаудан оқушылар саны 9% - ға азайды. Ойын технологияларын қолдану, әрине, әлеуметтік - экононмикалық географиясы бойынша теориялық білімнің сапасын арттырады деген тұжырымды растаймыз. Тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, әртүрлі іскерлік ойын жаттығуларын, іскерлік ойын жағдайларын, викториналар ойындарын, жұмбақтарды қолдану нәтижесінде географиялық номенклатураны зерттеуге деген қызығушылық «жақсы» 9% - ға, өте жақсы - 7% - ға, «қанағаттанарлық» - 16% - ға төмендеді. Тәжірибелік жұмыстың айқындаушы және бақылаушы кезеңдерінде алынған деректерді анализ оқытудың іскерлік ойын технологиясын қолданудың тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, білім сапасы, географиялық номенклатурамен жұмыс істей білуі орта есеппен 8% - ға өсті. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен біз іскерлік ойын технологияларын қолданудың тиімділігі туралы қорытынды жасаймыз.

Бұл зерттеу жұмыстарын жасау арқылы тек оқушылар ғана емес өзіме де көптеген тәжірибе жинадым және білімім теориялық және практикалық тұрғыдан артты.

Қорытынды. Жалпы, дидактикалық ойындар география сабақтарында оқушылардың білім сапасын едәуір арттыра алатындығы эксперименталды түрде анықталды. Экспе- риментте айқын көрсетілгендей, 2 топ статистикалық тұрғыдан әртүрлі нәтижелерге ие болды. Алдын ала тестілеу нәтижесі екі топтағы оқушылардың бірдей жағдайда екенін көрсетті. Екі топтағы оқушылардың орташа ұпайлары 8,92 және 9,24 болды. Т-критерийі бұл нәтижелер статистикалық маңызды емес және топтар бірдей екенін көрсетті. Алайда, кейінгі тестілеу ұпайлары теріс нәтижені көрсетті. Кейінгі тестілеу бойынша бақылау тобының SD мәні 4,27 болған кезде орташа баллы 17,76 болды, ал эксперименттік топ SD мәні 4,97 болған кезде орташа балл 23,68 болды. Кейінгі тестілеу ұпайларының Т және р мәндері 4,5174 және 0,0001 екендігі анықталды, яғни топтар және олардың статистикалық нәтижелері әртүрлі деген қорытындыны 95% сенімділікпен айтуға болады. Геоэкономика салаларында және әртүрлі елдерде білім беру процесінде дидактикалық ойындарды практикалық қолдану қатысушылардың танымдық белсенділігін едәуір арттырды. География сабағында педагогикалық ойын технологияларын қолдану оқушылардың шығармашылығын, дербестігін, танымдық белсенділігін жандандырады.

Педагогикалық технологиялардың әртүрлілігі әртүрлі ойын технологияларын қолдана отырып сабақтарды құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер. Әдістемелік құрал. - Нұр-Сұлтан.: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. – 133 б.

2. Brame C. «Active learning». https://cft.vanderbilt.edu/wpcontent/uploads/ sites/59/Active-Learning.pdf (Қаралды 06.02.2024)

3. Bayaliyev A., Ussenov N., Abdimanapov B., Aldasheva A., Amangeldi O., Zhakypbek A. Methodological aspects of the study of modern geoeconomics processes in the school geography course // World Journal on Educational Technology: Current Issues. V. 14. N. 6, 2022. P.1821–1831.

4. Coetzer J., Rajmil D., Morales L. The New Normal: Multifaceted and Multidimensional Crises and the Interplay of Geoeconomics and Geopolitics // Peace Review, V. 35, Issue 4, 2023. P. 555-561. DOI: 10.1080/10402659.2023.2287212.

5. Каймулдинова К., Әбілмәжінова С. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп баспасы, 2019. – 289 б.

6. Тунгатова Н.А. Ойын технологиясының педагогикалық түсініктері // Молодой ученый. – 2021. – № 5.1 (347.1). – С. 12-13. – URL: https://moluch.ru/archive/347/78384 (Қаралды 10.02.2024).

7. Игровые педагогические технологии // [Электронды ресурс]. — URL: https://psylist.net/pedagogika/ipt.htm (Қаралды 10.02.2024).

8. Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж. Географияны оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 175 б.

9. Fryer L.K., Zeng L.M., Shum A., Ho C.C., Wong C.W. Was that interesting?" & "Does it matter?": The implications of on-task learning experiences, 2021 // Studies in Educational Evaluation, https://doi.org/10.31235/osf.io/mhdg5

References:

1. Simbaeva S. Belsendı oqu men oqytuda qoldanylatyn ädıster. Ädıstemelık qūral. - Nūr-Sūltan.: «Tūran-Astana» universitetınıñ baspahanasy, 2019. – 133 P.

2. Brame C. «Active learning». https://cft.vanderbilt.edu/wpcontent/uploads/ sites/59/Active-Learning.pdf

3. Bayaliyev A., Ussenov N., Abdimanapov B., Aldasheva A., Amangeldi O., Zhakypbek A. Methodological aspects of the study of modern geoeconomics processes in the school geography course. World Journal on Educational Technology: Current Issues. 14(6). – 2022. pp. 1821–1831.

4. Coetzer J.H., Rajmil D., Morales L. The New Normal: Multifaceted and Multidimensional Crises and the Interplay of Geoeconomics and Geopolitics. Scopus.com. 2023

5. Kaimuldinova K., Äbılmäjınova S. Jalpy bılım beretın mekteptıñ 10-synybyna arnalğan oqulyq. Almaty: Mektep baspasy, 2019. – 289 p.

6. Týngatova N.A. Oıyn tehnologıasynyń pedagogıkalyq túsinikteri. 2021. — № 5.1 (347.1). – S. 12-13. – URL: https://moluch.ru/archive/347/78384/ (Qaraldy 10.02.2024).

7. Igrovye pedagogıcheskıe tehnologıı // [Elektronnyı resýrs]. — Rejım dostýpa: https://psylist.net/pedagogika/ipt.htm

8. Aqasheva Á.S., Dúısebaeva K.J. Geografıany oqytý ádistemesi: oqý-ádistemelik quraly. – Almaty: Qazaq ýnıversıteti, 2013. – 175 b.

9. Fryer L.K., Zeng L.M., Shum A., Ho, C.C., Wong C.W. Was that interesting?" & "Does it matter?": The implications of on-task learning experiences, 2021 // Studies in Educational Evaluation, https://doi.org/10.31235/osf.io/mhdg5

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ И ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК ACTUAL PROBLEMS OF NATURAL AND GEOGRAPHICAL SCIENCES

ҒТАМР 34.27.23 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.015**

Г.А. Спанкулова[*]*, А.К. Саданов*
«Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС,
Алматы, Қазақстан
e-mail: gulzhan_aspan@mail.ru

МҰНАЙТОТЫҚТЫРҒЫШ БАКТЕРИЯЛАР НЕГІЗІНДЕГІ АССОЦИАЦИЯЛАРДЫҢ МҰНАЙ МЕН МҰНАЙӨНІМДЕРІМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ ТАЗАРТУ МҮМКІНДІГІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада мұнай және мұнайөнімдерімен ластанған топырақты мұнайтотықтырғыш деструктор-бактериялардан құралған белсенді ассоциацияларды қолдану арқылы тазарту бойынша жүргізілген зертханалық модельдік тәжірибе қарастырылған. Мұнай және мұнай-өнімдері биосфераны ең көп таралған ластаушы заттардың қатарына жатады. Осы мақсат-тарда механикалық және физикалық-химиялық тазарту әдістерін қолдану мүмкіндіктері шектеулігіне (дәлірек айтсақ, қоршаған ортаға зиянын тигізетіні) байланысты қоршаған ортаны мұнаймен ластанудан тазарту мәселесі өзекті болып отыр. Осыған байланысты соңғы кезде мұнай ластануын тазартудың биологиялық әдісі ғалымдардың назарын көбірек аударып келеді. Биологиялық әдіс көміртегінің жалғыз көзі ретінде мұнай мен мұнайөнімдерінің көмірсутектерін пайдалануға қабілетті микроорганизмдерді пайдалануға негізделген. Зертханалық модельдік тәжірибе белсенді Ассоциация I (*Rhodococcus sp.* 1D/1, *Tessaracoccus sp.* 13/8, *Dietzia sp.* 13/4) мен Ассоциация II (*Gordonia sp.* 12/5, *Dietzia sp.* 12/7, *Rhodococcus erythropolis* 14/1, *Arthrobacter sp.* 15/3) және осы ассоциациялармен бірге органоминералды тыңайтқыштарды (NPK + көң) бірге енгізу арқылы жүргізілген. Тәжірибе нәтижелері мұнайтотықтырғыш бактериялардан құралған белсенді ассоциациялармен бірге органоминералды тыңайтқыш енгізу топырақты мұнай мен мұнайөнімдерінен тазартуда тиімді ықпал ететінін көрсетті. Зертханалық тәжірибе барысында Ассоциация II органо-минералды тыңайтқышпен бірге және органоминералды тыңайтқышсыз да мұнай және мұнайөнімдерін деструкциялауда жоғары нәтиже көрсеткенін анықтады.

Түйін сөздер: мұнайтотықтырғыш бактериялар, биоремедиация, деструкция, мұнай, мұнайөнімдері, органо-минералды тыңайтқыштар.

Спанкулова Г.А., Саданов А.К.*
ТОО «Научно-производственный центр микробиологии и вирусологии», Алматы, Казахстан
e-mail: gulzhan_aspan@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ ВОЗМОЖНОСТИ АССОЦИАЦИЙ НА ОСНОВЕ НЕФТЕОКИСЛЯЮЩИХ БАКТЕРИЙ ДЛЯ ОЧИСТКИ ПОЧВ, ЗАГРЯЗНЕННЫХ НЕФТЬЮ И НЕФТЕПРОДУКТАМИ.

Аннотация

Рассмотрен лабораторный модельный эксперимент по очистке почвы, загрязненной нефтью и нефтепродуктами, с помощью активных ассоциаций на основе нефтеокисляющих бактерий-деструкторов. Нефть и нефтепродукты относятся к наиболее распространенным загрязнителям биосферы. Проблема очистка окружающей среды от нефтяных загрязнений приобретает все большую остроту в связи с ограниченностью возможностей (точнее экологического вреда) применения для этих целей механических и физико-химических способов очистки. В связь, с этим в последнее время все больше внимание ученых привлекает биологический метод очистки от нефтяных загрязнений. Биологический метод основан на применение микроорганизмов, способных использовать углеводороды нефти и нефтепродуктов в качестве единственного источника углерода. Лабораторный модельный эксперимент проведен с активными ассоциациями: Ассоциация I (*Rhodococcus sp.* 1D/1, *Tessaracoccus sp.* 13/8, *Dietzia sp.* 13/4) и Ассоциация II (*Gordonia sp.* 12/5, *Dietzia sp.* 12/7, *Rhodococcus erythropolis* 14/1, *Arthrobacter sp.* 15/3) и совместным внесением органоминеральных удобрений (NPK + навоз) с этими ассоциациями. Результаты эксперимента показали, что внесение органо-минеральных удобрений с активными ассоциациями на основе нефтеокисляющих бактерий оказывает эффективное воздействие на очистку почвы от нефти и нефтепродуктов. В ходе лабораторного эксперимента Ассоциация II показала высокие результаты по утилизацию нефти и нефтепродуктов с применением и без применения органоминеральных удобрений.

Ключевые слова: нефтеокисляющие бактерии, биоремедиация, деструкция, нефть, нефтепродукты, органоминеральные удобрения.

G. Spankulova, A. Sadanov*
LLP "Research and Production Center for Microbiology and Virology", Almaty, Kazakhstan
e-mail: gulzhan_aspan@mail.ru

STUDY OF THE POSSIBILITY OF ASSOCIATIONS BASED ON OIL OXIDIZING BACTERIA TO CLEAN UP SOIL CONTAMINATED BY OIL AND OIL PRODUCTS

Abstract

The article discusses a laboratory model experiment on cleaning soil contaminated with oil and petroleum products using active associations based on oil-oxidizing bacteria-destructors. Oil and petroleum products are among the most common pollutants of the biosphere. The problem of cleaning the environment from oil pollution is becoming increasingly acute due to the limited possibilities (more precisely, environmental harm) of using mechanical and physico-chemical cleaning methods for these purposes. In this regard, recently the biological method of cleaning up oil pollution has attracted more and more attention from scientists. A laboratory model experiment was carried out with active associations: Association I (Rhodococcus sp. 1D/1, Tessaracoccus sp. 13/8, Dietzia sp. 13/4) and Association II (Gordonia sp. 12/5, Dietzia sp. 12/7, Rhodococcus erythropolis 14/1,

Arthrobacter sp. 15/3) and joint application of organomineral fertilizers (NPK + manure) with these associations. The results of the experiment showed that the application of organo-mineral fertilizers with active associations based on oil-oxidizing bacteria has an effective effect on cleaning the soil from oil and oil products. During a laboratory experiment, Association II showed high results in the destruction of oil and petroleum products with and without the use of organomineral fertilizers.

Keywords: oil-oxidizing bacteria, bioremediation, destruction, oil, petroleum products, organomineral fertilizers.

Негізгі ережелер. Интенсивті мұнай өндіретін аймақтарда соңғы 10-15 жылдықтарда қоршаған ортаның айтарлықтай нашарлауы топырақтың деградациясына байланысты болды. Бұл негізінен мұнай және мұнай өнімдердінің төгілуі нәтижесінде мұнай өндіру процесінің барлық дерлік кезеңдерінде пайда болатын топырақтың ластануымен байланысты. Қоршаған ортаны ластанудан тазарту шараларының ішінде мұнайды жоюдың микробиологиялық әдістерін күшейту маңызды орын алады. Бұл жағдайда ластанған объектілердің табиғи микрофлорасын белсендіру мен бірге мұнай мен мұнайөнімдерін ыдыратуға қабілетті, белсенді бактерия штамдарынан құралған биопрепарататарды енгізудің маңызы зор. Биопрепартаттар жасау үшін мұнайтотықтырғыш микроорганизмдердің мұнай мен мұнайөнімдерін жоюға қабілетті белсенді штамдарын таңдап алып, солардың негізінде белсенді ассоциациялар құру қажет. Биологиялық әдістің тиімділігі зертханалық және далалық тәжірибелермен дәлелденеді, яғни табиғи ресурстарды көктем-жаз уақытында қолдануға қарамастан, пайдалану анағұрлым экологиялық және экономикалық жағынан тиімді.

Кіріспе. Мұнай және мұнай өнімдері қоршаған ортаны ластаушы заттардың ішінде ең көп таралған. Оның төгілуі организмдердің өлуіне, экожүйелердің қасиеттерінің өзгеруіне және олардың деградациясына әкеледі. мұнаймен ластану XX ғасырдың аяғында жаһандық масштабты мәселеге ие болды. Себебі, мұнай ең көп қолданылатын энергия көзіне айналды. Қазіргі заманғы мұнай өндірудегі шығын жылына ондаған миллион тоннаны құрайды. Мұнаймен ластанған аймақтардағы биоценоздардың өзін-өзі қалпына келтіру үрдісі өте ұзақ және 10-25 жылға созылады [1].

Экожүйедегі мұнайдың концентрациясын төмендететін көптеген әдістердің ішінде көмірсутекті тотықтырғыш микроорганизмдер: бактериялар, микроскопиялық саңырауқұлақтар және ашытқылар қатысатын табиғаттағы мұнай ыдырауының табиғи үрдістеріне негізделген биологиялық әдістер ең перспективті болып табылады. Биологиялық кәдеге жарату әдістері көміртегінің жалғыз көзі ретінде мұнай көмірсутектерін пайдалануға қабілетті микроорганизмдерді пайдалануға негізделген. Қоршаған ортаны ластанудан тазарту шараларының ішінде мұнайды жоюдың микробиологиялық әдістерін күшейту маңызды орын алады. Бұл жағдайда ластанған объектілердің табиғи микрофлорасын белсендіру ғана емес, сонымен қатар белсенді мұнай деструкциялаушы-штамдар негізінде құрылған биологиялық препараттарды енгізу ұсынылады.

Мұнаймен ластанған топырақты рекультивациялауда минералды және органикалық тыңайтқыштарды қолдану қажеттілігі туралы көптеген авторлардың пікірлері сәйкес келеді, бірақ ұсынылған тыңайтқыштардың мөлшері айтарлықтай өзгереді. Табиғи жағдайда көмірсутектерді жою процесі көбінесе қолайсыз экологиялық жағдайлармен шектеледі. Белгілі бір элементтері жоқ микроорганизмдерде көмірсутектотықтыру белсенділігінің күрт төмендеуі байқалады, бұл биоремедиация процесінің тоқтауына әкеледі [2]. Бұндай жағдайда зертханалық тәжірибелер барысында ластанған топырақ үлгілерін пайдалану, ластанған нысанға қанша мөлшерде және анық қандай кешендер енгізу керектігі анықталады, яғни ластаушыларды ыдыратуға қабілетті микроорганизмдердің өсімін реттейді. Мұнаймен ластануды

жоюды тездету үшін минералды тыңайтқыштар [3, 4], мысалы, нитроаммофоска, құрамында азот, фосфор, калий, сондай-ақ органикалық тыңайтқыштар - көң қолданылады [5].

Зерттеу жұмысының мақсаты - мұнайтотықтырғыш бактериялар негізінде құралған ассоциациялардың мұнай мен мұнай өнімдерімен ластанған топырақты тазарту бойынша модельдік зерттеулер жүргізу.

Материалдар мен әдістер. Құрылған ассоциациялардың мұнай деградациясына әсерін зерттеу үшін модельдік тәжірибелер жүргізу үшін Қызылорда облысының таза топырағы қолданылды. Ыдысқа 300 г топырақ салынды, содан кейін көлемі бойынша 5% және 10% мөлшерінде мұнай және мұнайөнімдерімен (мазут, дизельді отын) жасанды түрде ластанды. Содан кейін органикалық -минералды тыңайтқыштары суспензия түрінде қосылды (ОМТ-органо-минаралды тыңайтқыш - Нитроаммофоска NPK + көң). ОМТ ластанудан 7 күн өткен соң енгізілді. Титрі 10^9 жасуша/мл болатын микроорганизмдердің суспензиясы 5 мл мөлшерінде енгізілді. Топырақты ылғалдандыру және қопсыту кезеңді түрде жүргізіліп отырды. Тәжірибе бөлме температурасында (22-28 °С) табиғи жарық жағдайында 90 күн бойы жүргізілді, тұрақты суару жүргізілді. Топырақтан сынама алу микробиологиялық және физика-химиялық анализге топырақ сынамаларын алу мен дайындаудың белгіленген әдісіне [6, 7] сәйкес жүргізілді.

Кесте 1– *Мұнай және мұнай өнімдерінің модельдік тәжірибесінің үлгілерінің тізімі*

Р/н	**Үлгілер**
1	**2**
1	Бақылау 1 (Таза топырақ)
1	**2**
2	Бақылау 2 (Топырақ + 5 % мұнай)
3	Топырақ + 5 % мұнай + Ассоциация I
4	Топырақ + 5 % мұнай + Ассоциация II
5	Бақылау 3 (Топырақ + 5 % мұнай + ОМТ
6	Топырақ + 5 % мұнай +Аассоциация I + ОМТ
7	Топырақ + 5 % мұнай + Ассоциация II + ОМТ
8	Бақылау 4 (Топырақ + 5 % мазут)
9	Топырақ + 5 % мазут + Ассоциация I
10	Топырақ + 5 % мазут + Ассоциация II
11	Бақылау 5 (Топырақ + 5 % мазут + ОМТ)
12	Топырақ + 5 % мазут + Ассоциация I + ОМТ
13	Топырақ + 5 % мазут + Ассоциация II + ОМТ
14	Бақылау 6 (Топырақ + 5 % ДО)
15	Топырақ + 5 % ДО(дизельді отын) + Ассоциация I
16	Топырақ + 5 % ДО + Ассоциация II
17	Бақылау 7 (Топырақ + 5 % ДО + ОМТ)
18	Топырақ + 5 % ДО + Ассоциация I + ОМТ
19	Топырақ + 5 % ДО + Ассоциация II + ОМТ
20	Бақылау 2^1 (Топырақ + 10 % мұнай)
21	Топырақ + 10 % мұнай + Ассоциация I
22	Топырақ + 10 % мұнай + Ассоциация II
23	Бақылау 3^1 (Топырақ + 10 % мұнай + ОМТ)

24	Топырақ + 10 % мұнай + Ассоциация I + ОМТ
25	Топырақ + 10 % мұнай + Ассоциация II + ОМТ
26	Бақылау 4^1 (Топырақ + 10 % мазут)
27	Топырақ + 10 % мазут + Ассоциация I
28	Топырақ + 10 % мазут + Ассоциация II
29	Бақылау 5^1 (Топырақ + 10 % мазут + ОМТ)
30	Топырақ + 10 % мазут + Ассоциация I + ОМТ
31	Топырақ + 10 % мазут+ Ассоциация II + ОМТ
32	Бақылау 6^1 (Топырақ + 10 % ДО)
33	Топырақ + 10 % ДО + Ассоциация I
34	Топырақ + 10 % ДО + Ассоциация II
35	Бақылау 7^1 (Топырақ + 10 % ДО + ОМТ)
36	Топырақ + 10 % ДО + Ассоциация I + ОМТ
37	Топырақ + 10 % ДО + Ассоциация II + ОМТ

Зертханалық модельдік тәжірибеде мұнай мен мұнай өнімдерінің деструкциялану дәрежесі 1 және 3 айдан кейін гравиметриялық әдіспен анықталды [8].

Нәтижелер. Топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластану нәтижесінде топырақтың азот режимінің бұзылуы негізгі қоректік заттардың мөлшерінің төмендеуіне әкеледі. Топырақтың биогенді элементтермен - азотпен, фосформен және калиймен қамтамасыз етілуі мұнай және өнімдерін өңдеуде олардың ыдырау жылдамдығын анықтайтын маңызды фактор екені белгілі. Биогенді заттардың жетіспеушілігін топыраққа минералды тыңайтқыш- тарды енгізу арқылы толтыру керек. Көмірсутектердің ең қарқынды ыдырауы құрамында NPK бар тыңайтқыштар кешенін көңмен бірге енгізгенде болады [9, 10]. Әдебиеттердегі мәліметтер бойынша [11, 12, 13, 14] азот-фосфор тыңайтқышымен өңдеу топырақтың абори- генді мұнайтотықтырғыш микрофлорасын ынталандыратыны белгілі. Сондықтан тәжірибеде ассоциациялармен бірлесіп органоминералды тыңайтқыштар (азофоска (нитроаммофоска) және көң) қолданылды.


Бізде зерттеу жұмысымызда зертханалық модельдік тәжірибемізді белсенді ассоциациялармен бірге органоминералды тыңайтқыштарды (NPK + көң) бірге енгізу және органоминералды тыңайтқыштарсыз тек ассоциациялардың өздерін ғана енгізу арқылы жүргіздік.

Топырақтағы мұнай мен мұнай өнімдерін деструкциялау бойынша модельдік тәжірибені жүргізу үшін келесі белсенді 2 ассоциация таңдалды:

1. *Rhodococcus sp.* 1D/1, *Tessaracoccus sp.* 13/8, *Dietzia sp.* 13/4 штамдарынан құралған - Ассоциация I-;

2. *Gordonia sp.* 12/5, *Dietzia sp.* 12/7, *Rhodococcus erythropolis* 14/1, *Arthrobacter sp.* 15/3 штамдарынан құралған - Ассоциация II.


1 және 3 айдан кейін таңдап алынған ассоциациялар мен ОМТ қосылған ассоциациялардың көмегімен топырақтың мұнай мен мұнайөнімдерінен тазартылу дәрежесі анықталды. Зерттеу нәтижелері тек қана ассоциациялар бар нұсқаларда топырақтағы мұнайдың жойылу дәрежесі оның 5% ластану мөлшерінде 1 айдан кейін 52,8-55,8% және 3 айдан кейін 62,4-68,1% құрайтынын көрсетті. Бақылау үлгілерінде мұнайдың мөлшері өздігінен микрофлораның дамуына байланысты сәйкесінше 21,7% және 25,8% төмендеді (Сурет - 1).



Сурет– 1. 1 және 3 айдан кейін 5% ластану кезінде белсенді ассоциацияларымен мұнайдың деструкциялану дәрежесі

Ассоциациямен бірлесіп ОМТ енгізу топырақты мұнайдан тазарту қарқынының артуына ықпал етті. Мәселен, бір айдан кейін мұнай мөлшері 61,4-68,4%-ға, ал үш айдан кейін 78,47-85,7%-ға төмендеді. ОМТ қосылған бақылау нұсқасында топырақтағы мұнайдың жойылу дәрежесі 3 айдан кейін 8,8%-ға өсті.


Топырақтағы мазуттың жойылу дәрежесі оның 5% мөлшерінде 3 айдан кейін тек ассоциациялардың өздерін ғана енгізу кезінде 55,4-62,4% және ассоциациялар мен бірге ОМТ енгізу кезінде 75,8-83,1% құрады (Сурет - 2).



Сурет –2. 1 және 3 айдан кейін 5% ластану кезінде белсенді ассоциацияларымен мазуттың жойылу дәрежесі

Бақылау үлгілерінде осы уақыт аралығында мазут мөлшері 25,8%-ға азайған. ОМТ қосу өздігінен микрофлораның белсендірек дамуына ықпал етті, бұл тазарту дәрежесінің 5,6%-ға артуына әкелді.


Құрамында 5% болған дизельді отынның топырақта жойылуы белсендірек болды және тәжірибелік нұсқаларда 1 айдан кейін 59,2-67,7% және 3 айдан кейін 67,2-83,1% құрады (Сурет - 3).




Сурет –3. 1 және 3 айдан кейін 5% ластану кезінде белсенді ассоциацияларымен дизельді отынның жойылу дәрежесі

Бақылау үлгілерінде дизель отынының мөлшері сәйкесінше 28,9% және 34,1% төмендеді. Ластанған топыраққа ОМТ қосқанда мұнай өнімінің жойылу дәрежесі 30,7% және 35,7% дейін өсті.


Топырақтағы мұнай мен мұнай өнімдерінің құрамының 10%-ға дейін артуы кезінде ассоциациялар өздерінің жоғары белсенділігін сақтап қалды. Үш айдағы мұнайдың төмендеуі ассоциацияларды ОМТ-сыз және ОМТ-пен бірге енгізу кезінде тиісінше 52,3- 56,8% және 66,2-72,1% құрады. Осы уақыт аралығында топырақтағы мазут мөлшері 47,2- 68,8%-ға, ал дизельдік отын 65,2-78,4%-ға төмендеді (Сурет - 4).



а)



ә)



б)

Сурет – 4. Белсенді ассоциациялардың 1 және 3 айдан кейін 10 % ластану деңгейіндегі көмірсутектерді деструкциялау дәрежесі

Ескерту: а –мұнай, ә – мазут, б – дизельді отын.

Тәжірибе нәтижелері мұнай және мұнай өнімдерімен 5% және 10% ластану кезінде мұнайтотықтырғыш микроорганизмдерден құралған ассоциациялармен бірге ОМТ (органоминералды тыңайтқыштар) енгізу топырақты мұнай мен мұнай өнімдерінен тазартуда тиімді болатынын көрсетті.

Талқылау. Топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластану нәтижесінде топырақтың азот режимінің бұзылуы негізгі қоректік заттардың мөлшерінің төмендеуіне әкеледі. Топырақтың биогенді элементтермен - азотпен, фосформен және калиймен қамтамасыз етілуі мұнай және өнімдерін өңдеуде олардың ыдырау жылдамдығын анықтайтын маңызды фактор екені белгілі. Биогенді заттардың жетіспеушілігін топыраққа минералды тыңайт- қыштарды енгізу арқылы толтыру керек. Көмірсутектердің ең қарқынды ыдырауы құра- мында NPK бар тыңайтқыштар кешенін көңмен бірге енгізгенде болады [9, 10]. Әдебиет- тердегі мәліметтер бойынша [11, 12, 13, 14] азот-фосфор тыңайтқышымен өңдеу топырақтың аборигенді мұнайтотықтырғыш микрофлорасын ынталандыратыны белгілі. Сондықтан тәжірибеде ассоциациялармен бірлесіп органоминералды тыңайтқыштар (азофоска (нитроаммофоска) және көң) қолданылды.

Жүргізілген зертханалық модельдік тәжірибеде ОМТ мен мұнайтотықтырғыш микроорганизмдер ассоциациялары мен бірлесіп қолдануда 3 айдың ішінде топырақтағы мұнай мен мұнайөнімдерінің мөлшері сәйкесінше 5% және 10% ластану кезінде айтарлықтай азайды. Зертханалық модельдік тәжірибеде *Gordonia sp.* 12/5, *Dietzia sp.* 12/7, *Rhodococcus*

erythropolis 14/1, *Arthrobacter sp.* 15/3 деструктор-бактериялар негізіндегі Ассоциация II ең жоғары белсенділік танытты.

Қорытынды. Зертханалық модельдік тәжірибеде мұнайтотықтырғыш микроорганизмдер ассоциациялары мен органоминералды тыңайтқыштарды бірлесіп қолдану топырақты мұнай мен мұнай өнімдерінен тиімді тазартуға ықпал еткенін көрсетті. Үш айдың ішінде топырақтағы мұнай мен мұнай өнімдерінің мөлшері сәйкесінше 5% және 10% ластану кезінде 62,4-85,7% және 60,1-78,4% төмендеді. Бұл ретте ассоциация II жоғары белсенділік танытты. Зертханалық модельді тәжірибеде белсенділік танытқан ассоциациялар мұнай және мұнайөнімдерімен ластанған топырақтарды биоремедиациялау үшін қолданылатын биологиялық препараттар жасаудың негізі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Мязин В.А., Фокина Н.В. Исследование эффективности различных способов биологической рекультивации почв, загрязненных нефтепродуктами, в климатических условиях Кольского полуострова // Современные проблемы загрязнения почв: Сб. материалов IV Межд. научн. конф. Москва, Изд. МГУ, 2013. С. 402-406.*

2. *Godleads O.A., Prekeyi T.F., Samson E.O., Igelenyah E. Bioremediation, Biostimulation and Bioaugmention: A Review // International Journal of Environmental Bioremediation & Biodegradation. – 2015. - Vol. 3, № 1. - P. 28-39.*

3. *Пунтус И.Ф., Рязанова Л.П., Звонарев А.Н. и др. Роль минеральных фосфорных соединений в процессе биодеградации нафталина бактериями Pseudomonas putida // Прикладная биохимия и микробиология. – 2015. – Т. 51, № 2. – С. 198-205.*

4. *Попов А.И. Биологическая рекультивация буровых площадок в Ненецком АО // Матер. междунар. конф. «Антропогенная трансформация природной среды». - Пермь: Пермский гос. ун-т., 2010. - Т.3. – С.245-247.*

5. *Smith E., Thavamani P., Ramadass K., Naidu R., Srivastava P., and Megharaj M. Remediation trials for hydrocarbon-contaminated soils in arid environments: evaluation of bioslurry and biopiling techniques. // Int. Biodeterior. Biodegradation. - 2015. - Vol. 101. - P.56–65*

6. *Практикум микробиологии / Под ред. Н.С. Егорова. –М.: Ademia, 2005, - С. 597.*

7. *Другов Ю.С., Родин А.А. Экологические анализы при разливах нефти и нефтепродук тов: практическое руководство. - М: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2012. - 270 с.*

8. *Лурье Ю.Ю. Аналитическая химия промышленных сточных вод. – М.: Химия, 1984. – с. 450*

9. *Сулейманов Р.Р., Абдрахманов Т.А., Жаббаров З.А., Турсунов Л.Т. / Ферментативная активность и агрохимические свойства лугово-аллювиальной почвы в условиях нефтяного загрязнения // Известия Самарского научного центра РАН. – 2008. – Т.10, №2. – С. 294-298.*

10. *Fabianska M. Biodegradation of brown coals caused by fungi and bacteria // J. Planar Chromatography. 2015. V. 13. P. 20.*

11. *Hamdi H., Benzarti S., Manusadžianas L., Aoyama I., Jedidi N. Bioaugmentation and biostimulation effects on PAH dissipation and soil ecotoxicity under controlled conditions / H. Hamdi, // Soil Biology and Biochemistry. – 2007. – V. 39, № 8. – P. 1926–1935.*

12. *Chaudhary D.K., Bajagain R., Jeong S.W., Kim J. Biodegradation of diesel oil and n- alkanes (C_{18}, C_{20}, and C_{22}) by a novel strain Acinetobacter sp. K-6 in unsaturated soil // Environmental Engineering Research 2020. № 25(3). - P. 290-298*

13. *Lee S.-H., Oh B.-I., Kim J.-G. Effect of various amendments on heavy mineral oil bioremediation and soil microbial activity // Biores. Technol. – 2008. – V. 99, No 7. –P. 2578–2587.*

14. *Вержичинская С.В. Химия и технология нефти и газа. М.: ИНФРА-М, 2007. 400 с.*

References:

1. Myazin V.A., Fokina N.V. Issledovaniye effektivnosti razlichnykh sposobov biologicheskoy rekul'tivatsii pochv, zagryaznennykh nefteproduktami, v klimaticheskikh usloviyakh Kol'skogo poluostrova // Sovremennyye problemy zagryazneniya pochv: Sb. materialov IV Mezhd. nauchn. konf. Moskva, Izd. MGU, 2013. pp. 402-406

2. Godleads O.A., Prekeyi T.F., Samson E.O., Igelenyah E. Bioremediation, Biostimulation and Bioaugmention: A Review // International Journal of Environmental Bioremediation & Biodegradation. – 2015. - Vol. 3, № 1. - pp. 28-39.

3. Puntus I.F., Ryazanova L.P., Zvonarev A.N. i dr. Rol' mineral'nykh fosfornykh soyedineniy v protsesse biodegradatsii naftalina bakteriyami Pseudomonas putida // Prikladnaya biokhimiya i mikrobiologiya. – 2015. – T. 51, № 2. – pp. 198-205.

4. Popov A.I. Biologicheskaya rekul'tivatsiya burovykh ploshchadok v Nenetskom AO // Mater. mezhdunar. konf. «Antropogennaya transformatsiya prirodnoy sredy». - Perm': Permskiy gos. un-t., 2010. - T.3. – pp.245-247.

5. Smith E., Thavamani P., Ramadass K., Naidu R., Srivastava P., and Megharaj M. Remediation trials for hydrocarbon-contaminated soils in arid environments: evaluation of bioslurry and biopiling techniques. // Int. Biodeterior. Biodegradation. - 2015. - Vol. 101. – pp.56–65

6. Praktikum mikrobiologii / Pod red. N.S. Yegorova. –M.: Ademia, 2005, - 597 P.

7. Drugov YU.S. Rodin A.A. Ekologicheskiye analizy pri razlivakh nefti i nefteproduktov: prakticheskoye rukovodstvo. M: BINOM. Laboratoriya znaniy, 2012. - 270 P.

8. Lur'ye YU.YU. Analiticheskaya khimiya promyshlennykh stochnykh vod. – M.: Khimiya, 1984. – 450 P.

9. Suleymanov R.R., Abdrakhmanov T.A., Zhabbarov Z.A., Tursunov L.T. / Fermentativnaya aktivnost' i agrokhimicheskiye svoystva lugovo-allyuvial'noy pochvy v usloviyakh neftyanogo zagryazneniya // Izvestiya Samarskogo nauchnogo tsentra RAN. – 2008. – T.10, №2. – S. 294-298.

10. Fabianska M. Biodegradation of brown coals caused by fungi and bacteria // J. Planar Chromatography. 2015. V. 13. P. 20.

11. Hamdi H., Benzarti S., Manusadžianas L., Aoyama I., Jedidi N. Bioaugmentation and biostimulation effects on PAH dissipation and soil ecotoxicity under controlled conditions / H. Hamdi, // Soil Biology and Biochemistry. – 2007. – V. 39, № 8. – P. 1926–1935.

12. Chaudhary D.K., Bajagain R., Jeong S.W., Kim J. Biodegradation of diesel oil and n-alkanes (C18, C20, and C22) by a novel strain Acinetobacter sp. K-6 in unsaturated soil // Environmental Engineering Research 2020. № 25(3). - R. 290-298

13. Lee S.-H., Oh B.-I., Kim J.-G. Effect of various amendments on heavy mineral oil bioremediation and soil microbial activity // Biores. Technol. – 2008. – V. 99, No 7. –P. 2578– 2587.

14. Verzhichinskaya S.V. Khimiya i tekhnologiya nefti i gaza. M.: INFRA-M, 2007. 400 s.

ҒТАМР 70.01.11 **https://doi.org10.51889/3005-6217.2024.80.2.016**

Г.Ә. Момбай , Н.Д. Шакирова*
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан
e-mail: mombay.glbanu@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМСІЗ ПАЙДАЛАНУ САЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанда су ресурстарының тиімсіз пайдалану салдары қарастырылып, алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар жасалынады. Бұл зерттеудің мақсаты - еліміздің географиялық орналасуына байланысты, трансшекаралық су ресурстарының таралуын және еліміз үшін экономикалық, әлеуметтік әсерін зерттеу. Қазіргі таңда су ресурстары, еліміздің тұрақты даму стратегиясының маңызды элементтерінің біріне айналып отыр. Су – бұл адамзат үшін, орны бөлек ресурс. Бүкіл әлемнің дамуы тікелей сумен байланысты. Соның ішінде халықтың өсіп-өнуі, экономиканың дамуы, жалпы ішкі және сыртқы өнімі барлығы сумен тығыз байланысты. Сол себепті су ресурстарының Қазақстанға әсері сипатталады. Сондай-ақ, мақалада «Тұрақты даму» концепциясының алтыншы мақсатында қарастырылған, су ресурстарын дұрыс пайдалануы, әсіресе тұщы су көзін дұрыс қолдану, санитарияны сақтау талаптары жайлы және қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылған халықтың үлесі, тұщы судың қолданыстағы қорлары, тұщы су алу пайызы жайлы статистикалық мәліметтер беріліп өтіледі. Сонымен қатар су ресурсарының тиімсіз пайдалу салдарлары, трансшекаралық келісімдер қарастырылды. Және 11-сынып география оқулығынан су тапшылығы бойынша 2040 жылға арналған болжамдық карта қарастырылады. Қазақстан – географиялық орналасуына байланысты, барлық ірі өзендердің төменгі сағасында орналасқан мемлекет. Елімізге су ресурстарының жетіспеуі, ең алдымен, осы трансшекаралық өзендерге тікелей байланысты. Мақалада трансшекаралық өзендерден бөлек, республика аумағында орналасқан су жүйелерін дұрыс пайдалану жайлы ұсыныстар қарастырылады.

Жалпы мақалада су ресурстарын біріктірілген басқару жүйесіне анықтама беріліп, тұрақты даму бойынша, су ресурстарын дұрыс қолдану негізінде талдау жасалынады. Өзен жүйелерінің еліміздегі пайыздық көрсеткіші графикалық модельмен көрсетіледі. Су ресурстары бойынша біріктірілген басқару жүйесі қарастырылып, су тапшылығын азайту жолдары ұсынылады. Олар су ресурстарына байланысты елімізде жасалынып жатқан ұлттық жоспарлар мен тұжырымдамалар негізінде жасалған.

Түйін сөздер: Су ресурстары, ұлттық қауіпсіздік, тұрақты даму, жасыл экономика.

Момбай Г.А. , Шакирова Н.Д.*
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
e-mail: mombay.glbanu@mail.ru

ПОСЛЕДСТВИЯ НЕЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются последствия неэффективного использования водных ресурсов в Казахстане, даются рекомендации по профилактическим мерам. Целью данного исследования является изучение распределения трансграничных водных ресурсов и их экономического и социального воздействия на нашу страну в зависимости от ее географического

положения. В настоящее время водные ресурсы становятся одним из важнейших элементов стратегии устойчивого развития страны. Вода – уникальный ресурс для человечества. Развитие всего мира напрямую связано с водой. Среди них рост населения, экономическое развитие, общее внутреннее и внешнее производство тесно связаны с водой. Таким образом, описано влияние водных ресурсов на Казахстан. Вопросы в статье исходят из шестой цели концепции «Устойчивого развития»: правильное использование водных ресурсов, в особенности правильное использование источников пресной воды; доля населения, организованная с соблюдением требований санитарии и безопасность; текущие запасы пресной воды, процент потребления пресной воды. Кроме того, были рассмотрены последствия неэффективного использования водных ресурсов, трансграничные соглашения. Анализирована карта-прогноз на 2040 год по дефициту воды из учебника географии для 11 класса. Ведь по географическому положению Казахстан является страной, расположенной в нижнем устье всех крупных рек. Недостаток водных ресурсов в нашей стране напрямую связан с этими трансграничными реками. Помимо трансграничных рек, в статье рассмат- риваются рекомендации по правильному использованию водных систем, расположенных на территории республики.

В целом в статье рассмотрена интегрированная система управления водными ресурсами с помощью графической модели и предложены пути снижения дефицита воды. Раскрыты проблемы связанные с водными ресурсами в контексте национальных планов и концепций.

Ключевые слова: Водные ресурсы, национальная безопасность, устойчивое развитие, зеленая экономика.

G.Mombay, N.Shakirova*
Abai Kazakh National Pedagogical University,Almaty, Kazakhstan
e-mail: mombay.glbanu@mail.ru

CONSEQUENCES OF INEFFECTIVE USE OF WATER RESOURCES IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article examines the consequences of inefficient use of water resources in Kazakhstan, makes recommendations on preventive measures. The purpose of this study is to study the distribution of transboundary water resources and their economic and social impact for our country, depending on the geographical location of our country. Currently, water resources are becoming one of the most important elements of the country's sustainable development strategy. Water is a unique resource for humanity. The development of the whole world is directly related to water. Among them, population growth, economic development, general domestic and foreign production are all closely related to water. Therefore, the impact of water resources on Kazakhstan is described. Also, in the article, the sixth goal of the concept of "Sustainable development" is considered, the correct use of water resources, especially the correct use of fresh water sources, the share of the population organized in compliance with the requirements of sanitation and safety, the current reserves of fresh water, the percentage of fresh water intake. information will be provided. In addition, the consequences of inefficient use of water resources, transboundary agreements were considered. And a forecast map for 2040 on water shortage from the 11th grade geography textbook will be considered. Due to its geographical location, Kazakhstan is a country located at the lower mouths of all major rivers. Lack of water resources in our country is directly related to these transboundary rivers. In addition to transboundary rivers, the article deals with recommendations on the proper use of water systems located on the territory of the republic.

In general, the article defines the integrated management system of water resources and analyzes it on the basis of sustainable development and proper use of water resources. The percentage of river systems in the country is shown by a graphic model. An integrated management system of water resources is considered, and ways to reduce water shortage are suggested. Also, national plans and concepts being developed in the country related to water resources are considered. Problems related to water resources in our country are widely disclosed.

Keywords: Water resources, national security, sustainable development, green economy.

Негізгі ережелер «Қазақстанда су ресурстарын тиімсіз пайдалану салдарлары» тақырыбындағы мақаланың негізгі ойы, елімізде болып жатқан су ресурстарын тиімсіз пайдалану салдарларына байланысты ұсыныстар енгізу. Зерттеу, талдау арқылы біршама мәселелер қарастырылды.

Кіріспе. Қазіргі таңда су ресурстарын тұрақты пайдалану ең өзекті мәселеге айналып тұр. Су ресурстары экономикамен, қоғаммен тығыз байланысты. Президентіміз Қасым- Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа жолдауында, еліміздің экономикалық дамуына су ресурстарының үлесі көп екенін, және суды дұрыс пайдалану, ысырапшылдыққа жол берілмеу керектігін айтып өткен болатын. Судың қазіргі таңда қырық пайызының құмға сіңіп кетіп жатқандығын және трансшекаралық өзендердің мөлшерінің азайып бара жатқандығына тоқталды. Жыл өткен сайын еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымыз тұрақталып, алдыңғы дамушы елдердің қатарынан көрінудеміз. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері,елімізде бала санының туылуы да, жыл сайын артып келеді, бұл әлеуметтік жағынан қарасақ қуантарлық жағдай, ал екінші жағынан қарасақ еліміздегі тұрғындар санының артуы, су ресурстарын көбірек пайдалуды қажет ететіні де белгілі. Себебі еліміз құрлықішілік, трансшекаралық мемлекет болғандықтан судың жетіспеушілігі болашақта айқын білінуі мүмкін. Сол себепті президентіміз су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу, 20 жаңа бөген салу, 15 су қоймасын күрделі жөндеуден өткізу, 2027 жылға қосымша екі км^3 суға қол жеткізу міндетін қойып отыр. Президентіміз еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес екендігіне тоқталды. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылу керектігін, министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс бастау қажеттілігіне де тоқталды. Еліміздегі "Қазсушар", "Нұра топтық су құбыры" және басқа да негізгі компанияларда жаңарту және жаңа реформалар енгізу керектігі, материалдық жағдайын жақсартып, кадр мәселесін шешу керектігі жайлы айтылған болатын [1].

